— Сенбесеніз келіп көріңіз! Міне, қазаныңыздың баласы,— деп Қожанасыр байдың қазанының ішінен бір кішкене қазанды алып көрсетеді. Бұл — Қожанасырдың: "Бай не айтар екен?"— деп әдейі әкелген өз қазаны еді. "Бірақ кішкене қазанымды өзіме қайтарып берер",— деп ойлаған еді ол. Қолына түскен олжадан бай тегін айырылар ма?

— Уа, Қожа, рахмет, сау бол! Керек болса, қазанды таға да алып туруыңа болады,— дейді бай көңілденіп.

Бір қазаны екеу болған соң көңілденбей қайтсін! Қожа қазансыз қалады.

Бірақ амал не? Әкелген — өзі. Қазанын таға да сұрай келеді.

— Алыңыз, алыңыз Қожеке!— дейді, қазаны қазан туып, дөңдеп қалған бай. "Бұл жолы да Қожанасыр қазанымның ішіне бір нәрсе салып әкелер",— деп ойлайды, араны ашылған бай. Қожа байдың қазанын қайтармай қалады. Бір күні өтеді, екі күн өтеді, үшінші күні бай қазанын өзі іздеп келеді.

— Уа, Қожа, қазаным қайда?— дейді бай, есіктен кірген бойда.

— Байеке, айыпқа бұйыра көрмеңіз! Қазаныңыз екі күн ауырып, бүгін өледі. Қазір өзім барып сізге естіртіп, көңіл айтқалы отыр едім,— дейді Қожанасыр қынжылып.

Бай ашуланып, бұлқан-талкая болады.

— Акымақ! Не айтып отырсың? Қазан еле ме екен? Тез тауып бер!— деп акырады.

— Байеке сөкпеніз! Туа білген қазан өле де біледі. Мен акымақ емес, сен өзің акымақсың!— дейді. Бай сөзден жығылып, үйіне қайтып кетіпті.

ЗАНЯТИЕ 16

Кейінгі ықпал — Регрессивная ассимиляция

Түбір мен қосымшаның немесе сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың соңғысының алдыңғы дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатуын *кейінгі ықпал* дейміз.

Воздействие последующего звука на предыдущий (при этом предшествующий уподобляется последующему), которое имеет место как в пределах одного слова, так и между отдельными соседними друг с другом словами, называется *регрессивной ассимиляцией*.

Наиболее распространенные виды регрессивной ассимиляции: 1. Конечный Н корня, оказавшись перед б, п в произношении переходит в м, что не отражается на письме:

Кунанбай	(Произносится Құнанбай)
Құрманбай	(произносится Құрмамбай)
Жанпейіс	(произносится Жампейіс)

Сенбе (произносится сембе) конбады произносится комбады.

(Түбірдің соңғы *ы* дыбысы *б, п, в*, дыбыстарының алдынан келсе, *н* дыбысы өзгеріп *м* дыбысына айналады, жазуда бұл ескерілмейді).

2. Конечные -п, -к, -к корня под влиянием начальных гласных звуков окончаний превращаются в -б, -г, -г, и пишутся так, как слышатся: мектеп-мектебiм — моя школа, доп-добымыз — наш мяч, тілек-тілегіміз — наша просьба, тік-тігеді, жүрек-жүрегiм — мое сердце, тарақ-тарағым — моя расческа, орақ-срағың — твой серп, қақ-қағу — стучать, төк-төгу — вылить, қап-қабу — кусать, шап-шабады — скачет.

(Қосымшалар дауысты дыбыстан басталғанда, түбірдің сонындағы *п, к, с*, дыбыстары уяндап *б, г, гб* дыбыстарына айналады. Мұндайда сөздердің сонындағы дыбыстар өзгерген күйінде жазылады).

3. Если корень слова кончается на л и к нему присоединяется аффиксы -ып, -іп (п), то конечный согласный корня

произносится как -уп. В данном случае правописание совпадает с произношением, тап-тауып — находя, жап-жауып — закрывшись, шап-шауып — рубя, сеп-сеуіп — сея, қап-қауып — кусая, кеп-кеуіп; түбірдің соңғы дыбысы п больш оган *-ып, іп* қосымшасы жалғанса, айтылуда *п* дыбысы үнді у дыбысына айналады. Муиы айтылуы бойынша жазамыз.

4. Слова, оканчивающиеся на *-ы, -І* утрачивают эти гласные, принимая аффикс *-у*: оқы-оқу — читать (чтение учеба), тоқы-тоқу — ткать (вязать), ері-еру — таять (плавиться), кері-керу — растянуть.

Ы, І дыбыстарының біріне біткен түбірге у қосымшасы қосылса, жазуда *ы, І* дыбыстары түсіп қалады.

1-жаттығу. Қд рамен жазылған сөздердің түбір қалпындағы соңғы дыбысы қандай дыбыс екенін және оның жалғаулардың жалғауына байланысты өзгеру себебін айтып түсіндіріңдер.

1. Ақыл — адам көрігі, ақылдың сабыр серігі. (М. Ә).
2. Білместігімнен кылдым дегеннің көбіне нанбаймын. 3. Әнкің де естісі бар, есері бар. Тыңдаушының құлағын тесері бар. (Абай). 4. Өнер, білім — бәрі де оқуменен табылған. (Ы. Алт).

2-жаттығу. Кеп нүктенің орнына н, ц, м дыбыстарының тиістісін қойып көшіріңдер. Түбір мен қосымшаның аралығындағы көршілес дыбыстардың соңғысының алдығына ықпал етіп өзгертуін түсіндіріңдер. Сөздердің айтылуы мен жазылуының арасындағы айырмашылыққа назар аударыңдар.

1. Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен. Қиянатқа көнбе, әділетке атса да көн! (М. Әуезов).
2. Ерінбеген етікші болады. (Мақал).
3. Түңгі самая егін басын тербейді. (Қ. ПІақт).
4. Бұл оқиға сенбі күні басталды да, жексенбінің кешімен аяқталады. (М. Иман).
5. Жанға рақат түннің салқын самалы. (Қ. Шаңғ).
6. Токсанға келген жасым бар. Көпті көрген басым бар. (Жамбыл).
7. Біз болсақ, жүріп-тұруға піскен, көнбіс адамдармыз гой. (С. Шайм).

3-жаттығу. Бір сөз (біріккен сөз) Ішіндегі және сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың айтылуда өзгеру себебін және қалай үндесіп тұрғанын түсіндіріңдер.

Бозжігіт, Орынбай, Дүйсенбек, ақ, лак, көк аспан, көп ел, ақ үй, таныс шығар, күз жақын, теңіз суы, жүз сом, ток адам, жүз жол елец, бас штаб.

4-жаттығу. Мына төмендегі сөйлемдерден (асты сызылған сөздерден) кейінді ықпал занын көрсетіңдер.

1. Колхозшылар шөп шауып келді. (шап).
2. Асан мен Үсен кеуіп қалған шөптерді жинады. (кебу).

3. Асан сен току станогін құрастыр. (тоқы).
4. Үсен жолдан пышақ тауып алды. (тап).
5. Әрбір оқушы жеке басылшң тазалығыш сақтауға тиіс (оқы, тазалық).
6. Балаға себепсіз жеку киянат. (жекі-у)

КАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОГОВОРИМ ПО-КАЗАХСКИ

Сіз Шернияз Жарылгасұлы туралы не білесіз?
 Что вы знаете о Шерниязе Жарылгасове?

Шернияз Жарылгасұлы (1817-1881) 19 ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ақындардың бірі. Ол Исатай Таймановтың серігі және досы болды. Оның біраз өмірі Исатай жанында өтеді, батыр бастаған көтеріліске белсене қатысты, көтерілісшілерге жырымен қызмет етті. Исатай өлгеннен кейін Шернияз хан, сұлтандар қудалауынан қашып жүрді, кейін амалсыздан еліне келді. Баймағамбет султан оны сарай ақыны етпек болды, бірақ Шернияз бұрынғы бағытшан таймайды.

Шернияз — казак әдебиеті тарихында суырып салма және сатиралық өлендерге шебер ақындардың бірі. Ол "Ай Қазы би, Қазы би" деген термесінде зорлықшыл казак билері мен феодалдардың құлқыны мен бас пайдасы үшін ру мен ру арасына орт салып, қырқыстырып, ел берекесін кетіретінін көрсетеді. Ақын өзінің өлең-жырларында халықтың қона поэтикалық үлгілерін шебер пайдалана отырып, казак әдебиетінде сатиралық жанрдың дамуына үлес қосты. ол бір топ өлендерін халық батыры Исатай Таймановқа арнады, оның адамгершілігі мен ерлігін жырлады.

Ответьте на вопросы:

1. Ол қай кезде өмір сүрді?
2. Исатайға қалай көмектесті?
3. Өлең-жырларында кімдерді жырлады?
4. Біраз өлендерін кімге арнады?

ЗАНЯТИЕ 17

Лексика

Лексика — это раздел науки о языке, изучающий словарную систему, с другой стороны — совокупность всех слов языка. (Лексика — бір тілдегі барлық сөздердің жинағы деген ұғымды білдіреді).

Все слова языка образуют его словарный состав или лексику. (Лексика сөздік курам мен негізгі сөздік қорды тугел қамтиды).

Слова в языке находятся в тесной связи друг с другом. В соответствии с этим слово рассматривается как единица языка, обладающая совокупностью значений, которые по-разному, проявляются в речи.

Слова — это такие единицы речи, которые служат для обозначения наших понятий и представлений о предметах и явлениях окружающего мира, а также об отношениях между ними. Каждое слово имеет свою звуковую оболочку, определенный морфемный состав и известное лексическое значение.

Слова — это строительный материал языка, каждое слово что-либо обозначает. Поэтому нельзя знать язык, не зная слов. То, что обозначает слово, есть его лексическое значение. Значение и употребление слов разъясняются в толковых словарях.

Слова, имеющие несколько лексических значений, называются многозначными. Слова, имеющие одно лексическое значение, называются однозначными.

Лексика и фразеология казахского языка исследует особенности слова, словарный состав, происхождение и употребление отдельных слов, а также типы и значения устойчивых словосочетаний.

Лексика гректің lexikos деген сөзінен шыққан, оның казакша баламасы — сөздік. Лексика сөздердің мағыналары мен шыққан төркінін, сөздік жасау, сөздерді жүйелі түрде жинау ісін тұрақты сөз тіркестерін қарастырады.

Осыған орай лексиканың курамына сөздің құрылымын тексеретін лексикология, мағыналарын тексеретін — семасиология, шыққан төркінін тексеретін — лексикография кіреді.

Бұған фразеология да іргелесіп отырады.

Сөз бен мағына

Сөз — белгілі бір ұғымға берілген атау.

Сөздің сыртқы көрінісі (формасы) және ішкі мазмұны бар. Сөздің формасы — фонема бола тын дыбыстардың белгілі бір жүйеде айтылуы. Белгілі бір жүйеде айтылған дыбыстар гана сөз жасай алады. Сол себепті дыбысты сөздің материалы дейміз де, білгілі бір ұғымды білдіретін дыбыстарды сөз және оның көрінісі деп танымыз.

Сөздің мазмұны — оның мағынасы. Ол белгілі бір ұғымға негізделеді. Ұғым — түсінік, бір затш немесе құбылысты

танып, білу арқылы қалыптасқан жалпы дерек, мәлімет.

Мағына — ұғымның қалыптасқан, айқындалған түрі.

Сонымен, сөздің көрінісі (формасы)— дыбысталуы, сөздің мазмұны — мағынасы. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Дыбыссыз сез, сөзсіз мағына жоқ. Ал сөз мағынасы турлі-түрлі болады.

Сөздің тура және ауыспалы мағыналары

(Прямое и переносное значение слов)

Слова, помимо прямого значения, могут иметь переносные значения.

Новые значения слова появляются в результате переносного употребления его основного значения.

Перенесение значений происходит на основе сходства или смежности по пространственно-временным признакам и по признакам формы, цвета, материала, назначения и т. д.

Слово *мектеп* (школа) имеет значение оқу орыны — учебное заведение, переносное употребление этого слова может сопровождаться появлением нового значения "опыт, приобретенный в результате жизненной практики" (өмір мектебі — школа жизни, еңбек мектебі — школа труда). Он прошел хорошую школу жизни.— Ол жақсы өмір мектебін өтті.

Есіктің тұтқасы (тұтқа — есіктің қолға ұсталатын жері). Здесь прямое значение, а в предложении "Адам — өмір тұтқасы" (С. Мәу.) (тұтқа — сөзі тірек деген мағынаны білдіреді). В переносном значении.

1-жаттығу. Қара әріппен жазылған сөздердің қандай мағынада қолданылып тұрғанын айтыңдар.

1. Нысапсызға не керек істің ақ пен қарасы. (Абай). 2. База ралыны Оразбай үшін Тәкежан күйдіртсем десе де, сендер бермендер. 3. Абай бұл арада үлкен түйін түйілгенін білді. (М. Әуезов). 4. Аспан кою булттан айығып, таң белгі бере бастады. (С. Б.) 5. Науқасынан тез айығып кете алмады. (С. Кобеев).

2-жаттығу. Асты сызылған сөздердің қандай мағынада қолданылып тұрғанын айтыңдар.

1. Қан сонарда бүркітші шығады анга Тастан түлкі табылар андығанга (Абай).
2. Айлакерлікпек кун көріп жүрген ол бір түлкі.
3. Солтүстіктен .иккан суык ж ел күшейе түсті.

4. Суық хабарды естіп, оның қаңілі бұзыла бастады.
5. Қисық біткен ағаш.
6. Сөзге түсінбейтін қисық шал екенсің.

КАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙТК — ПОГОВОРИМ ПО-КАЗАХСКИ

Қалаларыңызда қандай жоғары оқу орындары бар?

Какие высшие учебные заведения имеются в вашем городе?

1. Әбу Насыр Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университеті.
2. Қазақ мемлекеттік ұлттық техникалық университеті.
3. Алматы сәулет-құрылыс академиясы.
4. Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институты.
5. Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық институты.
6. Қазақ мемлекеттік экономика академиясы.
7. Алматы теміржол транспорты инженерлері институты.
8. Алматы энергетика институты.
9. Қазақ Дене шынықтыру институты.
10. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты.
11. Құрмайғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы.
12. Алматы мемлекеттік театр-коркем сурет институты.
13. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика университеті.
14. Қазақ мемлекеттік элем тілдері университеті.
15. С. Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина институты.

Тема: БІЗДІҢ БӨЛМЕМІЗ

Біздің жатақхана жаңа, адемі, былтыр салынған. Асан екеуіміз университет жатақханасында тұрамыз. Жатақхана Абай данғылының бойында орналасқан. Біздің бөлме екінші қабатта. Бөлменің терезесі үлкен. Бөлмеіміздің ішінде екі кереует, жазу үстелі, этажерка және кішкене шкаф бар. Үстел үстінде: кітаптар, дәптерлер, қалам, қарындаш гар жатыр. Үстелдің жанында екі орындық тұр. Бұл жерде біз сабаққа дайындаламыз.

Менің керуетім он жақта, Асанның керуеті сол жаққа қойылған. Босағада шкаф, төрде айна ілулі тұр. Бөлмеімізді таза ұстаймыз.

Асан ағылшын факультетінің бірінші курсында оқиды. Ол күнде сағат жетідіс тұрады, терезені ашады, төсегін жинайды, ертенгілік жаттығумен шұғылданады. Содан кейін жуынады, киінеді.

Сағат жеті жарымда Асан ертіңгі тамағын ішіп, университетке кетеді. Оның сабағы сағат түскі 1-де бітеді. Ол қолы бос уақытында гимнастикамен айналысып жүр. Міне, бүгін де Асан гимнастикамен жаттығуға Орталық стадионға а кетті. Ал, мен бос уақытымда қызықты кітап оқуды жақсы көремін. Біздің бөлмеміз кең, жарық және жылы.

СӨЗДІК

жатақхана — общежитие	қабат — этаж
турамыз — живем	тер — почетное место
Асанның керуеті — кровать Асана	әдемі — красивый
бөлме — комната	кеч — просторный (-ая, -ое)
терезе — окно	жарық — светлый (-ая, -ое)
былтыр — в прошлом году	жылы — теплый (-ая, -ое)
жақа — новый	босаға — возле двери
айна — зеркало	

ЗАНЯТИЕ 18

Омонимдер. Синонимдер. Антонимдер.

Омонимы

Слова, одинаковые по звучанию и написанию, но совершенно разные по значению, называются омонимами. (Шығуы жағынан да, мағыға жағынан да басқа-басқа, тек айтылуы ғана бірдей сөздерді омоним сөздер дейміз).

Мысалы:

Қас — деген 4 сөздің бір-бірімен өзара мағыналық байланысы жоқ, сондықтан бұлар омоним болады.

1. Қас — адамның қабағындағы қас (бровь).
 2. Қас — дұшпан, жау (враг, классовый враг — тап жауы).
 3. Қас — бірдеменің жаны, маңы (үйдің қасы — оқоло, үйдің жанында — возле).
 4. Қас — ердің қасы (ерге ғана тән ұғымды білдіреді)— вражда, питать вражду к кому-либо.
- Қара деген сөздің 4 мағынасы бар.
1. Қара — түе мағынасы (қара шаш)— черные волосы.
 2. Қара — етістік мағынасы (бері қара)— смотри.
 3. Қара — ірі мал мағынасында (бес қарасы бар)— крупнорогатый скот.
 4. Қара — жаман мағынасында (қара ниет, қара жүрек)— черная душа.

Қара бояу — черная краска, қара сиыр — черная корова, сен маған қара — смотри на меня. Колхозда ірі қара

мал көп.— Крупного скота (коровы, лошади, верблюды) много в колхозе.

1-жаттығу. Кд рамен жазылған сөздер қандай ұғымдардың атауы екенін айтыңдар.

1. Бұл жұмыс сенің қолың емес. 2. Малың қолды болмағай-ақ. 3. Тас көмірдің қызуы күшті келеді. 4. Зауытта еңбек қызу дамуда. 5. Оның басы ауырып, қызуы көтеріліп, дәрігерге кетті. 6. Қызба сөйлеуден аулақ бол. 7. Қайнаған суда микроб болмайды. 8. Колхоз даласында қайнаған еңбек. 9. Досының айтқанына кулак, сал. 10. Құлақ, ауруын алдын ала қаратқан жөн. 11. Ол еш нәрсеге мойын бұрмай, екі көзін кітап бетіне қадаумен болды. 12. Әкем ағатайыма маған көз бола жүр деп қатты тапсырды.

Қарамен жазылған сөздердің мағыналарын анықтап, олардың қандай сөздер тобына жататынын айтыңдар.

2-жаттығу. Сейлемдерді оқып, олардың құрамындағы омонимдер сөздердің қайсысы қандай мағынаны білдіретінін айтыңдар.

ЕР I. Ей, жігіт, не қылсан да *ер* екенсің, Көргейсің ерлігіңнің берекесін. (Абай).

ЕР II. Қалмақы қара үзенгі, биік қасты *ер*, Қанжығамда байлаулы жіптен шідер. (Абай).

Жабағы. I. Мынау бір көп сауылған биенің *жабағысы* екен. (Ғ. Мүст.)

Жабағы. II. *Жабағыға* тырнағы шықпастан болып ілінді. (А. А)

Тегіс I. Төбеде қалқа. Күн де жаңбыр өткізбейді. Тақтайдай *тегіс*, цемент қырман. (Ғ. Мүст.)

Тегіс II. Осы манайдағы ауылдың бар үлкендерін Абай мен Үлжан *тегіс* шақыртып ап, тағы кеңес құрды. (М. Ә)

Жас I. Токсанға келген *жасым* бар, Көпті көрген басым бар.

Жас II. Жасаулы *жас* қарағай Жас өспірім баладай (Ж).

Жас III. Көк ала бұлт сөгіліп, Күн жауады кей шакта.

Өне бойың егіліп, Жас ағады аулақта. (А.)

3-жаттығу. Оқыған кітаптарыңнан бес-алты омонимді теріп алып, олардың әрқайсысы қанша мағына білдіріп тұрғанын, қандай тәсілмен жасалғанын дәптерлеріңе жазып келіңдер.

4-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, олардың құрамындағы омонимдер сөздердің қайсысы қандай мағынаны білдіретінін айтыңдар.

1. Ақ түс кіршіл болады. 2. Ол түс көрді. 3. Күн түс болды. 4. Сен аттан түс. 5. Бейсен ағаш кесу үшін әкесінен ара сұрап алды. 6. Гүлге ара келіп қонды. 7. Жаз күндері Алматы көшелеріндегі арықтарда мөлдір су ағып жатады. Сараның ағасы менімен жасты арық адам.

Синонимы — синонимдер

Синонимы — это слова, по разному звучащие, но одинаковые или очень близкие по смыслу:

Они отличаются друг от друга оттенками значения и употреблением в речи. (Әр түрлі айтылса да, жалпы мағыналас бола тын, бірақ сел гана баска ерекшеліктері бар сөздер синоним деп аталады). Мысалы: алые, қашық, жазық — далеко; қысқа, келте, шолак — короткий, краткий; жылдам, шагапан, тез, асығыс — быстро; әдемі, көркем, сулу, ару — красивый, красавица, изящный .

Синонимдік қатар.

Несколько слов-синонимов образуют синонимический ряд. Члены синонимического ряда имеют общую смысловую основу. Белгілі бір ұғымды білдіретін мәндес сөздердің топтарын синонимдік қатар дейміз. Демек, біріне бірі синоним болатын сөздер өзара топталып, өз ішінде жікке белінеді. Мысалы, мықты — сильный деген сөзге мағыналас тағы қандай сөздер бар деп ойласақ, берік, күпті, қуатты, дәулетті, қарулы деген сөздерді табамыз.

мықты — сильный	келбет — цвет лица	кас — бок
бери — выносливый	кескін — облик, вид	мак — сторона
күшті — сильный	кврік — вид	жан — возле
қуатты — полон сил	кейіп — облик	•чір — даль
вулетті — крепкий	ажар — вид	мақай — мимо
қарулы — вооружён-	рей — облик	айқала — вокруг
"ый	жүз — лицо	төнірек — около
	тур — облик	

шыдам, сабыр — терпение, выносливость; жаксы, тәуір, онды — хороший, лучший, недурной.

1-жаттығу. Синоним сөздерді мағына жақындықтарына қарай топтап жазындар.

Үлгі: Сүйкімді, тартымды, жугымды.

Сүйкімді. Алые. Туыс. Тартымды. Қашық. Туысқан. Жырық. Жугымды, Ағайын. Үлкен. Қасында. Зор. Маньнда.

Дерт. Дәу. Жанында. Дымқас. Ажар. Ас. Өңі. Аухат, Түсі. Тамақ. Түрі. Нән.

Синоним сөздердің мағыналары, түлгалары қандай болып келеді? Алые деген қандай сез? Осы сөзге фонетикалық талдау жасандар.

2-жаттығу. Свйлем ішіндегі синоним сөздерді теріп жазып, оған сурау қой және олардың қандай мағына беретінін түсіндір.

Атам Сембай биік, мығым денелі, сұлу жүзді, әдемі бурыл сақалды адам. (Б. Соқп.). Ол қандай қиыншылық кездесе де қайыспайды, мойымайды, қайғырмайды. Өмірде некилы жаксы адамдар толып жатыр гой. Біреу мейірбан, біреу жомарт, біреу адал, біреу турашыл болады.

Антонимы — антонимдер

Антонимы — это слова, выражающие противоположные значения. (Бір тілдегі біріне бірінің мағынасы қарама-қарсы сөздерді антоним сөздер дейміз). Мысалы: үлкен-кіші (большой-маленький), аласа-биік (низкий-высокий), жуан-жінішке (толстый-тонкий), артық-кем (больше-меньше), алыс-жақын (далекий-близкий), күн-түн (день-ночь), ұзын-қысқа (длинный-короткий) .

Слова — антонимы обычно употребляются в тех случаях, когда необходимо подчеркнуть качественную или количественную противоположность. Антонимы широко распространены в произведениях устного народного творчества, в особенности в пословицах и поговорках (Старый друг лучше новых двух, Родная сторона — мать, чужая сторона — мачеха).

(Антонимдер бір заттың сапасының я бір құбылыстың көрінісінің қарама-қарсы қасиетін білдіреді. Антонимдер бір нәрсені салыстырып түсіндіруде қолданылады. Антоним сөздер көбінесе бұрынғы халық ақындарының айтыстарында жиі кездеседі. Сөйлегенде, жазғанда ойды күшейту үшін я айқын етіп айту үшін, бір сөзді мағынасы қарама-қарсы болып келетін басқа сөзбен жарыстыра, салыстыра антитеза ретінде де қолдана береміз.) Мысалы: Сөзін аз, ісің көп болсын. Ащы мен тұщыны татқан білер, жакын мен алысты жортқан білер. Дүние жүзіндегі суы ең ащы теңіз — Қызыл теңіз де, суы ең тұщы теңіз — Балтық теңізі.

1-жаттығу. Қара вріппен жазылған сөздерге мағынасы қарама қарсы сөздер (антонимдер сез) тауып жазындар.

Үлгі: ауыр киім — жекіл киім.

Ауыр киім, ыстық ж ел, ұзақ жол, алые жер, биік екше, кысқа жіп, ерте ояну, қалың қар, жас жылқы.

- | | |
|---|---|
| 1. Сіздің біліміңіз қандай?
Менің жоғары білімім бар. | — Какое у вас образование?
— У меня высшее образование. |
| 2. Сіздің қандай арнаулы біліміңіз бар? | — Какое вы имеете специальное образование? |
| 3. Ауыл шаруашылық институтын бітірдім. | — Окончил сельхозинститут. |
| 4. СІЗДІҢ әулетте жоғары білімді кім бар?
Өзім және әйелім. | У кого в вашей семье высшее образование?
У меня и у моей жены. |
| 5. Сіздің ғылыми дәрежеңіз қандай?
Мен физика-математика ғылымының кандидатымын. | Какая у вас ученая степень?
Я кандидат физико-математических наук. |

Прочитайте текст и перескажите содержание на казахском языке.

Тема: ТАНЕРТЕН

Мен танертен сағат алтыда турамын. Беті-қолымды жуа-мын, тісімді тазартамын, сүртінемін, шашымды тараймын, киінемін. Тамақ ішемін. Сонан сон мектепке барамын. Бүгін мен кезекшімін. Парталардың, столдың шаңын сүртемін. Бор, шүберекті әзірлеп қоямын. Үзілісте терезелердің желдеткішін ашып, кластың ауасын тазартамын.

СӨЗДІК

танертен — утром
сүртшемін — вытираюсь
сонан сон — потом
әзірлеп қой — приготовить

шаш — волосы
тараймын — расчешусь
үзіліс — перемена

Письменно ответьте на вопросы

1. Сен сағат нешеде тұрасың?
2. Беті-қолыңды немен жуасың?
3. Тісінді немен тазартасың?
4. Сен танертен қайда барасың?
5. Бүгін не істейсің?

Прочитайте текст и перескажите его содержание.

АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ (1873—1937)

Ахмет Байтурсынов 1873 жылдың 25 январында Торғай уезінің Тосын болысында карапайым шаруа отбасында туған. Ахметтің әкесі Байтурсын Шошақұлы еті тірі, намысшыл, батыл, сергек адам болса керек. Ахмет Байтурсынов 1891 жылы Торғайдағы екі кластық орыс-казак училищесінде оқиды. Кейін ол Орынборға барып мұғалімдер мектебіне түсіп, оны 1895 жылы бітіреді. 1896—1907 жылдары Ақтобе, Қостанай және Қарқаралы уездеріндегі ауылдық және болыстық мектептерде, екі кластық училищелерде мұғалім болып қызмет атқарады. Сөйтіп, ол сол кездегі казак қоғамына ең бір қажет және кең шеңберде дамуға бег алған ағартушылық, демократтық қозғалысқа белсене араласады. Ол орыс-казак мектептерінде, семинарияларда педагог бола жүріп, қоғамдық-әлеуметтік өмірге үйілді, айналаға білім-ғылым таратудың тиімді жолдарын қарастырды. Қазак тілі және әдебиетінің тарихымен, теориясымен шұғылданды. Алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарын жазып, халықтың көркем сөз мұрасын жинау, жүйелеу, зерттеу ісіне араласты, баспасөзге мақалалар жазды, өлең шығарды, аударма жасады. Мұғалім болып жүргенде патша өкіметінің саясатына қарсы наразылық білдіргені үшін бақылауға алынды... Қудаланды, кенес өкіметі де көп қуғын-сүргінге салды.

1923 жылы Мұхтар Әуезов: "...Қазактың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелілмен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі танның салқын желіндей шиырықтырған, етек-женін жигызған "Қазак" газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ол екпін ұйықтаған казакты айкайлап оятуға заман ерік бермеген соң "Маса" болып талай ызындап "оятамын" деп ұзақ бейнетті міндет қылып алған, Аханның екпіні болатын"— деп жазған-ды.

А. Байтурсынов өзі гүмыр кешкен ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам ісіне көңілі толмайды. А. Байтурсынов та 1937 жылы 8 октябiрiнде тұтқындалып, содан қайтыш оралмады... Сөйтiп көрнекті ғалым, әдебиетгiшi қасiрет құрбаны болып кете барды. Оның атына, еңбектерiне ұзақ жылдар бойы тыйым салынды. Бүгiн елiмiзде А. Байтурсыновтың аты қайта аталып, оның қоғамдық қызметi, ғылыми, әдеби мұрасы халқымыздың рухани қазынасына шындап қосылып отыр.

(А. Байтурсынов, Шығармалар).

ЗАНЯТИЕ 19

Басқа тілдерден енген сөздер

Займованные слова в лексике казахского языка

«

Слова, вошедшие в казахский язык из других языков, называются *займованными*.

В лексику казахского языка в разное время влилось большое количество слов из других языков. Источниками лексических займований для казахского языка были русский, арабский, иранский, монгольский, тюркский языки и некоторые другие.

В основном займования в казахском языке включают несколько групп: 1. Араб және иран тілдерінен енген сөздер (из арабских и иранских языков.)

а) были связаны с общественным отношением, бытом, домашним обиходом: айна, тага, атрап, то рап, шырак, бэйрак, базар, таба,-орямал, бадам, перде, батпак (ша-руашылық. уй турмысына байланысты бұйымдардың атаулары).

б) были связаны с наукой, культурой (мәдени, ғылыми ұғымдарды білдіретін сөздер), калам, дәуіт, қағаз, мектеп, медресе, мәлім, мағлұмат, мереке, емтихан, галым, ғылым, пән, мешіт, кітап, тарих.

в) связанные с религиозными убеждениями, воззрениями.— діни қызметті білдіретін сөздер; ораза, намаз, дәрет, парыз, аруак, күдай, күдірет, аят, кунә, есиет.

2. из монгольского языка — монгол тілінен енген сөздер, қазақша абдыра — монголша — абдара (сандық); алтын — алтан (золото), аяқ — аян, байсал — байкал, баянды — баян, аймақ — аймағ, қарыз — гарз, ком — хом, жол — зол, кар — тар, дөнежіі — дөнжин.

а) технические: машина, сеялка, веялка, молотилка, сепаратор, мастер, ремонт, винт, двигатель, минута, секунда, завод, вокзал, вагон, самовар и т. д.

б) әкімшілік, — басқару ісіне байланысты мына сияқты сөздер енді: үйез (қазір уезд), ояз (уезд начальный), облыс (область), губерния, старшина, ауылнай (ауыльный), жақдарал (генерал-губернатор), протокол, контора, съезд, адвокат, сот (суд), судья, билет, комендант и т. д.

в) қоныс аударуға байланысты: план, кірпіш, берене, пеш, карниз, участок, стол, скамейка, т. б.

г) ғылым мен мәдени ет саласынан да кептеген сөздер кірді: газет, журнал, гимназия, семинария, гимназист, учи-

лище, диктант, парта, класс, форма, интернат, пансион, физика, химия, алгебра, геометрия, карта и т. д.

д) күнделікті уй ішінің керек-жарақтарына, турмыс қажетіне байланысты сөздер: шәлі (шаль), шарф, бәтіңке (ботинка), галош, сатин, без (бязь) бутылка, кружка, корзина, флакон, лампа, керосин, сіріңке, тарелке, кастрюль, капуста, сумка т. б.

2. слова послеоктябрьского периода. (Қазан төңкерісінея кейінгі кезеңде енген сөздер): атом, газ, рычаг, линза, молекула, магнит, масса, спектр, элемент, диагональ, диаметр, коэффициент, интеграл, конус, колхоз, совхоз, тілші (корреспондент), сын (критика), баскарма (правление), жазушы (писатель), баспа (издательство).

1-жаттығу. О дьш шығып, орыс тілінен енген сөздерді көшіріп жазындар.

ЖАЙЛАУ ҮНІ

Гвардия ауданындағы "Қарашоқы" кеншарының орталығында алыстағы шопандардың даусы жиі естілетін болды. Мұнда жайлаудағы малшылармен үздіксіз байланыс жасап отыру үшін радиотелефон орнатылған. Осы аппарат арқылы фермалардағы болы и жатқан жағдай кеншар басшыларына жедел жеткізіледі. Радиотелефон арқылы ферма менгерушілеріне, болім бастықтарына нұсқау беріледі.

Бұл кеншарда көшпелі радиотелефондар трактор бригадаларына және шеберханаларға, сондай-ақ бас мамандардың машиналарына да орнатылған. Біздің республикамыз Венгриядан осындай радиотелефонның 1800-ін алды ("Социалист!к Қазақстан" газетінен).

2-жаттығу. Орыс тілінен енген төмендегі сөздерге жалғоу жалғандар да, оларды қатыстырып, сейлем құрастырықдар.

Компас, станок, август, турист, сентябрь, разъезд, митинг, киоск лагерь, спектакль, фонарь, металл.

Фразеология

Фразеологизмы — это неразложимые словосочетания, которые так же, как и отдельные слова, служат названиями предметов, явлений, признаков, действий и состояний.

Фразеология — учение о фразеологических сочетаниях, т. е. об устойчивых сочетаниях, обозначающих нечто единое по смыслу.

Устойчивые сочетания слов, равные по значению одному слову — это фразеологические обороты. Например, в предложении "су журек адам" ^имеется фразеологическое сочетание "су журек", слово "су" не обозначает воду, а сливается в одно целое со словом "су журек" (коркак-трус).

Устойчивые обороты речи в каждом языке многообразны по структуре и по происхождению, и по историческому значению в составе языка. Они точно не переводятся на язык другого народа, передается лишь смысл содержания: *қас пен көздің арасында жоқ балды* (лезде)— моментально, быстро или (мгновенно) исчез. Здесь перевод: *кдс — бровь, пен — и, көз — глаз, арасында — между, жок, балды — исчез*. *Аузын буган огіздей* (момын, жуас — тихий, скромный). *Тайга тацба басқндай* (анык)— ясный. *Ит өлген жерде* (алыста)— далеко. *Қуанышы қрынына сыймау* (каты куану)— радоваться. *Ат төбеліндеі* (азғантай)— немного, чуточку. *Қырғи қабақ болу* (араздасу)— ссориться. *Тонның ішкі бауындай* (тату)— дружный: мирный.

Он саусағынан өнері тамеан (шебер)— мастер. *Үріп ауызға салғандай* (әдемі)— красивый.

Фразеологизмы имеют различную степень смысловой неразложимости изменяемости составных частей. Степень слияния элементов во фразеологических сочетаниях бывает различной.

Все фразеологизмы казахского языка можно разделить на три группы:

1. Идиома (идиомалар, немесе идиома сөздер басқаша айтқанда қайнасып, тутасқан фразеологиялық сөз тізбегі).

2. Мақалдар (немесе мақал болып кеткен сөз тізбегі) пословицы.

3. Мәтеддер (поговорки).

Белгілі бір мағынада қолданылатын, өзара бөліп-жаруга келмейтін, грамматикалық басқаша өзгеріске көнбейтін, ежелден қалыптасып орныққан, дайын сөз тізбектерін тұрақты фразеология дейміз.

Фразеологиялық тізбектер өздерінің жасалуы, фразеологиялық материалы, грамматикалық байланысы, лексикалық мәні жөнінен үш түрге бөлінеді.

Тұрақты сөз тіркестері

Білдіретін мағынасы

1. Қас пен көздің арасында — лезде
2. Ит өлген жерде — алыста
3. Төбе шашы тік туру — қорку (шошу)

ИДИОМАЛАР — ИДИОМЫ

Идиома гректің (ерекше сөз) деген сөзінен алынған термин.

Идиома — укоренившийся неразложимый оборот речи, свойственный какому-либо языку и не переводимый дословно на другой язык.

(Бір тілдің ішіндегі бөліп-жаруга, басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейтін, лексика — грамматикалық тұрақты сөздер түйдегін идиома дейміз).

Мысалы: *Аза бойы қаза болу* (қорку)— бояться (страшиться). *Аузына цум қуылды* (жеңілу — поражение), *екі аяғын бір етікке тыеу* (қорқыту)— напугать, *журек жалғау* (тамактану)— кушать (кормиться), *муртын балта шаппайды* (мықты)— сильный (крепкий). Значение этих элементов не обуславливает значение целого сочетания, тот или иной элемент иногда теряет свое первоначальное значение: *журегі тас төбесіне шық/пы* (шошу)— испугаться. *Шық бермес шығайбай* (саран — скупой). *Санин соғып қалу* (өкіну)— сожалеть. *Аспанға қарайды* — точный перевод: на небо смотреть. (Смысловой перевод: ничего не замечает). *Мал болмайды* — точный перевод: скотом не будет. (Смысловой перевод: умрет, придет конец). *Ты ащы* — точный перевод: язык горький. (Смысловой перевод: злой язык). *Көзіңе қара* — точный перевод: смотри в глаза (Смысловой перевод: будь осторожным). *Тас бауыр* — точный перевод: каменная печень (смысловой перевод: беспощадный), *еңбегі жанды* — точный перевод: труд горел (смысловой перевод: труд зря не пропал), *жер соғып қалу* (өкіну)— сожалеть.

Бұл тізбек тұтас бір мағынаны білдіреді. Ол мағына ғасырлар бойы қалыптасып, әбден орныққандықтан, көп ойлап толғануды керек етпейтін жалпы халықтық қасиетке ие болған, олар таныс, даяр сөйлемшелер ретінде айтаын деген ойды айқындауға аса қажетті құрал есебінде қолданылады.

МАҚАЛДАР - ПОСЛОВИЦЫ

Пословицы — краткие, образные и меткие народные изречения о различных явлениях жизни, содержащие, как правило, глубокий обобщающий смысл. (Мақал деп қысқа, образды, ұйқасты, тұжырымды нақыл сөздердің тізбегін айтамыз).

Пословица — не простое изречение. Она выражает мнение народа. Не всякое изречение становится пословицей, а только такое, которое согласовывалось с образом жизни и

мыслями множества людей — такое изречение могло существовать тысячелетия, переходя из поколения в поколение.

Макал тізбегі мен идиомалық тізбектің негізгі айырмашылығы мынадай: идиомадағы және сөздер өзінің бастапқы тұрақты мағынасынан қашықтап, тек қана тобымен түйдектеліп, бір мағынаны білдірсе, макал тізбегіндегі сөздер өздерінің тура мағыналарын сақтайды. Әрине, мақалдағы сөздердің беретін тура мағыналары да салыстыру, бейнелеу ретінде жұмсалып, айтайын деген ойды әрі көрікті, әрі түсінікті етіп шығарады. .

Мысалы: ексең егін — ораснң тегін; тенге тиыннан өсер; жылқы құлыннан өсер; нар жолында жүк болмас; жігіт адамға жетпіс өнер де аз; таулы жер бұлақсыз болмас, сулы жер құрақсыз болмас; сын түзелмей, мін түзелмес; кең болсаң, кем болмайсың; әзіл айтсаң да, әділ айт. Бидайдың кеудесін көтергені — дақылы жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені — ақылы жоқтығы. Тұз астың дәмін келтірсе, макал сөздің сәнін келтіреді.

1-жаттығу. Төмендегі макалдардың қайсысы тура мағынасында, қайсысы астарлы, келтірінді мағынада ұғынылатынын айтып беріңдер.

1. Ердің атын еңбек шығарар. 2. Еңбек мұратқа жеткізер, жалқаулық абыройды кеткізер. 3. Жығылып жатып, сүрінгенге күлме. 4. Асқанта аспан да аласа. 5. Көрмес түйені де көрмес. 6. Ашуың келсе, қолың тарт, айтпас жерде тілің тарт. 7. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. 8. Білім іздеген өсер, бүлік іздеген өшер. 9. Қызыл алманын да қышқылы бар. 10. Алдымен істі тындырсаң, кім үрсар сонсоң қыдырсаң. 11. Өз інінде көртышқан да көреген. 12. Көзін ауырса, қолыңды тый, ішін ауырса, аузыңды тый. 13. Сырын білмеген аттын сыртынан жүрме. 14. Мұржасы қисық болғанмен, түтіні түзу.

2-жаттығу. Төмендегі макал-мәтелдердің мағынасын қалай түсінетінін айт.

Бірлік болмай, тірлік болмас. Құс қанатымен танылар, жігіт қайратымен танылар. Істі ине тікпейді, икемді қол тігеді. Жанылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ. Ақыл — тозбайтын тон, білім — таусылмайтын кен.

МӘТЕЛДЕ? — ПОГОВОРКИ

Поговорка — краткое и меткое народное изречение.

Поговорка — суждение частного характера.

Метел де макалмен бір тектес, бұл екеуі тығыз байланысты бола тұрса да, олардың өзара айырмашылығы бар.

а) макалдар бір сөйлемнен де, көп сөйлемнен де құралады; б) макалда ой аяқталған, тұжырымды, тианнақты болып келеді, метел сөздер тізбегінде ой аяқталмайды, өйткені метелдер дербес (жеке) сөйлем болмайды, сөйлемнің бір мүшесі ретінде ғана қолданылады. Мысалы: ауырдың астымен, жеңілдің үстімен; қол құсырып; ұзын арқан, кен тұсау; аз болса да жақсы бол сын — лучше меньше, да лучше; қуып жету және басып озу — догнать и перегнать.

Демек, метелдерде ой-пікір макалдардағыдай, тікелей кесіл айту түрінде емес, жанамалап нұсқай салу (ишара) түрінде айтылады. Мысалдар: Айдағанын екі-ақ еіпкі, ысқырығың жер жарады. Баяғы жартас бір жартас. Сезінді біреу сөйлесе, аузын қышып бара ма. Ит ашуын тырнадан алады.

1-жаттығу. Макалдарды бір белек, мәтелдерлі бір белек тізімдеп кешіріңдер. Выпишите отдельно поговорки, затем поговорки.

1. Жалқаудан жаман жоқ, оқымаса, маман жоқ. 2. Еңбек сүйгенді ел сүйеді. 3. Батырға да жан керек. 4. Егін ексең тыңға, шықтым дей бер шыңға. 5. Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді. 6. Татулық — табылмас бақыт. 7. Болат кайнауда шынығады, батыр майданда шынығады. 8. Құрғақ қасық ауыз жыртады. 9. Темірді қызған кезде жоқ. 10. Көппен көрген ұлы той. 11. Шегірткеден қорыққан егін екпес.

2-жаттығу. Мына текстегі идиомаларды, макал, метелдерді табыңдар, оларды мөнісін түсіндіріңдер.

1. Алыскан алмайды, ақыл алады. 2. Жүйрік шабыста сыналады, шешен айтыста сыналады. балуан күресте сыналады, батыр ұрыста сыналады. 3. Бірлік болмай — тірлік болмайды. 4. Еріншектің ертені бітпес, жеңілтектің селтені бітпес. 5. Мұнда, Қызылқұмда ондаған колхоздардың төрт түлік малы жайылады. 6. Тәжірибелі шопандар мен жылқышылар қыстың алты айында ақтылы қой, алалы жылқысын осы далада қыстатып жүреді. (С. М.). 7. Құмайты, барқыт белдер малдың қысқы жақсы жайылымы болып есептеледі. 8. Олардың алдында бұлдыраған жап-жазық, мидай дала керінеді. 9. Толғауы тоқсан қызыл тіл, сөйлеймін десен, өзің біл. (Абай.). 10. Олақтан салақ жаман. Қолы қимылдағанның аузы қимылдар.

3-жаттығу. Оқыған, естіген жақсы макал-мәтелдерді есіне сақтап жүр және бірнешеуін жазып кел. Напишите несколько пословиц и поговорок, которые вы запомнили.

1. Кітап дүкені қай жерде? — Абай даңғылында үлкен кітап дүкені бар.
2. Оған қалай баруға болады? — Ол жерге троллейбус немесе автобус апарды.
3. — Сіздің дүкенде қазақ ертегілерінің орыс тіліндегілері бар ма?
4. — Из, бар.
5. Маған Лермонтовтың "Біздің заманның геройлары" атты кітабын, М. Әуезовтің "Абай жолы" романына және қала көріністері бар открыткаларды орап беріңіз де, қанша төлейтінімді айтыңыз?
6. Рақмет Сізге!
- Где находится книжный магазин?
На проспекте Абая находится большой книжный магазин. "Прогресс".
А как к нему проехать?
Туда могут подвезти троллейбус и автобус.
Есть ли в вашем магазине казахские сказки на русском языке?
— Да, есть.
Заверните мне книги Лермонтов "Герой нашего времени", Мухтара Ауэзова "Путь Абая", открытки с видами города и скажите, сколько я должен (должна) заплатить?
Спасибо Вам!

ЗАНЯТИЕ 20

Грамматика

Грамматика — как раздел науки о языке изучает грамматический строй казахского языка и делится на две части:

- 1) морфологию, т. е. грамматическое учение о слове,
- 2) синтаксис, т. е. учение о законах построения словосочетаний и предложений.

Морфология

Морфология — как один из основных разделов грамматики рассматривает структуру, состав слова, части речи и занимается изучением вопросов словообразования и формообразования. (Морфология — сөздердің құрылысы (турпаты), сөздердің өзгерілуі туралы ілім. Ол сөздердің морфологиялық құрамын тапдайды, сөздерді таптастырады, сөздердің өзгерілу ережелерін белгілейді).

Сөз түрлі бөлшектерден құралады. Ол бөлшектер сөз құрамы деп аталады. Сөз құрамындағы әр бөлшектің өзіне лайықты мағынасы мен қызметі бар.

Основы слов представляют собой звуковой комплекс с определенным значением.

По морфологической природе основе казахских слов могут быть рассмотрены как непроизводные (первичное) и производные.

1. Непроизводные (первичные) основы представляют собой не что иное, как корень слова, имеющий значение лишь в целом и не поддающийся морфемному членению. Например: темір (железо), балық (рыба), жұмыс (работа, дело), күзет (охраняй).

Сөздің лексикалық мағынасын білдіріп, өзгермей тұратын бөлшегін сөздің негізі дейміз.

Непроизводная основа, корневая морфема, корень слова в казахском языке употребляются в одинаковом значении. Непроизводная основа или корень слова в казахском языке всегда выступает как самостоятельное слово, имеющее реальное, вещественное значение и служит базой для образования новых слов.

2. Производные же основы казахских слов образуются от первичных основ посредством присоединения к ним живых аффиксов. Например: темір-ші (кузнец); балық-шы (рыбак), біл-ім (знание), білім-ді (знающий), күзет-ші (сторож), көр-ме (выставка); көр-сет-кіш (показатель), сөйлемпаз (говорун), хабарлан-дыр (объяви) и т. д.

Во всякой производной основе можно выделить первичную основу (корень) и один или несколько живых словообразовательных аффиксов, присоединяемых в определенной последовательности и придающих ей новое конкретное значение.

Аффикс — часть слова, имеющая грамматическое значение и вносящая некоторое изменение в значение корня.— (Сөздің лексикалық мағынасын өзгерту үшін немесе оған грамматикалық мағыналар үстеу үшін негізгі түбірге жалғанытын бөлшекті қосымша (аффикс) дейміз.

Қосымшалар (аффикс) мағынасына және атқаратын қызметіне қарай жұрнақ және жалғау делініп аталатын екі топқа бөлінеді.

Жұрнақ — суффиксы

В казахском языке слова чаще всего образуются при помощи суффиксов, которые присоединяются к производным и производным основам и образуют существительные со

значением лица, предмета вещи или отвлеченного понятия или других частей речи.

Суффиксом (журнак) называется словообразовательный аффикс, который стоит после корня и служит для образования новых слов. Например: мал-шы, қой-шы, жылқы-шы. (Сөздерге лексикалық мағына үстейтін қосымшаны журнак дейміз). Бүркіт және бүркітші екеуінің лексикалық мағынасы бір емес, екеуі — екі басқа сөз. Тағы мысалы: жылқы дегеніміз мал, жылқышы дегеніміз — оны бағушы адам, жылқышылық дегеніміз — жылқы бағу кәсібі.

В казахском языке суффиксы подразделяются на две группы: словообразующие и формообразующие.

1. Сөз тудыратын жұрнақтар (словообразующие суффиксы). Өзінің жал ғам ан сөзінен жана мағыналы сез тудыратын жұрнак сез тудырушы жұрнак деп аталады.

С помощью словообразующих суффиксов образуются новые слова с новым лексическим значением. Мысалы: ек — сеять, егш — посева, егіншілік — земледелие, егінші — пахарь, земледелец, егіншілік; су — вода, сушы, сусар — куница, су сын — напиток, суық — холодный, суыр — сурок, бай — байлық, байла, байланьс.

1) -шы, -ші: кой-шы (пастух), колхоз-шы (колхозник), трактор-шы (тракторист);

2) -дас, -дес, -тас, -тес, -лас, -лес: жолдас (товарищ), ел-дес (соотечественник), ат-тас (тезка), жер-лес (земляк); мінез-дес (однохарактерный);

3. -шылық, -шілік: (адам-шылық человечность), егінші (земледелец), шаруа-шылық (хозяйство).

2. Форма тудыратын жұрнақтар. Формообразующие суффиксы.

Өзі жалғанған сөзге (түбірге) сел де болса жана мағына үстейді, бірақ негізгі лексикалық мағынасын өзгертпейді.

(Формообразующие суффиксы отличаются тем, что они не образуют слов с новым лексическим значением; а придают несколько другие значения, оттенки)/Мысалы: кел, келме, келер, келмес, к ел ген, келмесен, келетін, келмейтін, келмек, келмекші, кел іп, келе, келгім, келеді; сур, сұрғылт, сұрғылтым, сұрша, сұрлау, сұршалау, сұрырақ. В этих примерах слова принимают различные грамматические формы в зависимости от суффикса, причем основное лексическое значение (корень) сохраняется.

Ескерту (примечание) суффиксы -нікі, -дікі, -тікі.

1. При присоединении к существительным и местоимениям с/ффиксов *-нікі, -дікі, -тікі* образуется притяжательная форма слова, показывающая принадлежность предмета или явления, *-нікі* прибавляется после конечных гласных, *-дШ*

после конечных звонких и сонорных, *-тікі* после конечных глухих и звонких б, в, г, д.

Примеры: бала-нікі — мальчика, әкем-дікі — папин, отцов, Әсет-тікі — Асета, біз-дікі — наш, Иванов-тікі — Иванова, сіз-дікі — Ваш и т. п.

2. Притяжательная форма с суффиксами *-нікі, -дікі, -тШ* в Предложении выступает в качестве сказуемого и употребляется после того слова, к которому относится.

Например: калам біздікі — ручка наша, керует әжемдікі — кровать бабушкина, уй институттікі — дом (здание) принадлежит институту, пальто Сергейдікі — пальто принадлежит Сергею и т. п.

1-жаттығу. Спишите текст, в выделенных словах подчеркните словообразующие суффиксы.

К.ЫМЫЗДЫҚ

Далалы жерлерде жабайы есетін қымыздық — бәрімізге таныс өсімдік. Бұл өсімдікті балалар жақсы көреді. Қымыздық қышқыл, дамді. Сонымен бірге қымыздық құрамында организмге қажетті заттар бар ("Ұлан" газетінен).

СӨЗДІК

-қымыздық — шавель	қымыздық құрамында — в составе
жабайы өсетін қымыздық — дико-	растущий шавель
растущий шавель	организмге қажетті — необходимое
бәрімізге — всем нам	для организма
қышқыл — кислый (-ая, -ое)	

2-жаттығу. От данных слов образуйте новые производные основы с аффиксами -шы, -ші и с ними составьте предложения.,

Керекті сездер: тербие, бакша, колхоз, етік, жұмыс, шекара.

Прочитайте. Переведите на русский язык.'

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ (1889-1931К

Жүсіпбек Аймауытов — акын, прозашы, драмашы, сыншы, публицист, аудармашы. Ол Қахатың жана әдебиетінің негізін салушылардың алғы легінде болды. Көптеген ірі шығармаларымен жана жанрлардағы ізденістерді орнықтырды.

Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Қызылту болысының бірінші аулында туған. Жазупғаның өз әкесі Аймауыт та, оның өкесі

Дәндебай да шағкин шаруалы адамдар болған. Оның 15 жасқа дейінгі өмірі өз аулында өтеді. Ол ауыл мектебінде оқып сауат ашады. Керекудегі орыс-қазақ мектебін бітіріп, 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі, оны 1919 жылы бітіреді. 1922—1924 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі болып, 1924—1926 жылдары Ташкентте шығатын "Ақ жол" газетінің редакциясында қызметтер атқарады. 1926—1929 жылдары Шымкент педагогикалық техникумының директоры болады. 1929 жылы Қазақстандағы ұлтшылдар ұйымымен байланысы бар деген сылтаумен тұтқынға алынады. Осығайдақ қолдан ұйымдастырылған жасанды іс бойынша 14 адамға түгелдей сырттай үкім шығарылған. Міне, солардың қатарында Ж. Аймауытовтың өмірі 1931 жылы 42 жасында нағыз творчестволық толысқан кезінде қыршынынан қиылды.

Жүсіпбектен қалған мұра аса бай. Оның ішінде "Қартқожа" "Ақбілек" романдары, "Күнікейдің жазығы" повесі мен көптеген әңгімелер, "Рабиға", "Мансапқорлар", "Ел қорғаны" "Қанапия мен Шәрбану", "Шернияз" атты пьесалар, өлеңдер мен "Нұр күйі" поэмасы, балаларға арналған ертегі кітапшалар, сын мақалалар мен көптеген аударма кітаптар, оқулықтар бар.

(Ж. Аймауытов. "Шығармалары" кітабынан).

ЗАНЯТИЕ 21

Жалғау — окончание

Для связи слов в предложении служат окончания. (Окончание — это изменяемая часть слова, образующая определенную грамматическую форму и выражающее грамматическое подчинение данного слова другому слову). Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, оларға грамматикалық мағына үстейтін қосымшалар жалғау дейміз.

Қазақ тілінде төрт түрлі жалғау бар: көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары.

Көптік жалғау — множественное окончание. Заттың біреу ғана емес бірнеше (көп) екенін білдіретін жалғау көптік жалғау — множественное окончание деп аталады. Сөздердің көптік мағынада жұмсалудың үш түрлі тәсілі бар.

В казахском языке множественное число образуется тремя способами:

I. Морфологиялық тәсіл — морфологический способ.

Тісті қосымшалар қосылу арқылы сөздерге көптік ұғымының берілуін морфологиялық тәсіл дейміз.

(слова, образованные прибавлением к основе или к производной основе множественных окончаний (-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер) называется морфологическим способом).

Сөздің соңғы буыны жуан болса, көптік жалғауы да жуан түрде (-лар, -дар, -тар), соңғы буыны жіңішке болса, көптік жалғауы да жіңішке түрде (-лер, -дер, -тер) жалғанады.

Если последний слог слова звучит твердо, то множественные окончания должны быть твердыми (-лар, -дар, -тар), если последний слог звучит мягко, то множественные окончания должны быть мягкими (-лер, -дер, -тер).

Мысалы: бала-лар, қаз-дар, жолдас-тар, кісі-лер, озен-дер, күрек-тер.

II. Лексикалық тәсіл — лексический способ.

Көптік жалғауын қабылдамай-ақ сөздің түбірі я негізі өздігінен тұрып көптік мағынаны білдіруін айтамыз.

Существительные, корень или основа которых самостоятельно могут означать множественный смысл без прибавления множественных окончаний, называются лексическими.

Көптік жалғаусыз көптік ұғымда қолданылатын сөздер.

1. Жеке-даралап санауға (есептеуге) келмейтін заттардың аттары (название различных однородных предметов которые не подлежат счету, воспринимаются во множественном числе), мысалы: су, сүт, сорпа, қымыз, туз, ұн, шөп, құм т. б.

2. Ру, халық, тайпа, ел аттары (названия племен, народов, родов, национальностей): кыпшак, найман, керей, аргын, казак, кыргыз, өзбек, тәжік, белорус, украин, француз, грузин, мордва, азербайжан, неміс т. б.

3. Әр қилы жәндіктер, аң хайуанат аттары (названия насекомых, зверей, животных): кобелек, курт-кумырска, коңыз, түлкі, қой, қоян, жылқы, сиыр, түйе т. б.

4. Өсімдік аттары (названия растений): шөп, арпа, сулы, коде, жусан, макта, бидай, тары, дермене.

III. Синтаксистік тәсіл — синтаксический способ.

Көптік ұғымдардың сөз тіркестері арқылы берілу жолы синтаксистік тәсіл деп аталады. (образование множественного числа при помощи словосочетаний называется синтаксическим способом).

Мысалы: Көп адам, бес оқушы, аз уақыт т. б.

1. Зат есімнің алдынан сан есім келсе, ол ешқандай қосымшасыз-ақ көптік мағынаны білдіреді. (если существи-

тельное сочетается с предшествующим ему количественным числительным, то оно не принимает окончаний множественности).

Мысалы: бес кісі, ұға кісі, торт кітап, он студент, отыз кой. жеті жылқы, елу дәптер.

2. Коп, аз, әлденеше, бірнеше, бірталай, қыруар, бірсыпыра сияқты сөздер зат есімдердің алдынан келсе, ешқандай қосымша жалғанбай-ақ көптік мағына береді.

Мысалы: коп адам, аз кісі, әлденеше кісі, бірнеше студент.

(Существительные, стоящие после таких слов как коп, аз, алденеше, бірнеше, бірталай, бірсыпыра, қыруар могут не принимать окончаний множественности).

3. Анықтауыштары қайталама қос сөздерден болатын есімдерге көптік жалғау жалғанбаса да, көптік ұғым туады (если существительное сочетается с предшествующим ему повторяющимся парным словом, то оно не принимает окончаний множественности).

Мысалы: мая-мая шоп шабылды, дал ада кора-кора кой жайылып жатыр, жұрт үйді-үйіне та рады.

1-жатшы. Образуйте множественное число от следующих слов (темен - дегі сөздерге келіткі жалғауын жалғап жазыңдар).

Ан, жен, тіс (зуб), ат, ит, тай, үй, егінші, қағаз, қол, уйрек, тас, дәрігер, кірпі, қарлығаш, ерлік, қус, қорғасын.

2-жатшы. Темендегі сөйлемдерден көптік жалғауы жалғанған сөздің астын сызып келіңдер.

Біздің кластың оқушылары экскурсияға баратын болды. Экскурсияда табиғат құбылыстарын бақыладық, олар туралы мұғалімнің өңгімелерін естідік. Экскурсиядан қайтқан соң, көргендеріміз бен түсінгендеріміз туралы әңгіме жазбақшы болдық. ("Ұлан" газеті.)

ТУҒАН-ТУЫСҚАҢДАР – РОДСТВЕННИКИ

- | | | |
|---|---|--|
| 1. Жасыңыз нешеде? | — | Сколько Вам лет? |
| Менің жасым жиырмада. | — | Мне двадцать лет. |
| 2. Сенің жасың нешеде? | — | Сколько тебе лет? |
| Менің жасым жиырма бесте. | — | Мне двадцать лет. |
| 3. Сенің туған күнін қашан? | — | Когда твой день рождения? |
| Менің туған күнім —11 қыркүйек. | — | Мой день рождения одиннадцатого сентября. |
| 4. Біз қурдас екенбіз. | — | Мы ровесники. |
| 5. Мен сізден аздап үлкен екенмін. | — | Я немного старше вас. |
| 6. Сіздің отбасыңыз үлкен бе? | — | У вас большая семья? |
| 7. Біздің отбасы үлкен. | — | У нас большая семья. |
| 8 Біздің отбасында 8 адам бар. | — | У нас в семье 8 человек. |
| 9. Менің екі ағам және үш сіңлім, әжем бар. | — | У меня есть два брата, три сестры и бабушка. |
| 10. Әке-шешенің бар ма? | — | Есть ли родители? |
| Менің әкем қайтыс болған, ал шешем тірі. | — | Мой отец умер, а мать жива. |

Прочитайте выразительно. Выучите наизусть.

СЕНІҢ ОТАНЫҢ

Коп аузынан түспейтін,
Отан деген немене?
Оның тұлға, туге, кейпін,
Достым, білгің келе ме?
Отан — сенің ата-анан,
Отан — досын, бауырын,
Отан — олкең, астанан,
Отан — аудан, ауылың.
Отан — тарих, Отан — тіл,
Жасаған елің, өз халқың.
Отан — олец, Отан — жыр,
Котерген кокке ел данқын.

www. и * * * * *
Көңілге мұны түйе біл!
Отан деп өсіп жас жаның,
Оны ардақтап, сүйе біл!

Б. Ысқақов.

1. Өленнен "Отан" деген немеңе? деген сұраққа жауап болатын жерлерін тауып оқышдар.

Найдите ответ в стихотворении на вопрос "Что такое Родина?"

2. Өленді жаттап алындар да, мәнерлеп айтып беріндер.

ЗАНЯТИЕ 22

Тәуелдік жалғау — Притяжательная форма

Заттың иеленуші үш жақтың біріне меншікті екенін білдерігін жалғау тәуелдік жалғау деп аталады.

В казахском языке существует притяжательная форма, которая показывает принадлежность данного предмета или явления первому, второму или третьему лицу (или предмету). Принадлежность предмета кому (чему) нибудь выражает посредством присоединения к основе слова аффиксов принадлежности.

Сөздің тәуелденуі екі түрге бөлінеді: оның бірі — оңаша тәуелдеу, екіншісі — ортақ тіуелдеу.

Бір не бірнеше заттың бір ғана иеленушіге тән екендігін білдерігін тәуелденудің түрі оңаша тәуелдеу деп аталады.

Предмет обладания и имя обладателя стоят в единственном числе. Например: дәптер-ім (моя тетрадь), дәптер-ің (твоя тетрадь), дәптері (его тетрадь); предмет овладения стоит во множественном числе, а имя обладателя в единственном числе, например: менің дәптер-лер-ім (мои тетради), дәптер-лер-ің (твои тетради), дәптер-лер-і (его тетради); оның кітабы, оның кітаптары.

Бір не бірнеше заттың бір емес, бірнеше иеленушіге тән екендігін білдерігін тәуелдеудің түрі ортақ тәуелдеу деп аталады.

(Предмет обладания и имя обладателя стоят во множественном числе, например: дәптер-лер-іміз, (наши тетради), дәптер-лер-іңіз (ваши тетради), дәптер-лер-і (их тетради); олардың кітаптары.

Притяжательная форма образуется путем прибавления к существительному следующих окончаний:

жак	дауыстыдан сок		мысалы		дауыссыздан сок		мысалы	
	жуан	жіңіш-ке			жуан	жіңіш-ке	жуан	жіңішке
I	-м	-м	атам	әжем	-ым	-ім	қолым	көзім
	-мыз	-міз	атамыз	әжеміз	-ымыз	-іміз	қолымыз	көзіміз
II	-«	-н	атақ	әжен	-ың	-ің	қолың	көзің
	-ыңыз	-іңіз	атаңыз	әженіз	-ыңыз	-іңіз	қолыңыз	көзіңіз
III	-сы	-а	атасы	әжесі	-ы	-і	қолы	көзі

жак	оңаша тәуелдеу	ортақ тәуелдеу
I	Менің кітабым, менің кітаптарым	Біздің кітабымыз, біздің кітаптарымыз
II	Сенің кітабың, сенің кітаптарың (сіздің кітаптарыңыз)	Сендердің кітаптарың (сіздердің кітаптарыңыз)
III	Оның кітабы, оның кітаптары	Олардың кітабы, олардың кітаптары

Например: қарындаш-ым (мой карандаш), қарындаш-ың (твой карандаш); қарындаш-ы (его карандаш); дәптерім (моя тетрадь), дәптерің (твоя тетрадь), дәптері (его тетрадь).

1-жапығу. Төмендегі сөздердің бірінші тобын ауызша, екінші тобын жазуша тәуелдендер.

1. Алма. Әңгіме. Бас. Тіс. Қағаз. Дәптер.
2. Ата. Іні. Қарындаш. Бет.

2-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, тәуелдік жалғаулы сөздерді атаңдар.

1. Желдің ызғары бет қаратпайды. Тонымның жағасы үлкен, жөні кең. Мен жағамды көтердім. Қардың беті қабыршақтанып қалыпты. 2. Сиыр ферманың мал қоралары кең, әрі таза. Сауыншылар сиырды электрмен сауады. 3. Туған жер! Тауың да ыстық, тасын да ыстық. Тоғайың, топырағың қандай ыстық!

3-жапығу. Тәуелдік жалғаулы сөздердің алдына онымен мағынасы байланысатын өзді қойып жазыңдар.

Ескерткіші, жұмысшылары, көйлегім, киімнің, орамалымыз, үйірмеміз.

Керекті сөздер: Абайдың, менің, сенің, біздің, сіздің, заводтың.

4-жаттығу. Сөйлемді көшіріп жазыңдар, тәуелдік жалғаулы сөздің астын сызыңдар.

1. Анам колхозда істейді, Анамның жұмысы көп.
2. Алматы хайуанаттар паркінде піл балалары бар. Піл балалары үйіліп жатқан қиыршық сары күмнің жанына барды да, күмді ұзын түмсықтарымен түрткілей бастады. Сонан күмді түмсықтарымен сорып алып, жоталарына септі. Әлгіндегі тап-таза, дымқыл денелеріне күм жабысты да қалды. 3. Жаздың күні піл балалары төбесі ашық кең қоршаудың ішінде тұрады. Кешке хайуанаттар паркінің қызметшісі екі пілді жылы қораға кіргізді. Қызметші таңертең мынадай қызыққа тап болды: қораның есігі жұлы-

нып жатыр, терезесінен сау-тамтық жоқ. Бұл — әрине, піл балаларының ісі.

Переведите устно на русский язык.

**ЖАМБЫЛ
(1846-1945)**

Жамбыл Жабаев — казак халқының ұлы ақыны. Ол — жүз жасаған, артына мәңгілік әдеби мұра қалдырған, халқымыздың сүйікті де сүйсінер ұлы болған адам. Жамбыл — ескі өмірдің де, жана өмірдің де куәсі. Оның өлендері дүние жүзінің көптеген халықтарының тіліне аударылды. Жамбыл өз өлендерінде өткен замандағы халқымыздың аянышты халін шеберлікпен суреттеді. Ақын жырлары әрқашан жақсылықтың жаршысы болды.

*	СӨЗДІК
ақын — поэт	куәсі — свидетель
жүз жыл жасаған — проживший	жалынды — пламенный
сто лет	әрқашан — всегда
мәңгілік — вечный	аударылды — переведены
халқымыздың сүйікті ұлы —	жыршы — певец
любимец народа	дүние жүзінің
әдеби мұра — литературное на-	халықтары — народы
следив	мира
жана өмір — новая жизнь	

Отвѣтьте на вопросы:

1. Жамбыл Жабаев кім? Жамбыл қанша жыл өмір сүрді?
3. Жамбылдың өлендері нені суреттейді?

ЗАНЯТИЕ 23

Септік жалғау — Падежные формы

Сөздерді бір-бірімен байланыстыратын жалғаулардың бірі — септік жалғаулары. Падежные формы одного слова при склонении обычно различаются аффиксами. При помощи падежей выражаются различные грамматические отношения между словами.

Склонением называется изменение слов при помощи падежных окончаний для связи с другими словами и выражает конкретное значение данного падежа.

Сөздерге грамматикалық мағына ұстап, оларды бір-бірімен жалғастырып, септестіріп, байланыстырып тұратын қосымшаларды септік жалғаулары дейміз.

Изменение слов по падежам не утрачивает лексического значения слова. Падежные формы или падежи, указывают

на связи данного слова с другими словами предложения или словосочетания. Связи же слов отражают те многообразные отношения, которые существуют или возможны между пред-метами, качествами, процессами в действительности.

Сөздердің жалғауларды қабылдап, өзгерту жүйесін сөздердің септелуі деп немесе септеу деп атайды. Сөздер мұндай екі түрлі үлгі бойынша септеледі: (В казахском языке существуют два склонения, в зависимости от наличия или отсутствия указания обладателя).

- 1) Жай септеу.
- 2) Тәуелді септеу

(Простое склонение — без (Притяжательное склонение — относительно к обладателю) с указанием обладателя)

При притяжательном склонении в словах содержится указание на обладателя. Принадлежность предмета (кому чему-нибудь) выражается при помощи присоединения к основе слова аффиксов принадлежности.

. Тәуелденбай тұрған сөздердің септелуін жай септеу дейміз. Ал сөздердің тәуелденгеннен кейін септелуін тәуелді септеу дейміз.

Жай септеуде де, тәуелді септеуде де 7 түрлі форма бар да, 6 түрлі жалғау бар.

Падежная система казахского языка представлена семью падежами и шестью видами.

Сводная таблица падежных окончаний

Септіктер Падежи	Сураулар Вопросы	Жалғаулар Окончания
1. Атау Именительный	Юм? Не? Қто? Қто?	оо нет
2. Ілік Родительный	Кімнің? Ненің? Чей? Чья? Чего? От чего?	-нын, -дын, -тын -нің, -дін, -тін
3. Барыс Дательный	Юмге? Неге? Қому? Чему?	-н, -қа, -а, -на -ге, -ке, -е, -не
4. Табыс Винительный	Кімді? Нені? Қого? Қто?	-ны, -ды, -ты, -н ні, -ді, -ті
5. Жатые Местный	Юмде? Неде? У қого? Где?	-да, -та, -нда, -де, -те, -нде
6. Шығыс Исходный	Кімнен? Неде? От қого? От чего?	-нан, -ней, -дан, -ден
7. Қомектес Творительный орудийный	Юммен? Немен? Қем? Чем?	-мен, -пен -беи»

Септіктер	Жай септеу	Тәуелді септеудің (жекеше) үлгісі		
		I жақ	II жақ	III жақ
1. Атау	бала, дәптер	досым інім	досың інін	досы інісі
2. Ілік	баланың, дәптердің	досымның інімнің	досының Ініңнің	досыңық інісінің
3. Барыс	балаға, дәптерге	досыма ініме	досына ініне	досына - інісіне
4. Табыс	баланы, дәптерді	досымды інімді	досыңды ініңді	досын інісін
5. Жатыс	балада, дәптерде	досымда інімде	досында інікте	досында інісінде
6. Шығыс	баладақ, дәптерден	досымнан інімнен	досыңнан ініңнен	досынан інісінен
7. Қвмектес	баламен, дәптермен	досыммен ініммен	досыңмен ініңмен	досымен інісімен

Әр септіктің беретін мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметі болады. Төменде әр септікке қысқаша сипаттама берейік.

(Имена или другие склоняемые формы в каком-нибудь падеже могут употребляться в функции тех или иных членов предложения).

Атау септік (именительный падеж).

Атау септік выражается именной основой и отвечает на вопросы кім? не? кімдер? нелер? бала, егін, студент, бидай, ағаш, мұғалім.

Окончание родительного падежа иногда может опускаться, но притяжательное окончание 3 лица -сы, -сі, -ы, -і всегда сохраняется. Например: Мектептің директоры и мектеп директоры; колхоздың малы и колхоз малы; Қарагандының көмірі и Қараганды көмірі.

1-жаттығу. Переведите на казахский язык. Запишите.

1. Роман Муканова. 2. Книжный магазин 3. Улица Пушкина. 4. Улица Абая. 5. Письменный стол. 6. Большой театр. 7. Книга Гулшат. 8. Ручка Кайрата.

2-жаттығу. Спишите предложения, вместо точек вставьте соответствующее окончание.

Сара ... кітаб... столда жатыр. 2. Ахмет... ұй... мектептен алые. 3. Жомарт... бала... жетінші класта оқып жүр. 4. Мектеп... терезелер... хошеге кзрайды. 5. Сара... пальто... ілулі тур. бу Директор... кабинет... он жакта. 7. Стол... уст... екі кітап жатыр. 8. Сыйр ... сут... магазинде сатылады. 9. Саяк... бала... сегізінші класка көшті. 10. Ұй... есік... жабык.

Барыс септік. (Направительно — дательный падеж).

Барыс септік отвечает на вопросы кімге? (кому?), неге? (чему?), қайда? (куда?).

К словом, отвечающим на эти вопросы, прибавляются окончания -га, -ге, -ка, -ке.

а) -га, -ге к гласным и после конечных звонких и сонорных; (дауысты немесе дауысыздарынан сон -га, -ге).

Например: бала-га (мальчику), қыз-га (девушке), ұй-ге (домой), Мереке-ге (имя девочки).

э) -ка, -ке после конечных глухих согласных и звонких б, в, г, д; Например: Гулшат-кз (имя), тас-ка (камню), кітап-ка (книге), қурек-ке, шоп-ке (катан дауысыздан сон).

б) -а, -е после существительных I и II лица притяжательной формы, -на, -не после существительных III лица притяжательной формы; Например: досыма, досыңа, ініме, ініңе, досына, інісіне (тәуелдік жалғауының I, II жағынан сон -а, -е, ал тәуелдік жалғауының III жағынан сон -на, -не).

Дательный падеж может указывать на лицо или предмет к которому направляется действие, цель. (негізгі мағынасы — бағыт-бағдарды (қырманға барды), бірде мақсатты (оқуға келді) білдіру): Мен Оспанға хат жазамын. Я напишу письмо Оспану. Балаға қарындаш бер. Дай мальчику карандаш; Біз Алматыға келдік — Мы приехали в Алматы. Айша базарға кетті — Айша пошла на базар за яблоками.

3-жаттығу. Выпишите из текста слова барыс септік и подчеркните окончания.

Самат екеуміз демалыс күні қалаға келдік. Қала — біздің ұжымшардан 35 шақырым. Қалада Саматтың апасы тұратын. Біз алдытмен Саматтың апасынікіне бардық. Сонан соң Самат екеуміз паркке бардық, қайыққа отырдық. ИТрамваймен цирккө бардық. Цирктен соң трамвайға мікіп, автовокзал га келдік. Мен киоскіден үш кітап сатып алдым. Одан кейін біз автобуска отырп, аулымызга қайттық. Самат өз үйіне кетті, мен үйіме сағат жетіде келдім. Бір кітапты ініме сыйладым. Бір кітапты әкеме бердім. Бір кітап өзіме қалды.

Исходной формой является та форма существительного, которая отвечает на вопросы хто? что? Именительный падеж всегда употребляется (жалғауы жоқ) без окончания. Значения -именительного падежа выявляются при помощи сопоставления его остальными падежами.

Ілік септік. (Родительный падеж). Родительный падеж выражает отношение принадлежности чего-нибудь данному лицу, предмету. Родительный падеж выступает в предложении в качестве определения другого имени, которое принимает аффиксы принадлежности, например: - баланың оқулығы (учебник мальчика), студенттің кітабы (книга студента).

Ілік септік отвечает на вопросы кімнің? (Кого? Чей?); Ненің? (Чего?): баланың, егіннің.

К словам, отвечающим на эти вопросы, прибавляются окончания — *-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің*.

а) Если слова оканчиваются на глухие согласные или звонкие б, в, г, д, то прибавляются окончания *-тың, -тің*. Например: мектептің, кітаптың.

б) если конечный звук слов гласный или сонорный н, м, н, то прибавляются окончания *-ның, -нің*. Например: каланың, Айманның

б) если конечный звук слов звонкие или сонорные р, л, й, у, то прибавляются окончания *-дың, -дің*. Например: қаздың, малдың.

Слово в Ілік септік в предложении выступает в качестве определения и стоит перед определяемым словом. Определяемое слово всегда употребляется в притяжательной форме.

Например: бала-ның қарындаш-ы — карандаш мальчика, колхоздың торағасы — председатель колхоза, Иванов-тың әке-сі — отец Иванова, бөлме-нің орта-сы — середина комнаты, директор-дың кабинет-і — кабинет директора.

сөздік

алдымен — сначала
қайық — лодка

өз — свой
өзім — я сам

4-жаттығу. Прочитайте и переведите на русский язык. Выпишите слова в барыс септік.

Мен Бірінші Май мейрамы қарсаңында Павлодарға командировкаға бардым. Онда мейрамға қалалар мен ауылдардан көп адамдар жиналды. Мен де басқалармен бірге кешеге шықтым. Демонстрациядан кейін паркке бардық. Кешке театрға бардық. Мерекені жақсы өткіздік.

Сұрақтар:

1. Бірінші Майда сіз қайда бардыңыз?
2. Еңбекшілер Бірінші Майды қалай мейрамдайды?

5-жаттығу. Переведите предложения на казахский язык.

1. Я ходил на почту. Я отправил (дал) Камалу телеграмму.
2. Нам принесли газету.
3. Маржан пошла за молоком.
4. В ларек привезли масло.
5. Саржан купил масло. Он заплатил за масло.
6. Они вернулись домой.
7. Сара дала Естаю молоко.

СӨЗДІК

акша — деньги телеу — платить май — масло

6-жаттығу. Прочитайте предложения. Выпишите слова, отвечающие на вопрос кімге? (кому?). Подчеркните падежные окончания.

1. Әжем Динаға қолғап тоқыды.
2. Апасы Саматқа қонжық сатып әперді.
3. Әкесі Ермекке шаңғы сатып алды.
4. Ерболға алма берді.
5. Кітапханадан алған кітабыңды кімге бердің? Мен оны Бекетке бердім.

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОГОВОРИМ ПО-КАЗАХСКИ

1. Оңтүстік Қазақстан облысы туралы не білесіз? Что вы знаете о Южно-Казахстанской области?

1962 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан облысы делінген. 30 жылдай Шымкент облысы аталды. 1932 жылы 10 наурызда құрылған. Жері 116,3 мың км².

Халқы 1567,0 мың (1979). Орталығы — Шымкент қаласы.

Жері пайдалы қазыналарға бай: полиметалл, қоңыр көмір, темір рудасы, гипс, эк тас, отқа төзімді саз және кварцы құм қабаттары, мәрмәр, түрлі құрылыстың шикізаттары т. б. кездеседі. Климаты тым континентальді. Қысы жылы, жазы ыстық. Ірі өзендері — Сырдария және Шу. Басты көлдері — Ақжайық, Ақжар, Қызылкөл, Қалдықөл. Талас Алатауының сілемдерінде Ақсу-Жабағалы қорығы бар. Республикадағы мақта егетін облыс.

сөздік

қазына — казна, богатство
қоңыр көмір — коричневый уголь
темір рудасы — железная руда
ак тас — известковый камень
көл — озеро
отқа төзімді тас — глина, выдерживающая высокую температуру

мақта — хлопок •
мәрмәр — мрамор
шікізаттар — сырые продукты
езен — река
қорық — заповедник

Тема: ОРМАН

Табиғат сәні — орман-тоғайлар. Адам өмірінде орманның маңызы зор. Олардың маңызы тек құрылыс материалдарымен шектеліп қалмайды.

Орман өзен мен көлдердегі судың мелшерін реттеп отырушы. Ондағы өсімдіктер топырақтың ретсіз бұзылуынан және бүлініп кетуінен сақтайды. Орманның тазалық және тәрбиелік мәні де зор. Сонымен бірге ан мен құстардың таңдаулы мекені. Қалада және ауылды жерлерде, жол бойында, су қоймаларының жиегінде отырғызылған жасыл желекті орман алқаптары елді мекенде көрік беріп қана қоймай, олар ауаны түрлі газ, шаң-тозаңнан сақтайды. Жасыл желек көп болса, денсаулыққа да жақсы, өсімдікке ықпалы зор.

Табиғи орман, тоғайлар, қолдан отырғызылған орман алқаптары, жол бойындағы, көшелердегі жасыл ағаштар мен алуан түрлі гүлді өсімдіктер осылардың бәрі де біздің жасыл достарымыз, жасыл сақшылар. Сондықтан әрбір оқушының ағаштарды мұқият сақтап, оны ретсіз сындырушыларға жол бермей, табиғатты қорғауға, орманды қорғауға белсене қатыса білуі шарт. (С. Махмұтов).

сөздік

сәні — украшение
/Орман — лес
тоғай — лес
құрылыс материал дары
тепный материал
өзен — река
көл — озеро

строи-

топырак — земля, почва
ан — зверь
кус — птица
таңдаулы — избранный
су қоймалары — водоем
• көрік — красота, вид, изящество

ЗАНЯТИЕ 24

Табыс септік — Винительный падеж

Табыс септік отвечает на вопросы кімді? (кого?), ненің? (Что?). Винительный падеж употребляется при обозначении лиц, предметов, явлений, событий, на которые направляются действия.

К словам, отвечающим на эти вопросы, прибавляются окончания *-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, -н*.

а) *-ны, -ні* — после конечных гласных

(дауыстыларданр сон *-ны, -ні*) қаланы, көшені.

Например: баланы (мальчика), ініні (младшего брата).

б) *-ды, -ді* — после конечных сонорных и звонких ж, з;
(Үяң және үнді дауыссыздардан сон *-ды, -ді*). Қымызды, көлді, қазды (гуся), бізді (шило), нанды (хлеб), әнді (песню).

б) *-ты, -ті* после конечных глухих; кітапты, (катан дауыссыздардан сон *-ты, -ті*).

в) *-н* — после существительных III лица притяжательной формы (тәуелдік жалғауышын III жағынан сон — н) кітабын, күрегін.

Табыс септік соответствует винительному падежу русского языка без предлога, т. е. в предложении всегда служит прямым дополнением.

Табыс септік иногда не принимает своих обычных окончаний остается в форме атау. Это обычно бывает в тех случаях, когда прямое дополнение стоит непосредственно перед сказуемым. Когда же между сказуемым и прямым дополнением имеется другое слово окончание табыс септік сохраняется.

Например: 1. Жұмысшылар уй салды. Үйді жұмысшылар салды, 2. Біз кеше телеграмма алдық. Біз телеграммами хеше алдық. 3. Мен дүкеннен ет алдым. Мен етті дүкеннен алдым.

1-жаттығу. Мақалдарды көшіріп, табыс септігінде сөздің жалғауын (табыс) қосу тапбасы (-) арқылы ажыратып жазындар. Сөздерге табыс жалғауышын әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер.

МАҚАЛДАР — ПОСЛОВИЦЫ

1. Шеге тағаны сақтайды, таға туларды сақтайды. Тулар ерін сақтайды, ері елін сақтайды. 2. Жолдасты жол айырады. 3. Алғынды еріте білмеген ірітер, теріні илей білмеген шірітер. 4. Таудағы түлкіні табандаған тазы алар. 5. Қолың көтермейтін шокларды беліңе байлама. 6. Тігілмеген тігінді мақтама. 7. Отты үрлеген жағады, шындықты іздеген табады. 8. Тағасының хүмісін айтпа, атыңның жүрісін айт.

2-жаттығу. Прочитайте текст и переведите на русский язык. Выпишите из текста слова в *табыс септік* и подчеркните их окончания.

Зейнеп орта мектепті жақсы оқып бітГрді. Қазір Зейнеп тракторшы болып істейді. Ол өз ісін өте жақсы көреді. Кеншар 3 Наурызда Зейнептің суретін Құрмет тақтасына ілді. Оған бағалы сыйлық берді.

Ответьте на вопросы:

1. Зейнеп нені бітірді?
2. Зейнеп-не алды?
3. Зейнеп кім болып істейді?

3-жаттығу. Переведите предложения на казахский язык и запишите их. Подчеркните слова в *тдбыс септік*.

1. Водовоз привез воду. 2. Он привез воду в бочке. 3. Водовоз вылил воду в бак. 4. Он вылил воду в деревянный бак. 5. Мы берем воду из реки. 6. Водой мы моем руки. 7. Руки я мою с мылом. 8. Я мою голову теплой водой. 9. Мы пьем кипяченую воду. 10. Мы не пьем сырую воду. 12.. Держите воду в чистой посуде.

СӨЗДІК

бөшкемен — в бочке
егаш — деревянный
көлден — из озера
взеннен — из реки
сумей — водою
кол дар — руки

сабынмен — с мылом
тіс щеткасымен — зубной щеткой
бас — голова
жылы сумей — теплой водой
қайнаған — кипяченая
қайнамаған — сырая

Жатые септік — Местный падеж

Жатые септік указывает на местонахождение предмета и отвечает на вопросы *кімде?* (у кого?), *неде?* (где?) и *при-нимает окончания:*

а) *-да, -де* после конечных гласных, звонких и сонорных, (дауысты, үнді немесе уяң дауысыздарынан сон *-да, -де*) колхоз-да, уй-де, бала-да, жаз-да, кала-да, коше-де, муз-да,

о) *-та, -те* после конечных глухих согласных и звонких б, в, г, д. (катан немесе уяң б, в, г, н д, дауысыздардан сон *-та, -те*), мектеп-те, шкаф-та, ИванОв-та, кітап-та, бесік-те.

б) *-нда, -нде*, после слов в III лице притяжательной формы, (тәуелдік жалғауының III жағынан сон): Кітабында, бесігінде, Москва қаласы-нда, Пушкин көшесі-нде.

4-жаттығу. Спишите слова в жатые септік, подчеркните.

1. Жұмысшы жұмыста. 2. Оқушы мектепте- 3. Бала уйде. 4. Су шелекте. 5. Бастық кабинетте. 6. Егіншілер қырманда, 7. Әлібек демзлыста,- ол курортта. 8. Газет менде, кітап Омарда. 9. Омарда кітап коп.

5-жаттығу. Переведите предложения на казахский язык и запишите.

1. В нашем районе много колхозов. 2. В колхозе много скота. 3. В амбаре есть, пшеница и просо. 4. Он здесь. 5. Его злесь нет. 6. Он не здесь. 7. Это наша улица. 8. Это не наша улица. 9. На улице много народу. 10. Оспан на улице. 11. Ключ у Ос пана. 12. У меня ключа нет.

СӨЗДІК

амбар — қойма
просо — тары
ключ — кілт

начальник — бастық
шелек — ведро

6-жаттығу. Төмендегі жатые септігіндегі сездерді қатыстырып, сөйлем құраңдар.

Көлекеде, орығадықта, көлде, жолында, теңізде.

7-жаттығу. Выпишите из текста слова в жатые септік и переведите их на русский язык.

ТАБИҒАТ КҮНТІЗБЕСІ

Ауа райының күнтізбесін жасадық. Наурыз айында қар, муз ери бастады. Сәуірде жер көгерді. Жылы жақтан кустар келіп жатыр. Қырда егіншілер жер жыртуға кірісті. Мамыр айында қок шоп жайқалып өсті. Жеміс ағаштары гүлдеп тұр. Мектепте оқу аяқталатын күн жақын. Маусымда оқушылар каникулға шығады.

СӨЗДІК

көгере бастады — начал зеленеть гүлдеп тұр — цветет

8-жаттығу. Спишите, вставив вместо точек нужные слова из правого столбика.

Менің кітабым	бақшада
Төребек ... ұйықтап жатыр.	суда
Балық ... жүзіп жүр.	бесінші класта
Мұғалім ... отыр.	Үсенде
Айша ... қызан жинап жүр.	қалада
Дәптер Оңғарда емес,	сенде
Сара ... тұрады.	столда жатыр
Мен ... оқимын.	керуетте
... қызык хітап бар.	орындықта

КАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОГОВОРИМ ПО-КАЗАХСКИ

1. Көкшетау облысы туралы не білесіз?
Что вы знаете о Кокшетауской области?

Республиканың солтүстік бөлігінде орналасқан. 1944 жылы 16 наурызда құрылған. Жері 78,1 мың км². Халқы 617 мың (1979). Облыс жері таулы, қыратты жазық. Көкшетау — жер шоктығы, табиғаты өте қорқем, казактың Швейцариясы атанған олке. Жазы жылы, қысы катан және ұзақ. Шоқан

Уәлиханов, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ сынды қазақтың атақты ұлдарының туып өскен жері.

Жер қойнауынан темір рудасы, тас көмір, доломит, әк тас, алтын, құрылыс заттары, каолин сазы, кварц кумы, ас тұзы т. б. пайдалы қазыналар табылған. Кокшетау — астықты елке.

ЗАНЯТИЕ 25

Шығыс септік — Исходный падеж

Основное значение этого падежа — указание исходного пункта действия.

Шығыс септік отвечает на вопросы кімнен? (от кого?), неден? (от чего?), кайдан? (откуда?).

К словам, отмечающим на эти вопросы, прибавляются окончания *-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен*.

а) если конечный звук слова оканчивается на сонорные м, н, ң, то к нему прибавляются окончания *-нан* или *-нен*.

Например: аннан (от зверя), оленнен (из песни), білімнен (от знания), (үнді м, н, ң, дауыссыздарынан сон).

б) если слова оканчиваются на гласные, звонкие или л, р, й, у, то к ним прибавляются окончания *-дан* или *-ден*.
Например: даладан (из степи), кошеден (с улицы), саздан (из глины), кардан (из снега), майдан (из масла), таудан (с горы). (Дауысты, уяң не р, л, й, у дауыссыздарынан сон).

в) если слова оканчиваются на глухие согласные, то к ним прибавляются окончания *-тан, -тен*.

Например: Хаттан (из письма), коктен (с неба), беттен (с лица), аяқтан (с ног), (катан дауыссыздардан сон).

г) в фамилиях и заимствованных словах, оканчивающихся в атау септік на б, в, г, д, в шығыс септік прибавляются *-тан* или *-тен*.

Например: Алексеевтен, клубтан

Шығыс септік. Мағынасы — кимылдың шыққан орнын, мекенін, амалдың себебін салыстыру — тенеу, мезгілін білдіру.

1-жаттығу. Мақалдарды көшіріп, сөздерге жалғанған шығыс жалғауын дефис (-) арқылы ажыратып жазындар. Шығыс жалғауының сөздерге әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер. Шығыс септіктегі сөздердің қандай сөздермен байланысты екенін айтындар.

1. Қой семізі қойшыдан. 2. Сөз сөзден туады, сөйлемесе, кайдан туады. 3. Еттен өткен таяқтан сүйектен өткен сөз жаман. 4. Құлақтан кірген суық сөз көңіліңе барып мұз болар. 5. Ақыл жастан шығар, асыл тастан шығар. 6. Күр

судан май шықпайды, күр сөзден мән шықпайды. 7. Тіл қылыштан өткір. 8. Жаман үйден қысым артық, сынық ошақтан мысым артық. 9. Тамшыдан тама-тама дария болар. 10. Кепшіліктен береке кетпес, берекелі жерден мереке кетпес. 11. Қорлық өмірден ерлік өлім артық. 12. Қорқақ көлеңкесінен де қорқады.

2-жаттығу. Вместо точек вставьте нужные окончания.

1. Әжем Сәулеге жун... кол гап тоқыды. 2. Айша магазин... май, сүт сатып әкелді. 3. Папам Москва... кеше келді. 4. Оқушылар мектеп... қайтты. 5. Ермек библиотека... қызық кітаптар алды. 6. Тұрсын Орал қаласын. Саматка хат жазып тұрады. 7. Жәміш Күләнға жібек... кейлек тікті. 8. Балалар қар... сырғанақ жасады. 9. Оспан картон... самолет жасайды. 10. Дүйсен ешкім... қорықпайды.

Тапсырма. Ответьте на следующие вопросы.

1. Етікті неден тігеді?
2. Орындықты неден жасайды?
3. Күректі неден жасайды?
4. Дәптерді неден жасайды?
5. Көйлекті неден тігеді?
6. Мұнай қайдан шығады?
7. Асан кімнен хат алып тұрады?
8. Кісілер азықты қайдан сатып алады?
9. Коктем қай айдан басталады?
10. Жаз қай айдан басталады?

Көмектес септік — Творительный падеж

Творительный падеж обозначает орудие, материал при помощи которого совершается действие.

Көмектес септік отвечает на вопросы кіммен? (с кем?), немен? (с чем?), қалай? (как?).

К словам, отвечающим на эти вопросы, прибавляются окончания *-мен, -бен, -пен*.

а) если слова оканчиваются на гласные и сонорные, то к ним прибавляется окончание *-мен*.
Например: әкемен (с отцом), балгамен (молотком), ауылмен (с аулом), а га мен (с дядей).

(Дауысты не үнді дауыссыздардан сон).

б) если конечный звук слова оканчивается на звонкий согласный, то к нему прибавляется окончание *-бен*.
Например: қызбен (с девочкой), бізбен (шилом).

(уяң дауыссыздардан сон).

б) если слова оканчиваются на глухие согласные, то к ним прибавляется окончание *-пен*.

(катан дауыссыздардан сон).

Например: отпен (огнем), карындашпен (карандашом), таспен (камнем), таякпен (палкой).

Кемектес септік укаazujeет чем, при помощи чего совершается действие..

3-жаттығу. Спишите. Подчеркните слова в кемектес септік.

Мереке сумей және сабынмен жуынды. Ол таракпен таранды. Олга тісін порошокпен тазалайды. Сіз костюмді шет-камен тазалайсыз. Гүлшат бетін, мойнын және колыға өзінің орамалымен сүртеді. Әлия қаламушпен жазады. Василий бормен жазады. Борис, Қайрат балтамен отын жарды.

СӨЗДІК

жуыкады — моется	мойын — шея
та рак — гребенка	орамал — полотенце
таранады — расчесывается	қдламуш — перо
бет — лицо	жарады — рубит, колет

4-жаттығу. Мақал да рды көшіріп, кемектес септіктегі сөздердің жалғауын дефис (-) арқылы ажыратып жазындар. Кемектес септіктегі сөздердің кандай сөздермен байланысты екенін айтындар.

1. Асыкпаган арбамен коянга жетер. 2. Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір. 3. Қолымен қосаяқ сокқан аузымен орақ орады. 4. Қолыңмен істегенді мойнынмен көтер. 5. Сумей ойнама, батарсың, отпен ойнама, жанарсың. 6. Желмен жарыспа, келенкенді кума. 7. Ұстамен жақын болсаң, ісің бітеді. 8. Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар. 9. Ел жасымен көрікті, тау тасымен көрікті, аяқ асымен көрікті. 10. Ер елімен жақсы, жер кенімен жақсы.

5-жаттығу. Переведите (письменно) на казахский язык.

1. Летом мы купались в реке. 2. Колхозники косили траву. 3. Зимой мы катаемся на коньках и лыжах. 4. Фрукты и овощи убирают осенью. 5. Ребята, вы идете сегодня на каток? Да, мы идем сегодня на каток. 6. Миша, ты получил вчера журнал из библиотеки?— Да, я вчера получил журнал из библиотеки. 7. Ербол ты приходи завтра к нам.

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОГОВОРІМ ПО-КАЗАХСКИ

1. Караганды облысы туралы не білесін?
Что вы знаете о Карагандинской области?

Республиканың орталық бөлігінде орналасқан. 1932 жылы 10 наурызда құрылған. Жер көлемі —85,4 мың км². Халқы 1253 мың (1979). Облыс Сарыарканың орталық жағын ала жайласқан. Облыс койнауы минералды шикізат ресурстарына өте бай, әсіресе тас көмір қоры өте көп. Карагайлы және Алаайғыр қорғасын — мырыш кен орындары, көптеген темір кені т. б. ашылған. Облыс жерінен Менделеев элементтерінің бәрі байлығы табылып отыр. Климаты тым континенттік — қысы — суық, жазы — ыстық. Облыс экономикасы үшін Ертіс — Караганды каналының (уз. 500 км) маңызы зор. Облыс еңбекшілері егіншілікпен, мал шаруашылығымен де шұғылданады. Караганды — аса ірі мәдениет орталығы.

СӨЗДІК

орталық бөлігінде — в центре	қысы суық — холодные зимы
көмір — уголь	жазы ыстық — лето жаркое
еңбекшілер — трудящиеся	маңызы зор — огромное значение
	мәдениет — культура *

Прочитайте текст и переведите.

ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ — МИР РАСТЕНИЙ

Біздің еліміз өсімдіктер дүниесіне *өте бай. Қазақстанда өсетін өсімдіктердің көпшілігі халық шаруашылығында ертеден қолданылып келеді. Көбінесе оларды тамақ, киім-кешек, дәрі, бояу, әтір және құрылыс материалдар т. б. шаруашылықтарға жиі пайдаланады. Қала мен ауылды жерлерге, жол бойына, су қоймаларының жиегіне отырғызылған неше түрлі гүлді бұталар мен жасыл желекті орман алқаптары елді мекендерге көрік береді. Олар ауаны түрлі газ, шаң тозаңнан тазартады. Адам тіршілігі үшін өте қажетті оттегін бөліп шығарып ауадағы зиянды көмірқышқыл газын сіңіру арқылы өсімдіктер адамзатқа қыруар пайда келтіреді. Соңықтан да адам өсімдіктерді ертеден күтіп-баптаумен шұғылданып келеді. Адам ақылы мен еңбегінің барысында жабайы өсімдіктерден көптеген мәдени өсімдіктер шығады. Егіс даламыздағы бидай, күріш, жүгері, бұршақ, күнбағар, қант қызылшасы, жоньшка, т. б. бау-бақшамыздағы қауын, қарбыз, сәбіз, капуста, ал бақтарымыздағы алма, алмұрт, өрік, алхоры, шие мәдени өсімдіктерге жатады. Жер шарында бес жүз мыңға тарта өсімдіктердің ішінде ағаштың 66 түрі (самырсын, майқарагай, шырша, қарагай, қайың, терек, емен т. б.), бұталардың 600 түрі (шетен, итмұрын, қарақат, тал, шілік т. б.) өседі. Жанға сая, дертке шипа болатын курорттар мен санаторийлер, демалыс үйлері мегЛагерьерлерді құлпыр-

тып, сәнге бөлеп тұрған да ағаштар. Аң-құстардың, пайдалы жәндіктердің саялы және қоректік көзі өсімдіктер болып табылады. Жыл өткен сайын адамдар өсімдіктің жана түрлерін шығарып, оны тұрмыста кең қолдануда. Соған орай өсімдіктердің қажеттілігі барған сайын а рта түсуде. (С. Макмұтов.).

сөздік

өсімдік — растение
бай — богатый
эле́м — мир
дәрі — лекарство
бону — краска
зиянды — вредный

ағаш — дерево
ак — зверь, хищный
жабайы — дикий
жана — новый
көрік беру — придать вид, красоту
пайда — польза

ЗАНЯТИЕ 26

Жіктеу жалғау — Личное окончание

Сөзге жіктік жалғауының жалғанып түрленуі сездің жіктелуі деп аталады.

Жіктік жалғау показывает, что представляют собой данные предметы (кем, чем он является).

Мен окушымын, сен окушысың, сіз окушысыз (Вы ученик), ол окушы, Мен студентмін, сен студентсің, сіз студентсіз (Вы студент), ол студент.

В казахском языке существительные, местоимения, прилагательные, числительные и наречия, так же как и глаголы, принимают личные окончания.

1. Для первого лица: а) -мын, -мін, -міз после конечных гласных и сонорных;

ә) *-бын, -бін, -быз* после конечных звонких;

б) *-пын, -пін, -пыз* после конечных глухих и звонких б, в, г, д.

2. Для второго лица:

3. Третье лицо не имеет личных окончаний

III жак: тек көсемше үшін -ды, -ді, -ты, -ті (жекеше-де, кепше-де).

Слова с личными окончаниями в предложении всегда выступают в качестве сказуемого. Поэтому личные окончания еще носят название окончаний сказуемости. (Кай сез табы болса да сөйлемде баяндауыш қызметін атқарғанда жіктеледі).

В отрицательной форме личные окончания присоединяются к слову емес. Например: студентмін (я студент), студент емеспін (я не студент). Асан колхозшы емес, жұмышы. Сен студент емессің, окушысың. Сіз окушы емессіз, мұғалімсіз.

Единственное число

1. Мен окушы емеспін.— Я не ученик.
2. Сен окушы емессің — Ты не ученик.
3. Сіз окушы емессіз — Вы не ученик.

Множественное число

- Біз окушы емеспіз.— Мы не ученики.
Сендер окушы емессіңдер — Вы не ученики.

Аффиксация в казахском языке проводится в строгой последовательности, т. е. сначала присоединяются к корню или основе словообразующие аффиксы присоединяются к корню или основе в определенном порядке:

а) аффиксы числа;

б) аффиксы принадлежности;

в) аффиксы падежей;

г) аффиксы лица; **Например:** Балаларның қасындамыңа. Нахожусь[^] своих детей. Здесь к корню были приіденены 4 аффикса: лар — аффикс множественного числа, -ым — аффикс принадлежности 1-го лица, -да — аффикс местного падежа, -мын — аффикс сказуемости 1-го лица.

Есім сездер иен етістіктерді. жіктелуі

жак	Есім сездердің жіктелуі		Етістіктің жіктелуі	
	жекеше	көпше	жякеик-	кеганс
I	ұстаз-бын стікші-мін	ұстаз-быз етікші-міз	барды-м барып-пын	барды-к барып-пыз
II	ұстаз-сың ұстаз-сыз стікші-сің	ұстаз-сың-дар ұстаз-сыз-дар етікші-сін-дер	барды-ң барды-ның барып-сың	барды-ң-дар барды-ның-дар барып-сың-дар
III	етік-ші-сіа ұстаз етікші	етікші-сіз-дер ұстаз етікші	барыл-сыз барды барып-ты	барым-сыз-дар барды барып-ты

I-жаттығу. Темендегі жіктік жалғаулы сездердің астын сызып, көшірікдер. "

1.— Амал не, кайнайсын да суисын, тасисын да кайтасың. Не құяр теңізің, не бөгелер тоғаның жоқ. Бірақ әр кайнаған сайын азайып, әр тасыған сайын кеміп отырады екенсін. (К-Жарм.). 2.— Сәтжан екеуміз ана қабакша тасқа шығамыз. Сендер осы арада қалып, мына тоғайдан бізге қарай қоян қағып қашырындар! 3.— Сен бұл түнде ауданға жете алмайсың. (С. Б.).

2-жаттығу. Запишите предложения, в выделенных словах подчеркните словообразующие аффиксы одной чертой, а падежные окончания и окончания множественного числа — двумя.

1. Жұмысшыларға сыйлық берілді. 2. Мұғалімдер үлгілі оқуытарды жақсы көреді. 3. Зоотехник малшылармен әңгімелесті. 4. Кезекші тактаны сулы шүберекпен сүртті. 5. Балықшылар теңізден балық аулайды.

3-жаттығу. Прочитайте текст. Перескажите содержание своими словами на казахском языке.

ДӘРІГЕР

Дәрігерлік — қадірлі мамандық. Дәрігер — адам өмірінің сақшысы. Дәрігердің адамға деген қамқорлығы көп. Басың ауырса, есіңе ең алдымен дәрігер түседі. Оның жәрдемін күтесің. Медицина ғылымын "адам өмірін сақтау ғылымы" дейміз.

СӨЗДІК

қадірлі мамандық — почетная специальность	есіңе түседі — вспомнишь
камқорлығы — забота	өмір — жизнь
	жәрдем — помощь

4-жаттығу. Прочитайте текст. Выделенные слова разберите по составу и определите, что обозначают в них аффиксы. По образцу данного текста напишите о своей семье.

БІЗДІҢ ҮЙ-ІШТІМІЗ

Біздің үйде алты адам бар. Қарындасым бастауыш мектепте үшінші класта оқиды. Інім алтықшы класта оқиды. Мен осы мектепте жетінші класта оқимын. Әжем — зейнеткер. — Әкем — инженер, шешем — мұғалім. Біздің мектебіміз Сәтбаев атындағы көтеде. Біз Абылайхан дақғылында тұрамыз.

5-жаттығу. Спишите, отделите черточкой у существительных суффикс или окончание.

1. Балықшы балық ұстады. 2. Үйректер көлде жүзіп жүр. 3. Механизаторлар трактормен жер жыртып жүр. 4. Менің қаламым сөмкеде. 5. Құстар бутакта отыр. 6. Жайлауда қой көп.

6-жаттығу. Прочитайте текст, переведите на русский язык. Выпишите слова в падежных формах и определите падеж.

Аңшылық — үлкен өнер. Аңшылық маусымы үш кезенге бөлінеді. Құстарды көктемде, күзде аулайды. Ал аңдарды

аулау — күз бен қыстың аралығы. Бұл айларда аң семіреді, жүні қоюланады. Күзгі аңшылық маусымы қазан айынан басталады. Бұл мезгілде көбіне қасқыр, аю, суыр, борсық және еті жеуге жақрайтын аңдар ауланады.

Құстардан қаз, үйрек, қырғауыл, дуадақ, бөдене, бұлдырық секілді қанаттыларды аулайды. Қырғауылды, бұлдырлықты тұзақпен, тормен ұстайды. Қасқыр, аю, борсықтарға қақпан құрады. ("Ұлан" газетінен).

СӨЗДІК

өнер — искусство	дуадақ — дрофа
маусым — сезон	бұлдырық — перепелка
суыр — сунок	бөдене — тетерев
қырғауыл — фазан	тор — сетка

7-жаттығу. Әнші, батыр сөздерін тәуелдегер, жіктендер, есптендер. Сонан кейін осы екі сөзге жалғаулардың барлық түрін жалғап көріңдер. Ең сонында жалғаулар жалғанған осы екі сөзді құрамына ендіріп екі сөйлем жазыңдар.

КАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОВОРОМ ПО-КАЗАХСКИ

Алматыда халықтың ардагер ұлдарына арналған қандай ескерткіштерді білесің?

Какие памятники, посвященные героям народа в Алматы вы знаете?

1. Ш. Уәлихановтың ескерткіші. ҚРҰҒА алдына 1970 ж. орнатылған.

2. Абай ескерткіші. 1960 жылы салынған.

3. Жамбыл ескерткіші 1971 жылы Қабанбай батыр және К. Байсейітова көшелерінің қиылысында Абай атындағы опера және балет театры гүл зарында ашылды.

4. Жандосов ескерткіші 1969 жылы Гагарин данғылы мен Жандосов көшелерінің қиылысқан жеріне орнатылды.

5. Жанкелдин ескерткіші 1975 жылы I Алматы теміржол вокзалы аланында орнатылды.

6. Аманкелді Иманов ескерткіші 1947 жылы Абылайхан данғылы мен М. Мәметова көшесінің қиылысындағы гүлзарға орнатылған.

7. С. Д. Луганский ескерткіші Абылайхан данғылы мен Гоголь көшесінің қиылысқан аралығына қойылған. 1974 жылы ашылды.

9. Мұхтар Әуезов ескерткіші — 1977 жылы Абай данғылы мен Жандосов көшесінің қиылысындағы Қазақ драма театрының алдында ашылды.

10. Фурманов ескерткіші — 1967 жылы Құрманғазы мен Фурманов көшелерінің қиылысында ашылды.

II. Сабыр Шарипов бюсі — 1980 жылы Виноградов кешесі мен Сейфуллин проспектісінің қиылысында ашылды. Ол (1882-1942)— котам қайраткері, жазушы.

Сізге кімдердің ескерткіші өте ұнайды?
Какой из памятников вам больше всего нравится?

Переведите на русский язык.

ТҮЛКІ МЕН ЕШКІ - ЛИСА И КОЗА

Қазіңтың халық ертегісі

Бір түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда, терең апанга түсіп кетті. Шыға алмай тұрғанда бір ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанга кез болып, түлкіні көреді.— Ей, түлкі батыр, не*ып тұрсың?— депті.— Ой, не қыласың, жаным жай тауып тұр. Қырда әрі сусап, әрі ыстықтап аліп едім, апанның іші әрі салқыш, әрі түбінде түп-тұнық суы бар екен,— депті түлкі. Мұны естіген ешкі: "Мен де салқындайын, әрі су ішейік" деп ойлап, апанга түсіпті. Сонда түлкі секіріп, ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне жармасып, мрғып далаға шығып, жөніне кетіпті. "Өтірікке алданба, басың бөлеге дұшар болар" деген осыдан қалпы.

сөздік

апан — яма
абайсызда — ненароком
мүйіз — рога

түлкі — лиса
жаным жай тауып тұр — блажен-
ствую

Отвeтътe на вoпpocы:

1. Не абайсызда терен апанга түсіп кетті? 2. Ешкі не іздеп жүрді? 3. Нет ол апанда көрді? 4. Түлкі ешкіге не деді?

ЗАНЯТИЕ 27

Күрделі сөз — Сложные слова

В современном казахском языке слова образуются путем сложения, удвоения и повторения двух или более слов, которые по своей морфологической структуре могут быть как корневыми, так и производными. Сложные слова выступают в трех основных структурных разновидностях: в виде слитных, парных, в также сокращенных слов, каждая из которых характеризуется своими структурно — словообразовательными особенностями.

I. Біріккен сөз — сложные слова. Сложные слова в казахском языке образуются при помощи словосложения, являющегося очень древним и до сих пор продуктивным способом создания новых слов.

Сочетание слов может сливаться в одно слово. (Сөзден сөз тудырудың бір амалы — екі сөзді біріктіріп айту. Бір сөзді екінші сөзге біріктіріп жана сөз тугызу арғы заманнан келе жатқан, әбден орнығып, қалыптасқан, үйреншікті жол. Екі, кейде одан артық түбірден бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіретін күрделі сөздің түрі біріккен сөздер деп аталады), асказан (желудок)— ас және казан, қосаяқ — кос аяқ (тушканчик).

Сложные слова могут быть разделены на две большие группы (біріккен сөздер екі түрлі тәсілмен жасалады).

К первой группе относятся сложные слова, в которых составные элементы сохраняет свою морфологическую структуру. Состав подобного рода сложных слов воспринимается носителями языка без помощи этимологии (түбір сөздер түлғасын өзгертеп, түбірін сақтап бірігіп, жана сөз жасайды).

Н а п р и м е р : бесжылдық (пятилетка), өнеркәсіп (промышленность), тасбака (черепаха), Талдықорған (защита, оплот), Алатау (пестрая гора), Ботакез — имя девушки (верблюжонок, глаза), баспасөз — (печать), Қаракоз (черноглазый), уштебе (триполье), Жетісу (семиречье).

Характерной особенностью этой группы отличающей ее от второй, является то, что их компоненты употребляются самостоятельно вне данных образований и не находятся в зависимости друг от друга.

Ко второй группе относятся сложные слова с упрощенной основой, т. е. такие, в которых все компоненты (или один из них) подвержены фонетическому, этимологическому затемнению, десемантизации. Причины этого явления могут быть разные. Так в одном случае оно происходит в силу различных фонетических изменений (деформация, усечение, выпадение отдельных звуков в основах компонентов), а в другом зависит от семантических факторов.

бүгін (бұл күн)— сегодня (түбір сөздер өнін өзгертіп, алғашқы түлғаларына ұқсамай бірігеді). Мысалы: былтыр (бұрынғы жыл)—(прошлом году, токсан (тоғыз он)— девяносто, қарлығаш (кара ала күс)— ласточка, әкел (алып кел)— принеси, шаштараз (шаш — волосы тараз — брить, скоблить с иранского языка)— парикмахерская, биыл —(бул жыл), екет (алып кет), опер (алып бер), апар (алып бар).

1-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден біріккен сөздерді теріп көшіріңдер. Олардың қандай түбірлердің бірігуінен жасалғанын айтыңдар. Біріккен сөздердің емлесін еске сақтандар-

1. Қызыл туды көтерген бір топ биік Актаудың үстіне шығып барады. (Ғ. М.). 2. Тасбаканы көтеріп қойған да бір, көзін жойған да бір (Мак.). 3. Сізге ұзақ демалыс беріп, жер астындағы жұмыстан біржола босатқымыз келеді (Ғ. М.). 4. Мырзашөлде 800-850 мың гектер, Оңтүстік-батыс Өзбекстанда 1200 мың гектар, Қарақұм каналы аймағында 600 мың гектар, Сырдарияның төменгі жағында 900 мың гектарға жуық жер Сырдария мен Амударияның суымен суарылмақ. 5. Бір түп күнбағыс жаз бойы 40 литр су ішеді ("Ғылым гажаптары" кітабынан). 6. Жарқанатқа жарықтан қаранғы артық. (Мак.). 7. Белбеулерін ағытып, етіктерін шешіп жатыр. 8. Олардан кейін Шеге, Қарашаштар келеді. 9. Қасқырсайдан Айгул отары да кеше ғана өткен. (Ғ. М.).

2-жаттығу. Сөйлемдерді оқып шығып, олардың ішінен біріккен сөздерді теріп көшіріңдер. Біріккен сөздердің қандай түбірлердің бірігуінен жасалғанын айтып, олардың емлесін есте сақтандар.

1. Биыл осы маңайда қаптесер мен көртышканның іні қаптап кетті. 2. Мол ғып ек таусағыздар, кексағыздар. Олардың сағыздарын ағызып ал. (С. М.). 3. Кешке колхоз клубында осындағы көркемөнер үйірмесінің концерті болады екен (Б. С.). 4. Күнбатыс жақтан қарауытып көп жылқы көрінеді. 5. Оның ауылы Жезказғанның күншығыс жағында.

2. Қысқарған сөздер — Сокращенные слова

Сокращенные слова составляют отдельную группу среди сложных слов. В казахском языке сокращенные слова появились после Октябрьской Социалистической революции под влиянием русского языка.

Сложные слова с сокращенными основами называются сложносокращенными. Қысқарған сөзді тіл ғылымында аббревиатура дейді. Күрделі атаулардың ықшамдалынып алынған түрі қысқарған сөздер деп аталады.

Аббревиатура используется в области научно-технической терминологии, в названии предприятий, учебных заведений и др.

Қысқарған сөздердің түрлері

Пути образования сокращенных слов

В казахском языке существуют 4 типа сложносокращенных слов:

1. Слова, образованные на основе начальных заглавных букв или звуков производящих основ (слов). (Бас әріптерден қысқарған сөздер).

ҚРҰҒА — Казахстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы.

ТМД — Тәуелсіз мемлекеттер достастығы.

МАИ — Мемлекеттік автомобиль инспекциясы.

АҚШ — Америка Құрама Штаттары.

2. Слова, образованные из начального слога первого слова и начальных звуков последующих слов (Бас буын мен бас әріптен қысқарған сөздер).

ҚазТАГ — Қазақ телеграф агенттігі.

ҚазМПУ — Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті.

ҚазМИ — Қазақ медициналық институты.

3. Слова, образованные только из начальных слогов (слов). Бас буындардан қысқарған сөздер.

кеңшар — кеңес шаруашылығы

обком — облыстық комитет

4. Слова, образованные из начального слога первого слова и последующего целого слова (Бас буын мен тұтае созден бірігіп қысқарған сөздер).

ауыл кеңес — ауылдық кеңес

пединститут — педагогикалық институт

мединститут — медициналық институт

Сложносокращенные слова, образованные из начальных букв или звуков пишутся с заглавных букв без знаков между ними.

Аффиксы к этим словам пишутся через дефис.

АҚШ-та в США; ҚазПТИ-де в КазПТИ.

2-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, құрамынан біріккен сөздерді тауып, олардың қандай түбірлерден бірігіп тұрғанын айт.

1. Шырт ұйқыда жатқан Қозыбағар мен Ербол оянып кетті. 2. "Баянауыл" оқушылар лагері Сарысу өзенінің маңына орналасқан. 3. Аққала сокқан балалардың қолдарында қолғаптары жоқ.

3-жаттығу. Түмендегі сөздер қандай ұғымның атаулары екенін анықтап, олардың өрқайсысы қандай сөздерден, қалай бірігіп тұрғанын айт.

Епбеккүн. Көзқарас. Жаздықүні. Белбеу. Талдықорған. Анар. Бүгін. Әкет.

ЗАНЯТИЕ 28

Қос сөздер — Парные слова

Одним из путей словообразования в казахском языке является парное произношение некоторых слов. Способ словообразования посредством парных слов в казахском языке

имеет большое распространение и при помощи этого способа можно образовать от любого слова новое оттенком значения.

Этот способ возник в древние времена и основательно утвердился в казахском языке как один из важных способов словообразования.

Түбірлердің (сөздердің) қосарланып айналуынан жасалған күрделі сөздің түрі қос сөздер деп аталады.

Сложные слова, образованные путем парного произношения корней (слов) называются парными словами.

Парные слова образуются следующими различными путями:

1. Қайталама қос сөздер. Идентичные повторы.

Парноповторные слова образуются путем повторения одной и той же основы слов и имеют оттенки увличения (Бір сөздің өзі екі рет қайталануы арқылы жасалады). Тау-тау, сай-сай, кора-кора, тен-тен, жаксы, биік-биік, қайта-қайта (снова и снова), оқтын-оқтын (временами) тез-тез, шелек-шелек (ведрами), төбе-төбе (холмы да холмы, т. е. холмы один за другим). Одно и то же слово повторяется два раза и тем самым создается понятие о множестве данного предмета или явления.

2. Кайшы (қарсы мәндес) қос сөздер.

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерден жасалады. Образуются от противосмысловых слов (антонимов) и имеют обобщительный смысл: (антонимов) кәрі-жас, старый-молодой, юный, әрлі-берлі туда, дальше, сюда; шикілі-пісілі, ұзынды-қысқалы, ірілі-ұсақты, алыс-жақын, дос-дұшпан, күштут, қысы-жазы, далеко-близко, друг-враг, день-ночь, зима-лето.

3. Үстеме еселеме буынды (Усилительные повторы или усеченные повторы).

При помощи совместного произношения и его усилительного слога получают усиленно-увеличенный смысл основного слова (Негізгі сөздің мағынасын күшейту үшін сол сөзге оның басқа буыны қосарлану немесе еселену арқылы жасалады); қып-қызыл — очень красный, сап-сары — очень желтый, қап-қара — очень черный, әп-әдемі — прекрасный, күп-күрен, теп-тегіс, теп-терең, жеп-жеңіл, сүп-суық, жіп-жіңішке.

4. Сықар мәнді қос сөз (Рифмованные повторы)

Парные слова, образующиеся при помощи совместного произношения двух слов, один из которых имеет смысл, а другой не имеет. (Бір сыңары мағыналы, екінші сыңары өздігінен мағына бере алмайтын сөздердің қосарлануынан жасалған қос сөздер) шай-пай (чай и тому подобное), тиын-сиын (мелочь), кейлек-кеншек (платье и т. п.), жүн-жүрқа

(шерсть и т. п.), нан-пан, жылқы-мылқы, ат-мат (конь и подобный), кәрі-күртан, өте-мөте.

5. Екі сыңары да өздігінен мағына бере алмайтын қос сөздер:

(парные слова, каждый из которых в отдельности не имеет смысла, приблизительное значение) ығы-жығы (шуры-муры), анда-санда (редко), елең-алаң, там-тум, быт-шыт, алай-түлей, оқта-текте, апақ-сапақ, апыл-тапыл, алба-жалба. 6. Еліктеуішті қос сөздер (Подражательные повторы или деформированные повторы)

Парные слова, образованные при помощи произношения двух подражаемых слов. (Қосарланып айтылған еліктеуіш сөздерден жасалған қос сөздер): жалт-жулт — обозначает блеск, тарс-турс обозначает грохот, сарт-сурт, сатыр-сутыр, жарқ-жүрқ, тасыр-тұсыр, қалт-құлт, сел к-сел к, қарқ-қарқ, қарш-қарш, салдыр-гүлдір.

7. Мәндес қос сөздер — (Однословные парные слова).

Они образуются из однословных или близких по смыслу слов (синонимов). (Мағыналары бір-біріне жуық, мағыналас (синоним) сөздерден жасалады).

Мысалы: ел-журт, бұзау-торпақ, ыдыс-аяқ, күрт-кумырсқа, бақа-шаян, кепсе-жастық (одеяло, подушка т. е. постельное белье) төсек-орын, сорпа-су, қыз-келіншек (молодежь), ата-ана (родители) шыбын-шіркей, мал-мүлік, жолдас-жора (друзья).

Қос сөздердің барлық түрі де дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: жан-жануар, ертелі-кеш, өзді-өзі.

1 -жытығу. Төмендегі сөйлемдерден нос сөздерді теріп, оларды түр-түрге бөліп, дәптерлеріне көшіріңдер.

1) Қыс ызғарын сезгесін-ақ күзеуде отырған ел қыстауға асығыс көшіп, қора-қопсынын қамын жеп, қай ауылда абыр-сабыр. Оның үстіне суық түскелі, қырды қыстайтын көп ауыл теңіз жағасына ағылып, үздік-создық келіп жатыр. 2) Еріндері көгеріп, дірдектеп тонып, кішкене қылқанак тістері сак-сак етеді. 3) Жанды қара жоқ...саран шалшық сулардың басында ұйлығып отырған топ-топ қаздарды көресің. 4) Жолдасым отыз-қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам. Сиректеу сақал-мұрты бар, қара бұжыр. Астында қойшылар мінген қаракер бесті, үсті-үстіне ұрып отырмаса, кейін қалып қоя береді. 5) Сол көп сарынның ішінде екі-үш рет алыстан атылған мылтық дауысы да гүрс-гүрс етіп естіліп қалды. 6) Дел осы кезде топтанып, шоғырланып келе жатқан жылқы жан-жағына тоз-тоз болып бытырап жөнелді. Әрі-беріден сон жау сойылы да бөгет бола алмады. 7) Керсендей тап-тарғыл

қауын жатыр-журттың ортасында! Қыр-аркасы хыртыс-қыртыс, екі бүйірі тарғыл ала, жұрт танданумек түр. 8) Ертелі-кеш ерсілі-қарсылы судан өту сичкты үлкен қауіп-қатермен аяқтайды.

2-жаттығу. Мына сөйлемдерден *қос* сөздерді тауып, қалай жасалып тұрғанын түсіндір.

1. Үй іші ағыл-тегіл жатқан оны-мұны нәрселер: ыдыс-аяқ, көрпе-жастық, көйлек-көншек дегендер. (М. Ғ.). 2. Әрлі-берлі жүгіріп, асыр салып ойнайды. 3. Сол бойда өзен жағасына келді де, жалма-жан шешіне бастады. 4. Іші-сыртының қара сылағы ғана сыланып, есік-терезе орнатылған қалпында иесіз қалған үй екен. (М. Им.).

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОГОВОРИМ ПО-КАЗАХСКИ

1. Тұрар Рысқұлов туралы не білесіз?
Что вы знаете о Тураре Рыскулове?

РЫСКУЛОВ ТУРАР (1894-1938)

Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 ж. халық азаттық, көтерілісіне, Түркістанда кеңес өкіметін орнату және нығайту күресіне белсене қатысушы, кеңес, партия және мемлекет қайраткері.

Жетісу (Алматы) облысының Верный уезіндегі Шығыс Талғар болысында кедей шаруа отбасында туған. Ол Әулиеатада (Қазіргі Жамбыл) "Қазақ жастарының революциялық одағын" ұйымдастырды. 1923-24 жылдары БК(б)п ОК-ның мүшелігіне кандидат, БОЛК КСРО ОАК-нің мүшесі, РСФСР кеңестері барлық съездерінің делегаты. Ол көптеген кітаптар мен кітапшалардың, 100-ден астам мақаланың авторы. 1926—37 жылы РСФСР Халкомсов төрағасының орынбасары болып, бірқатар маңызды қызметтер атқарды.

Т. Рысқұлов Түрксібті, Карағанды, Балхаш кәсіпорындарын, Семей ет комбинатын т. б. ірі кұрылыстарды салуда көп еңбек сіңірді.

сөздік

көтеріліс — восстание
кедей шаруа — крестьянская семья
қайта нарау — заново построить
кешпелі халық — кочевой народ

белсене қатысушы — активный
участник
ұйымдастырды — организовал

Соз таптары

атаушы сөздер	көмекші сөздер	одағай сөздер
есімдер	шылау	одағай
етістік		
атау есімдер		
үстеуші есімдер		
зат есім		
сын есім	үстеу	еліктеу сөз
сан есім		

Зат есім

(Имя существительное)

Слова-существительные обозначают: живые существа (ба-ла, аға, ақын), предметы (ағаш, кітап, уй, телевизор), явления природы (жел, жаңбыр, қыс, қар), признаки и свойства, процессы и действия, количественные отношения и т. д.

Основные синтаксические функции имени существительного — быть подлежащим и дополнением.

Имя существительное имеет следующие морфологические признаки: число, падеж, личные окончания, притяжательная форма, одушевленность — неодушевленность. Кроме того, у существительных есть словообразовательные суффиксы. Начальная форма имени существительного — именительный падеж единственного числа.

Именем существительным называется часть речи, обозначающая предмет и отвечающая на вопросы кім? (Қто?), Не? (Қто?).

Мысалы: оқушы, темірші, балықшы, элем, дауыл, қос-мос, қоше, қайың. Имя существительное в казахском языке не различается по грамматическим родам и имеет логические родовые различия: менің әкем газет оқыды, шешем кітап оқыды — мой отец читал газету, моя мать читала книгу.

Среди существительных выделяются следующие лексико-грамматические разряды. Зат есімдерге жататын сөздердің өзі іштей мағыналық жақтан бірнеше жікке бөлінеді.

1. Нарисательные и собственные — жалпы есім, жалқы есім.
2. Конкретные, отвлеченные (абстрактные) — нақты және абстракты зат есім.
3. Собирательные — жинақталу зат есім.
4. Предметно-вещественные — жіктеме зат есім.

Жалкы есім мен жалпы есім — Собственные и нарицательные существительные

По значению имя существительное можно разбить на две группы: 1. (Собственное имя (жалкы есім). Существительное может обозначать индивидуальное явление. Сюда относятся имена, фамилии, прозвища, клички, астрономические, географические и административные наименования, названия органов печати. Подобные существительные называются собственными. Жеке я дара заттарга берілген атауларды жалкы есім дейміз.

Мысалы: а) Географиялык атаулар (географические имена); Алатау, Орал, Казбек, Волга, Дон, Ертіс, Каспий, Арал, Балхаш, Москва, Алматы, Кекшетау.

б) Кісі аттары (имена): Аскар, Балтабек, Шокан Уәлиханов, Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

в) Газет, журнал, кітап аттары (название газет, журналов, книг). "Жас Алаш" газеті, "Парасат" журналы, "**Ботакөз" романы.

2. Наричательное имя (жалпы есім) существительное может быть общим наименованием для целой группы однородных лиц, животных, предметов и т. д. Такие существительные называются нарицательными. Основная масса существительных входит в эту группу. Мысалы: тау — гора, өзен — река, кел — озеро. Кала — город, жұлдыз — звезда, кісі — человек, кару, кітап, роман, мал, кус, кездеме, бала — ребенок, ейел — женщина, кар — снег, өмір — жизнь, жарыс — соревнование. Эденеше біртектес заттың уғымдарын камтитын атауларды жалпы есім дейміз.

Нақтылы (деректі) жөне абстрактылы (дерексіз) зат есім

Деректі зат есімдер — Конкретные существительные

Конкретными существительными называются слова, обозначающие явления, которые можно чувствовать, видеть, держать руками: кісі — человек, бала .. — ребенок, мектеп — школа, тас — камень, бидай — пшеница, шеп — трава, ағаш — дерево. (Нақтылы (деректі) зат есімдер деп эдетте кезбен көріп, қолмен ұстап тануға болатын заттарды білдіретін сөздерді айтамыз).

Жалпылық (абстракты) зат есімдер — Отвлеченные существительные

В группу отвлеченных существительных входят слова, обозначающие качества, свойства, состояния, действия или какие-либо общие понятия, которые, нельзя ни считать, ни измерить: ақыл — ум, ой — дума, сана — сознание, жаксылық — добро, кіріс — доход, кеншілік — простор, арман — мечта, сезім — чувство, адамгершілік — благородство. (Көзге көрінбейтін, денеге сезілмейтін, ойлау қабілеті арқылы танылатын заттық уғымдардың аттарын білдіретін сөздерді айтамыз).

Жинақтау зат есім — Собирательные существительные

Собирательные существительные обозначают множество однородных предметов как неделимое целое: (Жинақтау зат есім дегеніміз бір-біріне тектес заттарга жалпы қойылған атау).

Кус — (карга, торгай, каршыга, бүркіт).

Аң — (қасқыр, түлкі, жол барыс, арыстан).

Балық — (сазан, жайын, бекіре).

Мата — Опыт, барқыт, без, шайы).

Адам — (еркек, ейел, бала, қыз, кемпір, шал).

Жіктеме зат есім — Предметно-вещественные существительные

Предметно-вещественными существительными называют конкретные предметы — вещи: портфель, стол, кара гай, сиыр, кой, жылқы, ешкі, немесе карга, торгай, бүркіт, дегендер заттардың жеке топтарының а ты. (Жіктеме зат есім дегеніміз" — жинақтау зат есіміне жататын заттардың дербес аттары).

1-жаттығу. Мына сөйлемдерді квшіріп жазып, жалкы есімдердің астын бір рет, жалпы есімдерді екі рет сыз.

1. Кеңес Одағының Маршалы Г. К. Жуков басқарған І— Белорусе майданының жауынгерлері бұл кезде Берлин шабуылына дайындалып жатты. ("Берлинді алған батырлар" кітабынан.) 2. Көктем келді. Дала өміріне кимыл пайда балды. Сай-саллада сірескен қарлар гүрілдеген су тасқынына айналды (Ж. Саин).

2-жаттығу. Мына сөйлемдерді тег жалкы есімдерді бас әріппен көшіріп жаз.

а) Қыздың аты Ботакөз екенін Асқар осы а рада білді. Орысша киінген жігіт — Досанов Асқар еді. Асқар Омбының учительская семинариясында оқыды. (С. М.). б) Кім? Не? Кімдер? Нелер? Кімі? Несі? деген сұрақтарға жауап беретін зат есімдерді қатыстырып, 2—3 сойдем кура.

3-жаттыгу. Өздерін білетін бес деректі және 5 дерексіз сөздерді курамына ендіріп сөйлем курастырықлар.

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОВОРОМ ПО-КАЗАХСКИ

СӘТБАЕВ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ (1899-1964)

Қ. Сәтбаев туралы не білесіз?

Что вы знаете о Каныше Сатпаеве?

Ол — казак халқының аса көрнекті ғалымдарының бірі. Қаныш Томск қаласындағы технологиялық институттың тау-кен факультетінің барлаушылық бөлімін бітірді. 1926 жылы тау-инженері атағын алды. Қарсақпай, Жезқазғанның саркылмас кен байлығын ашты. Сол еңбектері үшін отан геология-минерология ғылымдарынан докторы дәрежесі және *Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағы берілді. 1955—64 жылдары Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының президенті. Ол 640-тан астам ғылыми еңбектің авторы, Қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы.

СӨЗДІК

аса көрнекті ғалым — выдающийся ученый	саркылмас — нескончаемый кен байлығы — богатые руды
барлаушылық — разведывательный	ашты — открыл
тау инженері! — горный инженер	

Прочитайте текст и переведите.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ
(1893—1938)

KjbiсKjiuia өмірбаяны

Мағжан Жұмабаев 1893 жылдың 25 маусымы күні дүниеге келді. Мағжанның туған жері Ақмола губерниясындағы Ақмола уезінің Полуден болысы деп аталған. Қазір бұл елді мекен Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданына қарасты Мағжан атындағы кешшар.

Мағжанның әкесі Бекен 1868 жылы Сасықкөл басында дүниеге келіпті. Бекеннің әйелі — Гүлсім жеті ұл, екі қыз туады. Ең үлкен ұлы — Мүсілім. Одан соң Қаһарман,

Мағжан, Мүкамеджан, Сәлімжан, Қалижан, Сабыржан, қыздарыаын аты — Күләндам, Гүлбаһрам, Бекеннен таралған ұрпақ түгелдей өжет, қайсар болып өсіпті.

Баласының оқуға ынтасы зор екенін көрген әкесі Мағжанды Қызылжардағы М. Бөгішов ұстаздық еткен медресеге оқуға береді. Ол мұнда төрт жыл оқып, мұсылманша білім алады, арабша, парсыша, түрікше үйреніп, сол тілдердегі әдебиетпен жан-жақты таныса бастайды. Оның ақындық талантының ояна бастағаны да сол жылдар еді.

1913 жылы Мағжан Омбыға келіп, оқытушылар семинариясына оқуға түседі. Сөкен Сейфуллин екеуі осы семинария қабырғасында танысады. Мағжан мұғалімдер семинариясын 1917 жылы алтын медальмен бітіреді. Үздік оқитын казак балаларына арналған "Потанин фондасынан" ұдайы стипендия алып тұрады. Оқуын бітірер алдында ол үйленіп, отбасы боп өмір суре бастайды. Бірақ көп ұзамай-ақ қасіретті қайғыға кезігеді. 1919 жылдың 10 ақпанында Зейнеп баладан қайтыс болады.

1924 жылы Москваға ауысып, сонда жұмыс істейді. 1927 жылы елге қайта оралып, Қызылжар қаласындағы Казак педагогикалық техникумы мен совет — партия мектебінде сабақ беріп жүреңі. Бірақ 1929 жылы ұсталып, Москвадағы Бутырка турмесіне қамалады. Содан он жылға сотталып, Карелияда айдауда болады. 1935 жылы ол М. Горькийге хат жазып, ұлы жазушының көметімен абақтыдан босанады. Қызылжар қаласындағы № 7 орта мектепте орыс тип мен әдебиетінен сабақ береді. 1937 жылдың 18 наурызында Мағжан С. Сейфуллиннің шақыруы бойынша Алматыға келеді. Көп ұзамай ол тағы да 1937 жылдың 30 желтоқсаяы күні түтқыққа алынады. Сөйтп аяулы ақын сталинизмкің қурбаны болады.

Бір замандарда Бехен мен Гүлсімнің махабатынан жаралған жеті ұл мен екі қыз да аяусыз қуғын-сүргінге түседі. Олардың айыптары біреу — олар Мағжанның туыстары болғандығы еді. Мағжанның басқасының — бөрінің де арттарында қалған ұл-қыздары, немере шөберелері бар. Олар қазір Солтүстік Қазақстан облысының Булаев және Возвышен аудандарында өмір сүреді.

Кешегі қара түнек сталинизм дәуірінде Жұмабаевтар отбасы бастан кешірген трагедиялық ақуал осындай.

Бірақ Мағжан Жұмабаевтың артында өлмес мұралары қалды. Жиырмасыншы ғасырдағы казак поэзиясын асқаралы асуларға көтерген ақынның есімі ұлттық мәдениетіміздің тарихына келіп қосылып отыр.

(Мағжан Жұмабаев, Шығармалары, Алматы, 1989 ж.)

Зат есім жасайтын журналтар

Словообразующие суффиксы существительных

В казахском языке существуют определенные суффиксы, при помощи которых образуются производные слова. Из них наиболее продуктивные следующие:

1. *-шы, -ши* балык-шы — рыбак, мал-шы — животновод, колхоз-шы — колхозник, сату-шы — продавец, ойын-шы — игрок, би-ші — танцор, кой-шы — чабан.

Слова с этими суффиксами обозначают профессию человека или склонность лица к чему-либо.

2. *-лык, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік*. Такие суффиксы образуют существительные с отвлеченным понятием: ана — мать, аналык — материнство, бала — мальчик, балз-лык — ребячество, детство, бас-шы — руководитель, басшы-лык — руководство, кісі-лік — человечность, адал-дық — честность, азамат-тық — гражданство, ер-лік — мужество.

От количественных числительных образуются существительные, бір — один, бірлік — единство, екі — два, екі-лік — двойка, үш-тік — тройка, алты-лык — шестерка.

3. *-ша, -ше, -шық, -шік*. При помощи таких суффиксов образуются существительные, имеющие ласкательно — уменьшительное значение: кітап-ша — книжонка, сандық-ша — сундучок, белме — комнатка, кап-тық — мешочек, үй-шік — домик, избушка, көл-шік — озеро.

4. *-хана*: асхана, кітапхана, шайхана, мейманхана, ем-хана.

5. *-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес*: жер-лес, жол-дас, карнн-дас, ел-дес, ат-гас.

6. *-ылдырық, -ілдірік, -кер, -гер*: көз-ілдірік, табал-дырық, сауда-гер — торговец, арба-кеш — извозчик, айлакер — хитрец, дәрі-гер — врач, қызмет-кер — служащий.

Етістіктен зат есім тудыратын журналтар

Аффиксы, образующиеся от глаголов.

1. *-с, -ыс, -іс*: При помощи этих суффиксов образуются производные существительные от глагольных основ: айт-ыс — спор, диспут, сотые — война, құрыл-ыс — строительство, сөг-іс — выговор, жең-іс — победа, күре-с — борьба,

корған-ыс — защита, тала-с — спор, усын-ыс — предложение, таб-ыс — заработок, шайка-с.

2. *ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе*: кой-ма — склад, тапсырма — задание, туй-ме — пуговица, тарт-па — пояс, кес-пе — лапша, суз-бе — творог, аудар-ма — перевод, жар-ма — крупа, мін-бе.

3. *-м, -ым, -ім*: же-м — кормовое зерно, тіз-ім — список, біл-ім — знание, ки-ім — одежда, ал-ым, тын-ым — отдых.

4. *-к, -қ, -ық, -ік, -ақ, -ек*: ора-к — серп, тара-к — расческа, күре-к — лопата, еле-к — сито, тосе-к — постель, каз-ық — кол, сыз-ық — черточка, түкір-ік — плевок, бед-ек — кусок, часть, тіл-ек — желание, қон-ақ — гость, жат-ақ — кайра-к — точило.

5. *-ғы, -гі, -қы, -қу* бұр-ғы — сверло, сыпыр-ғы — метла, шал-ғы — коса, сүз-гі, соқ-қы — удар, күл-кі — смех.

Негізгі зат есім мен туынды зат есім

Зат есім негізгі және туынды болып іштей өзара сараланады. (По своему морфологическому составу имя существительное делится на корневые и производные).

Негізгі зат есім толық мағына білдіретін түбір сездерден жасалады: тау, тас, ой, кой, той, от, ат, ер т. б.

Корневое имя существительное обычно совпадает с корнем, который обладает полнотой значения и равен самостоятельному слову.

Туынды зат есім морфологиялық тәсілмен (есімдер мен етістіктерге жұрнақ жалғану арқылы ақыл-шы, са-уыт-шы, ұйт-қы).

Производное имя существительное представляет собой сочетание корней и словообразующего аффикса.

1-жаттығу. Мақалдардың құрамындағы негізгі зат есім мен туынды зат есімдерді ажыратындар. Есім сездерден (зат есім, сын есім) жасалған туынды зат есімдерді бір белек, етістік сездерден жасалған туынды зат есімдерді бір белек тізімдеп кешіріндер. Туынды зат есім жасап тұрған жұрнақтарды атақлар.

1. Ерлік пен бірлік женіске жеткізеді. 2. Ердін сыншысы — елі. 3. Татулықта табыс мол. 4. Өлімнен ұят күшті. 5. Темірші қымршіге үйір. 6. Оқусыз; білім жоқ, білімсіз күнін жоқ. 7. Семіздікті қой көтерер. 8. Қой семізі — қойшыдан. 9. Қасапшыға мал қайғы, кара ешкіге жан қайғы. 10. Ағын суы бал татыр, ақ шабағы май татыр. 11. Диканшы жерін мақтайды, балықшы көлін мақтайды. 12. Ексен егін, ішерсін тегін. 13. Егіндікті күз суар, күз суармасаң, жүз суар.

14. Еріншек егіншіден елгезек масақшы озар. 15. Шытндық — сегіз, бакыт — егіз. 16. Жақсылық ағаш басында, жамандық аяқ астындз. 17. Сактықта қорлық жоқ. 18. Кірісіне карай шығысы.

2-жаттығу. Туынды зат есімдерді теріп көшірікдер.

Олардың қандай жолдармен (журнақ жалғану арқылы, түбірлердің бірігуі немесе қосарлануы арқылы) жасалғанын айтындар.

Қазіргі Қаратау шоқыларын қак жарып, оңтүстік-шығыстан селтүстік батыстағы Шолақхорғанға дейін жнегіне көз жетпейтін айдын шалқар көл жатыр. Көлдін ені 8—12 шақырым, суы өте тайыз. Таудан соккан желдік әсерінен көл суы тербеліп, жеңіл толқын жағаға шып-шып ұрады. Тактақдан жазық келл-убищве-гі лай бетінде ирендеген кішкене белестер. Жаз бойы көл суы тарғылып, ж&галары курға.і қалатын. Түбіне шөхкен актъял түсті майда лай кебе к еле, шым-шыгырак жарьхлады. Айнала утлып-қонып безектеген маса, шыбын-шіркейлер, ет*еліктср, су түбінде біресе сінгіп, кейде қалқыған ұлу, кокыздар, таракан, күрт-і-ұчырска жиектегі жабнсках лайға қона қалса-ақ, аяқ-қанаттары жабысып, соккан тслкышнын жемі болып қала берез:. Балықтар су бетінде қалқыған шыбын-шіркейді аулап, шолпылдап жүр. Міне, бірін-бірі қуып келіп, үлкенірек біреуі өз бауырын жұтып қойды. Кейіннен галымдар бұл балықтардың Қаратаудан басқа жерге тармағак төрт түрін тапты. ("Білім және еңбек" журнглииан).

Зат есім жекеше, көпше айтылады, тәуелденеді, септеледі, жіктеледі. Мысалы: малшы, малшылар, малшымыз, малшыларымыз; малшыға, малшылардақ, малшыларымызды, малшымын; малшысыз, малшылармыз, малшыларсыздар.

Тілімізде көптік жалғаулары жалғанбай-ақ, көптік мағына білдіретін зат есім де бар. Олар сүйық заттар: су, қымыз, айран, сүт т. б. Уақ, ұнтақ, бығыранды, уйысқан, ұсақ заттар: күм, шан, тозаң, үн, жүн, шаш т. б.

Газ тектес заттар: бу, түгін, туман т. б. Дерексіз заттар: реніш, армақ, қиял, ой, өділдік, кен байлығы: күміс, алтын, құрыш, шойын т. б. Жаратылыс құбылыстары: боран, ж ел, дауыл, жанбыр, күйын т. б.

Табиғи жұп болып келетін зат есімдер;
(Парные предметы).

қоз, қол, аяқ, шацғы, етік, бәтеңке т. б.

3-жаттығу. Өлекді оқып, көптік жалраулы сөздерді аташар. Сөздерге көптік жалғуының түрліше жалғану себебін түсіндіріндер.

ЖАЗҒЫ ШІЛДЕ

Ой, балалар, балалар,
Шілдем, шілдем-шілде айым
Шырқап толға қун сайын

Шұбар ала шешектер,
Шудаланған көк шептер.
Жапырақтар жалпайды.

Жас қозылар маркайды,
Үшты көк сай қуалай,
Сайда пісті тал, қурай,
Құрт, ірімшік қайналды,
Құлындар да байланды.

Нәйім, нәйім, бауырсақ,
Ағын суда шомылсақ,
Ой, балалар, балалар,
Ойналық та күлейік,
Үйретіп тай мінелік.

(I. Жансүгіров.)

4-жаттығу. Өленді оқып, қай сөздердің зат есімдер екенін, оларға қандай жалғаулар (тәуелдік, септік, жіктік) жалғанып тұрғанын айтындар.

МЕН ШОПАНЫҢ ҰЛЫМЫН

Ағарған тацмен бірге атып,
Өріске малый қапдатқан.
Жанарын нұрға суарып,
Көңілде көп ой маздатқан.
Бір төлі өссе қуанып,
Ерте-кеш тынбай мал бакқан.
Мен шопанның ұлымын.

Қызарған күнмен бір батып,
Үйқыға түнде кеш жатқан.

Қызғалдақ гүлдер құлпырып,
Тартады көзді айнала.
Өрісім, туған мекенім,
Өзіңнен бәрін табамын.

Үйренген жастан ер іске.
Қолға ұстап атам құрығын
Шығамын ерте өріске.

Шарықтап кейде кетемін,
Көркіне байтақ далабың.
Төсімді ашам жауыққа,
Қорқыныш емес дауыл да.

Айнала жым-жырт, күн тымық,
Еседі — самал жай гана.

Тербеліп бір күй жанымда,
Әндетіп қайтам ауылға

(III. Мұхамеджанов.)

5-жаттығу. Текст) оқыл шығып, мазмұнының кім жвнінде екенін айтып беріндер.

ОРАЗ ЖАНДОСОВ (1889—1937)

Ораз Жандосов — Қазақстанда жаңа дәуір орнатуға белсене араласқан ірі мемлекет қайреткері. Ол — бар күш-жігерін, еңбегін, ақыл-ойын бостандық, тәуелсіздік, тендіктің халқымызға береке әкелуіне арқаған адам.

Халқымыз Ораз Жандосовтың күрескерлік қызметіне жоғары баға берді. Бұл күндері еліміз оның есімін құрметпен

атайды. Оның тутан аулындағы кеншар және Алматы қаласындағы ең басты көшелердің бірі осы ардагер азаматтың есімімен аталады. Ораз Жандосовқа Алматы қаласының ортасынан үлкен ескерткіш орнатылды.

Текстен зат есімдерді тауып, олардың қандай жалғауларда тұрғанын анықтандар.

6-жаттығу. Текстің мағынасын анықтап, зат есімдердің қандай жалғауларда қолданылып тұрғанын ауызша талдандар.

Түйе — шөл даланың төзімді көлігі. Адам баласына түйенің пайдасы аса зор. Ол — күшті, шөлге, суыққа, желге төзімді мал. Түйенің сүті қою келеді. Оның сүтінен шұбат ашығады. Мұны шұбат немесе қымыран деп атайды. ("Табиғат тану" оқулығынан.)

КӨМЕКШІ ЕСІМДЕР — СЛУЖЕБНЫЕ ИМЕНА

Служебные имена, сочетаясь с другими предшествующими именами в родительном падеже (оформленном или неоформленном), образуют сложные слова, имеющие пространственное значение. В этом сочетании служебные имена употребляются только в притяжательной форме лица и принимают падежные окончания. По смыслу они иногда соответствуют русским предлогам: үсті — над, верхняя часть; асты — под; алды — передняя часть, перед; а рты — задняя часть; жаны, қасы — боковая часть, возле; іші — внутри, в; арасы — промежуток, между; сырты — наружная часть, вне и т. д. Например: үйдің іші таза — внутри комнаты (в комнате) чисто. Мен үйдің ішіне кірдім.— Я зашел в комнату. Машина үйдің алдына келіп тоқтады.— Машина подъехала к дому (остановилась перед зданием).

Есім (көбінесе зат есім) сөздермен тіркесіп, көмекшілік қызмет атқаратын, зат есімдерші түрленетін көмекші сөздер көмекші есімдер деп аталады.

7-жаттығу. Көмекші есімдерді өзі қатысты сөзімен көйіріп жазындар.

1. Адам дәмді тіл арқылы біледі. Бірақ дәмді тілдің барлық жері бірдей сезе бермейді, тек ұшы мен екі шеті ғана сезеді.

2. Терт көз балық уылдырық шашпайды, шабақтайды. Оның көздері төртке бөлінген. Жүзгенде, кездерінің жоғарғы жағымен су бетінде, төменгі жағымен су астында не болып жатқандың көре алады. "Ғылым ғажаптары" кітабынан.)

3. Аузы үстінде, үлкен құлақты. Шай үстінде сүт сұрапты. (Жүмбақ.).

Қызылорда облысы

Қызылорда облысы туралы не білесіз?
Что вы знаете о Кызылординской области?

Республиканың оңтүстік бөлігінде орналасқан. 1938 жылы құрылған. Жері 228,1 мың км². Халқы 566 мың (1979). Облыс шөл зонасын ала, негізінен Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында орналасқан. Пайдалы қазыналардан облыс ас тұзы қорына ете бай. Әк тас, шипалы балшық, кварц құмының манызды шоғырлары бар. Республикадағы қуан және ыстық өңірлердің бірі. Қысы негізінен қарсыз, жылы болады. Облыс аты ақ күрішпен шыққан. Негізінен ауыл шаруашылық өнімдері мен балық өңдейтін тамақ өнеркәсібіне, түз өндіруге және суарылмалы егін егуге, қаракөл, биязы жүнді қой өсіруге маманданған аймақ ретінде қалыптасқан. Қызылорда қауыны ете басалы. Облыс шаруашылықтарында республика халқына әбден таныс тәтті шырынды әрі қош иісті торлама, күләба қауыны өсіріледі.

сөздік

күріш — рис	ас тұзы — поваренная соль
балық — рыба	шипалы балшық — лечебные грязи
қауын — дыня	енір — окрестности
тәтті — сладкий	биязы жүнді қой — тонкорунная овца
шөл — пустыня, жажда	
пайдалы қауына — полезные ископаемые	

Прочитайте. Переведите в русский язык.

БАСКА ПӘЛЕ ТІШДЕН

Ертеде бір данышпан өмір сүріп, оның үш ұлы, бір қызы болыпты. Қызы да, ұлдары да ақылды болып, ер жетіпті. Айдан ай, жылдан жыл өтеді. Әкесі әбден қартайды. Күндердің бір күнінде шал ұйықтай алмай дөнбекши береді. Мұны сезген кемпірі мен қызы:

— Сізге не болды, бір жеріңіз ауырып жүр ме, жоқ әлде алыс жүрген балаларыңызды сағынып жүрсіз бе?— дейді.

— Иә, сағындым. Оның үстіне бір арманым ішімде кетіп барады.

Совда қызы әкесінің алдына келіп:
— Арманыңызды айтыңыз, мүмкін кемегіміз тиіп қалар,— дейді.

Шал айтады:

— Ешқандай күптия жоқ. Менің үш ұлымның үшеуі де ақылды. Сонда да біреуінің ақылы артығырақ болуға тиісті. Соны білу менің арманым:

Қызы сәл ойланып:

— Ой, ата, осыған да киналасыз ба? Қыдырып барып балаларыңызды сынап келіңіз,— деп қыз бен кемпір жол қамына кіріседі. Азығын, сусынын дайындап, атым ерттеп беріп жолға салып жібереді. Аз жүрді ме, көп жүрді ме, кім білсін. Бір күні үлкен ұлыға жетеді. Баласы зор құрметпен қарсы алып, қолынан келгенінше сыйлайды. Екі-үш күн жатып мауқын басып, төртінші күні қайтақышы болады. Баласы тағы да қой алдырып сойғызады. Тамақ піседі, етін қазаннан түсіріп қойып, нанын салып жатқанда, шал баласына қарап:

— Қарағым, ана етіңнің жақсы жерінен бір кесіп берші,— дейді. Ұлы жақсы жері дәуде бөлсе санның еті шығар деп, сан етінен кесіп береді. Шал аздап ауыз тиіп, қойып қояды.

— Балам, енді жаман жерінен бір кесіп берші,— дейді. "Еттің де жаман жері бола ма?"— деп ұлы сап ойланып тұрып, жаман жері дегені тіс өтпейтін сіңір шығар деп, сіңірден кесіп береді. Сіңірді алып, аздап ауыз тиеді. Артынша тамақ та келеді. Тамағын жеп, сыйына риза болып, ел-жұртпен, баласымен қоштасып, қайтады.

Данышпан жүріп отырып, екінші ұлына келеді. Екінші ұлы да зор құрметпен қарсы алып сыйлайды. Әкесі қайтар күні бірінші ұлына қойған сауалын қояды. Екінші ұлы да бірінші ұлының істегенін қайталайды. Екінші ұлына да риза болып, қайтады. Ол енді үшінші ұлына келеді. Үшінші ұлы да зор құрметпен қарсы алып, сыйлайды. Қайтар күні екі ұлына қойған сауалын кіші ұлына да қояды. Сонда кіші ұлы мұнда бір сыр бар шығар деп ойлайды. Сосын бастың тілінен кесіп береді.

— Балам, енді жаман жерінен бір кесіп бер десем тілінен кесіп бердің, жақсы жерінен десем тағы да тілінен бердің,— дейді. Сонда баласы:

— Ой, ата-ай, сіздің сынап отырғаныңызды біліп тұрмын. Жақсы да, жаман да, ұрыс та, керіс те, өсек те, бәрі де осы тілден шығады. Екі елі ауызға торт елі қаппақ дегендей, әр адам өз тіліне сақ болса, еш уақытта ұрыс-керіс болмас еді. Басқа пәле тілден,— деген екен. Қарт үшінші ұлының ақылдығына өте риза болып қайтады.

ЗАНЯТИЕ 31

Сын есім — Имя прилагательное

Сын есім. (Имя прилагательное) это часть речи, которая обозначает признак, качество предмета и отвечает на вопросы кандай? (какой? какая? какое?), кай? (какой?) ақ — бейлй, жылы — теплйй, үлкен — большой, жуас — смирнйй, жұмсақ — мягкий. Заттын сынын, сипатын, түрін, көлемін білдіретін сездер сын есім деп аталады.

В предложении имя прилагательное в основном выступает в качестве определения (анықтауыш). Оно стоит перед определяемым словом. Мысалы: Таланты ерге нұр жауар (мақал.) Өнерлі жігіт өрде озар, енерсіз жігіт жер соғар (Мақал.)

В этих примерах талапты, әнерлі, өнерсіз — имя прилагательное отвечает на вопрос кандай? и в предложении является определением.

Сын есімдер сөйлемнің соңында келгенде — баяндауыш, ал етістіктен болған мүшенің алдында келгенде пысықтауыш болады.

Имя прилагательное в конце предложения является сказуемым, а перед глаголами обстоятельством.

Мысалы: олақтан — салақ жаман. Ағаш кессен, ұзын кее, қысқартуын оңай. Темір кессең, қысқа кее, ұзартуың оңай. (Мақал.)

Здесь оңай — имя прилагательное, является сказуемым, а прилагательное қысқа, ұзын — обстоятельством (пысықтауыш).

В русском языке прилагательное согласуется с существительным в роде, числе и падеже.

Прилагательное в казахском языке не согласуется с существительным ни в роде, ни в числе, ни в падеже. Например, *Озат* — прилагательное атау септік, а *малшылармен* — множ. ч. көмектес септік.

Таблица.

В казахском		В русском	
үлкен үй үлкен бөлме	нет согласования в роде нет согласования в числе	большой дом большая комната	есть согласование в роде
үлкен үйлер үлкен бөлмелер	нет согласования в числе	большие дома большие комнаты	есть согласование в числе (мн. ч)
үлкен үйге үлкен бөлмеге	нет согласования в падеже	к большому дому к большой комнате	есть согласование в падеже (дат. п).

Особенностью прилагательных в казахском языке является то, что они имеют морфологические формы степени сравнения. Степени сравнения являются специфическими только для прилагательных.

Прилагательные в казахском языке не имеют формантов. Они не склоняются, не принимают аффиксов множественности, к ним не прибавляются аффиксы притяжательности. Склонение, категория множественности, аффиксы притяжательности присущи именам существительным, но не прилагательным.

Сын есімнің түрлері

(Производные и непроизводные имена прилагательные)

Имя прилагательное делится на непроизводные (негізгі) и производные (туынды).

1. Непроизводные прилагательные — Негізгі сын есімдер. Негізгі сын есімдер — сынды білдіретін түбір создер: ак — белый, кок — синий, кызыл — красный, жаман — плохой, жаксы — хороший, жас — молодой, кәрі — пестрый, биік — высокий, ал аса — низкий, сур — серый.

2. Производные прилагательные. Туынды сын есімдер морфологиялық тәсілмен (есім түбірлер мен етістік түбірлерге жұрнактар жалғану арқылы: кар-лы — снежный, акыл-ды — умный, түз-ды — соленый. Балалы, былтырғы, казақы — (ат), әдеби, мәдени, білгіш — знаток, көргіш, жасанды, суырмалы, ерттеулі т. б. (және синтаксист! к тәсілмен) сөздердің бірігуі, косарлануы, тіркесуі арқылы: тас бауыр, ойлы-қырлы, кызылды-жасылды, ат жакты, сары ала т. б.) жасалады.

Производные прилагательные образуются словообразующими аффиксами преимущественно от имен существительных, глаголов и синтаксическим способом.

1-жаттығу. Спишите предложения, вставляя вместо вопросов нужные прилагательные.

1. Мүгалім бізге (кандай) кітап оқыды.
 2. Біз (кандай) есеп шығардық.
 3. Оқушы (кандай) тапсырма орындады.
 4. Біз (кандай) уйде тура мыз.
- Керекті создер: қиын, қызық, жеңіл, өдемі.

2-жэттығу. Төмендегі сөйлемдерді оқып, құрамынан сын есімдерді табындар. Туынды сын есімдерді теріп жазып, олардың жұрнактарын сызқшамен бөліп кешіріндер.

Ү л г і: мойнында-ғы.

1. Мойнындағы коржынын жерге койды. 2. Караша каздар әлі келіп конган жок. 3. Суга малынган жапырактар кимылсыз. 4. Жұмаш сүйеулі турган мылпықты алып, аспанга атып жіберді. 5. Ердениң шикіл сары жүзі кызарып кетті. 6. Ол көкшіл көзімен кен танау кара балага жактырмай карады. 7. Бойы ұзындау, арыкша кара торы бала косауыз мылпыгын тазалап отыр. 8. Қарлы жазықта шокалактап бара жаткан жаралы каскыр көрінді. 9. Бұл өнірде кар кешігіп түспей түр, каткак, көк тайгак ұзакка созылды. (3. Им.). 10. Бұлт астындағы коныркай жарыкта төніректік бәрі ап-айкын (Т. Ах.).

3-жаттығу. 1. Мақалдарды оқып, мазмұнын айтып бсріндер.

МАҚАЛДАР

1. Ақылды адам ойлап айтады, Ақылсыз адам кайдан табады?

2. Құрғак айкай ән болмас.

Ецбексіз өмір сән болмас

3. Еріншек адамның ертені бітпес.

Сын есімдерді тауып, сұрақ койындар. Олардың кандай сын есім екенін айтындар. Негізгі ме, туынды ма?

Сын есім тудыратын жұрнактар

Образование имен прилагательных с помощью суффиксов

Прилагательные большей частью образуются с помощью суффиксов, которые присоединяются к основам существительных и глаголов.

1. Есімдерден сын есім тудыратын өнімді жұрнактар мыналар (Словообразующие суффиксы от имен):

-лы -лі, -ды, -ді, -ты, -ті.

бала-лы, ат-ты, атак-ты, өнер-лі, көрік-ті, мінез-ді, бас-ты, жара — рана, жаралы — раненым, белгі — примета, белгілі — приметный, акыл-ды — умный, көңіл-ді — веселый, түз-ды — соленый, тас-шы — каменистый, дауыс-ты — гласный, күш-ті — сильный.

-сыз, -сіз; бала-сыз, кайгы-сыз, ел-сіз, жөн-сіз, пана-сыз, әке-сіз, акыл-сыз — глупый, көңіл-сіз — скучный, уй-сіз — бездомный. >

-км, -еы, -кЦ -сЦ жаз-гы, күз-гі, сон-гы, іш-кі, сырт-кы. прибавляются к наречиям, служебным именам и существительным в местном падеже: былтыр-гы — прошлогодний.

кеше-гі — вчерашний, астыпша-ғы — нижний, колхозда-ғы — имеющийся в колхозе, институт-тың жанындағы үй — здание, находящееся возле института.

-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес: құрбы-лас, ірге-лес, ауыл-дас, ел-дес, қанат-тас, тілек-тес.

-дай, -дей, -тай, -тей: тау-дай, (как гора) ат-тай, туйе-дей, үй-дей, қыс-тай, кар-дай — белый как снег; муздай суық — холодный как лед;

-шақ, -шен/ сөз-шен, бой-шан, ашу-шан, көйлек-шен.

-шыл, -шіл: ұйқы-шыл, жер-шіл, сауық-шыл, күлкі-шіл.

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық -тік: қала-лық, өлке-лік, аудан-дық, көлем-дік, облыс-тық, городской, көйлек-тік.

2. Етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтар

Словообразующие суффиксы от глаголов.

-қыш, -гыш, -кіш, -гіш, -малы, -мелі, -палы, -пелі; жабыс-қыш, кенес-кіш, біл-гіш, байка-гыш, оқы-гыш, күл-гіш, аш-палы, жап-палы, танда-малы. Көргіш — зоркий, ат-қыш — стреляющий, сен-гіш — доверчивый.

(прибавляются к глагольным основам и образуют прилагательные).

-с, -к: -ак, -ек, -ық, -ік: шира-к, ақса-к, жат-ық, жет-ік, сын-ық, аш-ық, бәл-ек, сир-ек.

-шақ, -шек: мақтан-шақ, ерін-шек, ұрын-шақ, сүрін-шек.

• -қыр, -еыр, -кір, -гір: үш-қыр, ал-гыр, өт-кір, біл-гір.

1-жаттығу. Зат есімнен жасалған сын есімнің астың бір рет етістіктен жасалған сын есімнің астың екі рет сызып, көшіріп жаз.

1. Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсан, аркалан. (А.)

2. Әлгі адам нағыз әзілқой, сәнқой, әуесқой адам екен, (С. М.). 3. Түйеқұс өте жылдам, күшті, төзімді. ("Ғалам гажаптары" кітабынан.) Ек әдемі, аса бағалы, тым жұқа, тіпті терен, өте суық, шымқай қызыл, аса қадірі (адам), тым жуас (жігіт), аса бағалы т. б.

2-жаттығу. Төмендегі мақалдардың мағынасын анықтап, құрамынан сын есімдерді тауып, олардың қай сөз табынан, қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын айт.

1. Әлсіз адам жағымпаз. Кербез адам қырымпаз. 2. Өнерлінің өзегі талмас. 3. Әлсіз адам сүріншек. Ақылсыз адам еріншек. 4. Жігіт бір сырлы. сегіз қырлы болсын. 5. Жақсы

адам — елдің ырысы, жақсы жер — жанның тынысы. 6. Өнерлі жігіт өрде озар, өнерсіз жігіт жер соғар. (Мақал.)

Сапалық және қатыстық сын есімдер. ,

По своему значению и грамматическим особенностям — прилагательные делятся на два ряда: качественные (сапалық сын есімдер), относительные (қатыстық сын есімдер).

1. Сапалық сын есімдер (качественные прилагательные). Качественные прилагательные обозначают признаки: цвет, объем, величину, размер, характер или свойство вкус, температуру и духовные качества людей, без дополнительного грамматического оформления.

Например: кызыл — красный, кок — синий, ак — белый, кара — черный, қоңыр — коричневый, жақсы — хо-роший, жаман — плохой, үлкен — большой, жана — новый, ескі — старый, ауыр — тяжелый, жеңіл — легкий, ащы-тұшы, тәтті, ыстық — горячий, суық — холодный, және т. б.

От качественных прилагательных образуются сложные (күрделі сын есімдер) прилагательные путем их повтора: үлкенді-кішілі, апалы-сіңлілі, ақшыл, кок, кара ала, орта бойлы, ат жақты, ұзын бойлы, лексикалық тіркестен жа-салған.

2. Қатыстық, сын есім (Относительные прилагательные). Относительные имена прилагательные обозначают признак предмета по его отношению к другим предметам и явлениям. Белгілі бір заттың сын-сипаты мен белгісіне басқа бір заттың қатысы. Мысалы: ағашты жер, малды колхоз, түнгі, суық, тұзақ, тамақ. Карлы тау — снежная гора, карлы боран — снежный буран.

1-жаттығу. Төмендегі текст! оқыл, сапалық сын есімдерді астың түзу сызықпен, қатыстық сын есімдердің астың ирек сызықпен сызып көрсет те, олардың қалай жасалып тұрғанын айт.

1. Көктемгі кара қатқақ, өкпек жел солтүстіктен соғып тұр. 2. Үстінде қырық жамаулы ләңке шапан, тері шалбар, бұзау бас сірі етік, көнетоз коңыр бешпент. Осы жұпыны киім өндіредей жас жігіттің сұрын қашырып, қайыршыға ұқсатып тұр. 3. Шидің алдында жасамыс сары қарын әйел түйенің қызғылт жүнін қылшықтай түтіп отыр. 4. Ұрымтал кезеңін тауып, нәзік жерінен түйді, өсектің өткір найзасын қансырата шанышты. 5. Көптен бері көрмей сағынған әйеліне мойнын бұрып, түкті қасын керіңкіреп, жадыранқы жылы шыраймен емірене қарады. (С. Т.).

2-жаттығу. Төмендегі сын есімдерді зат есім сөздермісі; тіркестіріп сөйлем құрақтар.

Биік, қарлы, әдемі, жазғы, көк, мелдір/ыстық, жауынды, терең, суық, малды, сусыз, мезгілсіз, алғыр.

3-жаттығу. Прочитайте и выпишите прилагательные вместе с определяемыми существительными.

1. Әкем маған жаңа мылтық сатып алды. 2. Маған таза бет орамал берші. 3. Біздің үйдің жанында биік ағаш бар. 4. Олар ауданға тура жолмен кетті. 5. Сенде көк қағаз бар ма?— Менде көк қағаз жоқ, сары қағаз бар.

4-жаттығу. Оқып шығып, сапалық сын есімдерді бір белек, қатыстық сын есімдерді бір белек кешіріндер.

АЛҒАШҚЫ ҚАР

1. Сыртқа қар жауыпты. Алғашқы қар. Айналаньщ бәрі аппак. Түнде жатарда күн ашық секілді еді, енді аспанды боз туман бүркеп, түнере қалған. Олар мектепке жеткенше, туман да көтеріліп, күн көзі көрінді. Ауа райыбын осынша құбылмалылығына қайран қалды ол. Ал табиғат көрінісі бүгін де сұлу-ақ еді. Үйдің төбелері сәнді ақ қалпақ киіп, терезелерге әшекейлі өрнектер тұрған. Күн сәулесімен қар беті жалтылдап, көзді ұялтады.

2. Осы бір бала күн асқан сайын оған тым ыстық, тым жақьға боп барады. Қаладағы Коля досындай бұл да анғырт ақ көңіл бала. Көңілінде кір, ойында кірбін жоқ секілді. (С. Сар.).

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОВОРОМ ПО КАЗАХСКИ.

В АТЕЛЬЕ.

— Мен жақсы киім тігуші іздеп жүрмін.
— Я ищу хорошего портного.
— Матасын өзіңіз әкелесіз бе?— Из вашего материала?
— Из, матасын өзім әкелемін.— Да, из моего материала.
— Маған үлгілерді көрсетесіз бе?— Вы можете мне показать образцы?
— Мен мына матадан тіктіремін.— Я из этого материала буду шить.
— Бешпетті ұзындау етсеніз.— Пиджак сделайте подлиннее.

MI
132

— Түймелерін қадап, үтіктеп, беруіңізді өтінемін.— Прошу пришить пуговицу, выгладить костюм.

— Менде көйлектік мата бар, тігіп бере аласыз ба?

— У меня есть материал на платье, вы можете мне сшить?

— Матаңызды көрсетіңізші.

— Покажите, пожалуйста, материал.

— Кашан әзір болады?— Когда будет готово?

— Сіз кашан алғыңыз келіп еді?— Когда вы желаете его получить?

— Мен оны осы аптанын ішінде алсам ба деп едім.

— Я хочу получить его на этой неделе.

— Мұндай қысқа мерзімде біз тапсырысты орындай алмаймыз.

— В такой короткий срок мы не можем выполнить заказ.

Переведите на казахский язык.

КОЖАНАСЫР И ЛУНА

ИСақ-то раз ночью, когда над землею ступилась тьма, ИКожанасыр решил набрать воды из колодца Заглянул в него и увидел на самом дне луну.

Привязал Кожа к веревке железный крюк и надумал вытянуть луну из колодца. Он был уверен, что она туда случайно упала. Но крюк застрял в расщелине между камнями, которые устлала дно. Поэтому, сколько бы Кожанасыр ни тянул за конец веревки, она никак не поддавалась. Тогда незадачливый мудрец ухватился за нее покрепче и рванул изо всех сил. Крюк выскочил из расщелины, а Кожа опрокинулся навзничь. И тут он увидел луну над собою — в небе.

— А все-таки я водворил ее на место!— воскликнул довольный Кожанасыр.— Хоть и немалых трудов мне это стоило.

сөздік

ночь — түн
тьма — қаранғы
колодец — құдық

луна — ай
небо — аспан
на место — орнына

Отвeтьте на вопросы:

1. Каким образом хотел Кожа вытянуть луну из колодца?
2. В чем суть этой легенды?

Сын есімнің, шырайлары

(Степень сравнения прилагательных)

Белгілі бір заттың сындық сапасының басқа бір заттық сындық сапасынан артық-кем екенін білдіретін сын есімнің мағынасын *шырай* дейміз.

Признак (качество) предмета или явления может быть в большей или в меньшей степени. Степень проявления признака выражается разными формами прилагательных, называемыми степенями сравнения. Қазақ тілінде сын есім имеются четыре степени сравнения: положительная, сравнительная, превосходная и усилительно-увеличительная.

1. *Жай шырай* — положительная степень. Сын есімнің жай шырай түрі заттың сапа-белгісін білдіргенде, оны басқа заттың өзіндей сапа белгісіне қатысынсыз, салыстырусыз білдіреді. Прилагательные в положительной степени только называют качественный признак. Мысалы: кок койлек, алые жол, жарык бөлме, биік тау, үлкен уй, жана қагаз, выражается основной формой прилагательного.

2. *Салыстырмалы шырай* — сравнительная степень. Сын есімнің салыстырмалы шырай түрі заттардың бойындағы біркелкі сапа-белгі дәрежесінің артық я кем екендігін салыстыра білдіреді. Прилагательные сравнительной степени показывают, что данный признак свойствен одному предмету в большей степени, чем другому, или что этот же признак уменьшился или увеличился с течением времени у одного и того же предмета. Салыстырмалы шырай образуется при помощи суффиксов журналтар:

а) *-рак,, -рек, -ырак, -ірек, көгірек, бойшанырак, күштірек, тазарак, кішірек, қызылырак, биігірек, жақсырақ* — лучше, үлкен-ірек — больше, кенірек — шире, просторнее, тәттірек — слаще, жылырақ — теплее.

б) *-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу; кішілеу, таныстау, ақшылдау, сергектеу, сарылау, қоңырлау, күрендеу, суықтау, аздау* — меньше, каралау — темнее, кендеу — шире, тәттілеу — послаще.

б) *-ғыл, -ылт, -ғылтым, ғыш, -шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім, -аң, -қай*. Мысалы: бозғыл, бозғылт, сарғылтым, сарғыш, ақшыл, көкшіл, ақшылтым, көкшіл-тім, бозан, қоңырқай.

3. *Күшейтпелі шырай* — Превосходная степень

Превосходная степень указывает на высшую меру признака в одном предмете в сравнении с группой однородных предметов. (Заттың басқы жай белгісін күшейте түсетін түрін

күшетпелі шырай дейміз Заттың бастапқы сындық қзкетін күшейте\ түседі. Оно образуется с помощью усилительных слогов: қап, сап, қып, үп, жап, ап, увеличивающих меру признака. Қап-кара — черный-пречерный; сап-сары — желтый-прежелтый, қып-қызыл — очень красный; үп-үлкен — большой-пребольшой, жап-жасыл — зеленый-презеленый; а и-ашы, үп-узын, кіп-кішкене, сүп-сүр, күп-күрен, қып-қысқа.

4. *Асырмалы шырай* — Усилительно-увеличительная степень

Асырмалы шырай выражает большую или меньшую меру признака в предмете, но без сравнения.— Заттың сындық белгісін я тіпті асыра, я тіпті төмендете керсететін белгіні *асырмалы шырай* дейміз. Мысалы: ете кара, тым үлкен. Она образуется путем сочетания вспомогательных слов !— усилителей: ен — самый, ете — очень, тым — весьма, чересчур, чрезвычайно; аса, тіпті, о ра сан, шымқай, тым-ак, тіптен, нағыз, нак, керемет, которые употребляются перед прилагательными. Например: ен жақсы — самый хороший, ете үлкен — очень большой, тым катан — чересчур суровый.

1-жаттығу. Төмендегі сын есімдерді мағынасына, түлғасма қарай анықтап, буларға шырай журналтарын қосыл, салыстырмалы және күшейтпелі шырай жаса.

Үлгі: салыстырмалы шырай: кеңірек, көкшіл... күшейтпелі шырай: ете кен, тым көк, кеп-кен... .

Кен. Көк. Қатты. Кіші. Қолайлы. Әлді. Жуас. Мықты. Ашы. Әдепті. Жұқа. Қоңыр. Еріншек. Үркек. Жемқор. Таза. Тұнық. Терең. Жүйрік. Көркем. Салқын. Жершіл.

2-жаттығу. Төмендегі сын есімдерден күшейткіш буын арқылы сын есімнің күшейтпелі шырай түрін жасап, сөйлем құраңдар.

Ауыр, аласа, қызыл, ак, көк, жіңішке, кішкене, ұзын.

3-жаттығу. Мына сөйлемдерден сын есім тудыратын шырай журналтарын атал, жасалу жолдарын айт.

1. Көзі қарауытып түр ма, дүрбі шынысын тозаң шалған ба, сонау қыраттан бергі бұталар да бұлдырап әрнені елестетіп көрінді, (С. М.). 2. Тасболаттың ұйқыдан безген адамдай нұрлы қой көзі қызарыңқы екен. Тасболат көзін ашса, бір қабат аласалау үйдің, едені мен төбесі тактайлы, кен бөлмесінде, босағада отыр. (С. Е.).

4-жаттығу. Сөйлемдердік мағыналарын анықтап, қарамен жазылған сын есімдердің қай шырайға жататынын және қалай жасалып тұрғанын айтыңдар.

1. Бөлме іші де Шынардың өзіне ұқсас: хш-іЛшкене; тап-түйнақтай ақ дәкені көх ілдеп, крахмалдап /қатырып есік-терезеге, шкаф бетгеріне іліп тастаған. 2. лй сүттей аппақ. Төнірех түп-тұнық, алыстағы тау ауада калхып жүргендей бұлдырап көрінеді. Ағаштар да сорайып, қап-кара боп төніп тұр. (Ш. Құм.) 3. Абай — нағыз үлкен реалист акын. \“С. Қ.” газетінен.) 4. Жергілікті Кенестің депутат-тығына, ең таңдаулы, ең кадірлі адамдар ұсынылады. 5. Сұйықтау, қоңыр шашының арасынан бас күйкзсы да қыланданып көрінеді. (М. Ә.). 6. Сұр бұлт түсі суық қаптады аспан. Күз болса, дымкыл туман жерді басқан. (Абай.) J

Текстегі сын есімдерді қандай сөздермен тіркеске түсіп тұрғанын анықтап, олардың сөйлемдегі қызметін айтындар

Бөлме сөзіне морфологиялық және фонетикалық талдаулар жасандар.

5-жаттығу. Оқып иығып, сын есімдерді оырай түрлерін ажыратындар.

I. ҚҰМ ҚАР

Полярлық аудандарда өте төменгі температурада “күм қардын” жауатыны бай қалған. Бұл қар өте ұсақ және түрпідей қатты болғандықтан, оның үстінен шаңғы да, шана да сырғанамайды. (“Ғалам ғажаптары” кітабынан.) •

II. ӘЖЕМНІҢ СИПАТЫ

Қарт әжесінің әрбір қимылы, дөңгеленген шырайлы реңі, сәл еңкіштеу келген бойы сол бәз қалпында көз алдында тұр қазір. Баяу қоңыр даусы да құлағында. Ешқашан қабақ пьгуды, болмаса даусын көтеруді білмеуші еді. Максүт ес білмелі сол қарт ананың мол мейіріміне боленіп, еркелеу болып ості. (С. Сарғаскаев.)

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОГОВОРІМ ПО-КАЗАХСКИ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Батые Қазақстан облысы туралы не білесіз?
Что вы знаете о Западно-Казахстанской области?

Батые Қазақстан облысы республиканың солтүстік қ-батыс бөлігінде, Жайық озені алабының орта ағысында орналасқан. 1932 жылы құрылған. Жерінің көлемі 151,2 мың км², Халқы — 581,0 мың (1979). Жер беті негізінен құм алқаптар мен сор ойпандар алмаса жатқан жазық. Облыс жер қойнауында мұнай, газ (Батыс, Тепловока, Гремяч), жаңғыш

тақта тас, калий-магний тұздары, цементтік шикізат, керамзиттік саз және 60-тан астам құрылыс заттарының кен орындары бар. Жазы ыстық, қуаң, қысы суық. Сблыста егіншілік және жайылымдық жер көп, етті-сүтті мүйізді ірі қара, қой шаруашылығы жақсы дамыған.

сөздік

дәнд! егін шаруашылығы — зерно-вое хозяйство
мал шаруашылығы — животноводство
дамыған — развито
аймақ — край, территория
сор ойпандар — соленая местность

жазық — 1) плоский, ровный, равнина, плато
қурышы заттары — строительные материалы
жазы ыстық — лето жаркое,
қысы суық — зима холодная

БАТЫР ҚЫЗ

Бір мың тоғыз жүз қырық үшінші жыл. Қуз айы. Лейтенант Темников басқарған ттулеметшілер бөлімі Калинин майданына келді. Бұларға Невель қаласын жаудан азат ету тапсырылды. Олардың ішінде Мәншүк Мәметова бар еді. Ол соғыстың ең қауіпті жеріне жіберілді. Жау әскері Невель қаласынан шабуылға шықты. Бірақ ожет қыз “Максим” пулеметімен жау аяғын ілгері бастырмады, оларды баудай жапырды. Ызаланған жау Мәншүкті зенбірекпен атқылады. Дәл жанында жарылған снарядтың сынығы батыр қыздың желкесіне қадалды. Осыны пайдаланып, жау әскері тағы ілгерілей бастады. Мұны көрген Мәншүк қатты ызаланып кетті. Самайынан қозіне күйылған жылы қанға карамай, пулеметіне қайта умтылды. Бар күшін жиып, жауга жалын шапқан оқты боратты. Тағы да жаудың жетпіс солдаты ожет қыз Мәншүктің қолынан қаза тапты. Осы айқаста Мәкшүк Отаны, елі үшін асқан батырлық үстінде қаза тапты.

Мәншүк Мәметованың ерлігін үкіметіміз аса жоғары бағалады. Оған Совет Одағының Батыры деген атақ берілді.

1Ш

Е. Естаев

сөздік

атқылады — начали стрелять
күз — осень
белім — отделение
жау — враг
азат ету — освободить

сн — самый
желке — затылок
самай — висок
сынығы — осколок

Ответьте на вопросы:

1. Мәншүк қай майданда соғысқа қатысты?
2. Мәншүк жауга қарсы қандай батырлық істеді?
3. Отаны Мәншүктің батырлығын қалай бағалады?

ЗАНЯТИЕ 33

Сан есім — Имя числительное.

Сан есім — мағыналық, грамматикалық ерекшелігі бар негізгі сөз табының бірі. Заттын санын, ретін, есебін білдіретін сөз табын сан есім дейміз.

Именем числительным называется часть речи, обозначающая количество или порядок предметов при счете. Сан есімдер отвечает на вопросы канша? (сколько?), неше? нешеу? (сколько?) нешінші? (который по счету). Мысалы: уш кадам, он бес окушы, сегізінші июнь, біз үшеуіміз, ел у алпыс кой. По составу числительные делят на две группы (сан есімдер құрамына қарай): простые (дара), составные (күрделі) болады.

К простым относятся числительные, равные одному корню или которые состоят из одного слова. Например: бір, уш, Оес, он, отыз, елу, жүз, мың, алпыс, жетпіс, сексен, бірінші, екінші, оныншы, елуінші, ондаған, жуздеп, токсан т. б. (Дара сан есімдердің қатарына бір (дара) сөзден (сомнан болған сан атаулары енеді).

К составным относятся числительные имеющие несколько слов и состоящие из двух компонентов, а также сочетании слов. Он екі, отыз бес, отыз бесінші, бір жүз қырық торт, екі жүз алпыс үш (күрделі сан есімнің қатарына сөздердің) сандардың тіркесуі арқылы жасалған сан атаулары мен сөздердің (сандардың) қосарлануы арқылы жасалған сан атаулары енеді) бес-ал ты (пять-шесть), жиырма-отыз (двадцать-тридцать), отыз-қырық (около тридцати сорока), үш-төрт, жетпіс-сексендей, жеті-сегіз, екі-екіден. Сан есімдердің өздеріне ғана тән ерекшелігі бар. Ол сан есімдердің үнемі зат есімдердің алдына келіп, ешбір өзгеріске түсімей, түрленбейтіндігі. Мысалы: жүз елу қоздады дегендей жүз елу сан есімдеріне ешқандай қосымша қосуға болмайды.

Екінші, сан есімнің тек өздеріне ғана тән, өзге сөз таптарында жоқ кейбір грамматикалық көрсеткіштердің болуы. Олар мысалы: -ыншы, -інші, -ау, -еу және -ер. Бұлар басқд сөз таптарынан сан есім жасамайды, негізгі сан есімдерге қосылып, оны түрлендіреді. Мысалы: үш-үшінші, тоғыз-тоғызшы, бес-бесеу, алты-алтау, бір-берер.

В предложении имя числительное обычно употребляются в роли анықтауыш (определение). (Сан есімнің сөйлемдегі негізгі функциясы (қызметі)— анықтауыш). Біздің колхозда жиырма бес мың кой, алты мың сиыр бар. Колхозымыз мемлекетке ет, сут тапсыру жоспарын орындауда облыс бойынша бірінші орынға ие болды.

Контексте қолданылуына қарай және зат есім жалғауларын иеленіп заттанғанда, сөйлемнің басқа мүшелері де бола береді. Мысалы: 1. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді; төртеу түгея болса, төбедегі келеді (Мақал.). 2. Жиырманы екіге, төртке, беске қалдықсыз белуге әбден болады. 3. Оның жасы жиырмада, ақылы ақсақалдармен тең. 4. Анасы балаларына алшаны екі-екіден таратты. 5. Оныншы класты алтын медальмен бітіру қиын, дегенмен ол үшін тырысу керек. Осы сөйлемдегі алтау, төртеу— бастауыш, жиырманы, екіге, төртке, беске — толықтауыш; екі-екіден — пысықтауыш (обстоятельство), жиырмада — баяндауыш (сказуемое), оныншы — анықтауыш (определение).

Сан есімдер сөйлемдегі басқа сөздермен байланысына қарай, көптеліп те, септеліп те, тәуелденіп те, жіктеліп те қолданыла береді.

Сан есімдердің септелу үлгісі:

Септік	Дара сан есім	Күрделі сан есім
Атау	екі, алтыншы	он бес, елу — алпыс
Ілік	екінік, алтыншының	он бестін, елу — алпыстын
Барыс	екіге, алтыншыға	он беске, елу — алпысқа
Табыс	екіні, алтыншыны	он бесті, елу — алпысты
Жатые	екіде, алтыншыда	он бесте, елу — алпыста
Шығыс	екіден, алтыншыдан	он бестен, елу — алпыстан
Көмектес	екімен, алтыншымен	он беспен, елу — алпыспен

2-жаттығу. Оқып шығып, сан есімдердің сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын айқындақдар.

Екі сағаттан кейін кәдімгі қарлы боран ұйтқып қоя берді. Көк аспан көрінбей кетті. Осыдан бір минут бұрын көз алдында тұрған поляр станциясының құрылыстары гайып болды. Жер көрінбей қалды. Дүниенің бәрі алай-дүлей болып кетті. Мұз тауларынан тұрған жел барған сайын күшейе түсіп, сұрапыл дауылға айналды. Термометр ауа райының сегіз градустай ғана озық екенін көрсетіп тұрған шақта, бетке соққан қар қақаған аяздағыдай-ақ қарып жіберді. (Юлиус Фучик).

6-жаттығу. Негізгі етістікке үш сөйлем, туынды етістікке екі сөйлем ойлап жаз.

Тұйық етістік және оның емлесі Неопределенная форма глагола (инфинитив).

Шақпен де, жақпен де байланысты болмай, істің жалаң өзін гана білдіретін етістіктің түрі тұйық етістік деп аталады.

Мысалы: бару, жүру, тындау, сөйлеу.

Неопределенная форма глагола, или инфинитив — это как начальная, исходная форма для всей системы глагола.

Начальной формой глаголов казахского языка считается 2-ое лицо единственного числа (бұйрық рай) повелительного наклонения (кел, айт, бар, бер, ал, жаз).

Неопределенная форма глагола (инфинитив) образуется путем прибавления к глагольной основе суффикса У. Мысалы: оқы — учись, читай, оқу — учиться, чтение, кел-у — приходиться, ал-у — взять, жүр-у — идти, поехать, ашыл-у — открываться, айту-у, тол-у, уйрет-у. Его функция — назвать действие. Называя действие, инфинитив не указывает на время, лицо, а указывают на характер процесса, но это форма не сообщает нам ни о производителе процесса, ни о времени, ни о реальности, возможности, желательности его (процесса). Жұмысқа бару керек. Қағаз жазу керек. Кітап оқу керек. Ертеңгі поездан қалмау керек.

В отличие от глагола в русском языке эта форма глагола изменяется как всякое имя существительное: изменяется по падежам и числам, принимает притяжательные окончания. Мысалы: Менің жеңуім, сенің жеңуің, оның жеңуі. Саған айтуға болады. (Тебе можно говорить). Көрулеріне болады

(Можете посмотреть). Тұйық етістік (инфинитив) может выполнять в предложении роль различных членов предложения.

В русском и казахском языках неопределенная форма глагола употребляется в роли подлежащего. Например: Бәрінен биік ушу — менің арманым. (Летать выше всех — моя мечта). Бір-бірімізге көмектесу — біздің міндетіміз. (Помогать друг-другу — наша обязанность) Жүруі кейінге халды.

Жанама септіктерде тұрып, толықтауыш (в роли дополнения принимает окончания определенного падежа). Үйренуден жалықпа, біз оқуды сүйеміз, кейде пысықтауыш (иногда употребляется в роли обстоятельства). Білуге келдім, шомылуга барамыз — пойдем купаться. Олар тамах ішуге асханаға кетті.

Тұйық етістік жатые жалғауында тұрып, кейде жалғаусыз (атау септік) тургаде де сойлемде баяндауыш болады (в роли сказуемого употребляется в жатые жалғау ында или именительном падеже). Например: Енбек өнімділігі арттырылуда. Оның ойлайтыны — он жылдых мектепті жаксы бітіру.

Конечные гласные основы -ы, -і при образовании формы тұйық етістіх выпадают: тасы-у-тасу, охы-у-оху, сүңгі-у-сүңгу. Если корень глагола оканчивается на -п, -к, -к, при образовании отглагольного существительного конечные корня глагола -п, -к, -х, переходят соответственно в -б, -ғ, -г: шап-шабу, тап-табу, жап-жабу, теп-тебу, жаж-жагу, хак-кагу, жык-жыгу, бук-бугу, ек-егу, ток-тогу.

КАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОГОВОРИМ ПО-КАЗАХСКИ

ТЕАТРДА — В ТЕАТРЕ

- Бүгін театрға барғыңыз келе ме?
- Хотите ли ВЫ пойти сегодня в театр?
- Мён Қазақтың М. Әуезов атындағы академиялық драма театрынан "Ана-Жер-Ана" спектаклін көрейін деп едім.
- Я бы хотела посмотреть спектакль "Ана-Жер-Ана" в Казахском академическом театре драмы имени М. Ауэзова.
- Жаксы, барайык.
- Хорошо, пойдем.
- Әртістердін ойыны сізге унады ма?
- Понравилась ли вам игра артистов?
- Иэ, оте унады.
- Да очень понравилась.
- Олар гажап ойнады.
- Они играли великолепно.

- Бүгін спектакльге кандай артистер катысты?
- Какие артисты заняты сегодня в спектакле?
- Ана рөлін халык әртісі Сабира Майканова ойнады.
- Роль матери исполняла народная артистка Сабира Майканова.

ҚАСҚЫР МЕН КІРПІ

3. *Имаибаев*

(Мыса)

Орман шетінде домаланып кетіп бара жатқан таргыл кірпіні аш қасқыр бас салып еді. Тұмсығы мен табанының ханы судай акты. Зәбір көрген қасқыр өкпесін айтты.

— Бетіннен сүйейін деп едім, сен-ақ қырынбайды екенсің, — деді.

Кірпі қылтандарының арасынан біздей тұмсығын шығарып, сықылықтай күлді. — Асықпа, қасеке! Сенің азуларың түтел қағылып біткен күні мен де қырынып, жүретін боламын.

СӨЗДІК

орман — лес	кірпі — ёж
аш қасқыр — голодный волк	тұмсығы мен та ба мы на и — из носа и ног потекла кровь
өкпесін айтты — высказал обиды	қырынбайды екенсің — не брешься
азуларын түгел қағылып біткен күні — в день когда выгрыют все зубы	

Вопросы к тексту

- Орман шетінде не жоргалап бара жатқан еді?
- Аш қасқыр не істеді?
- Қасқыр кірпіге не айтты?
- Кірпі отан не деп жауап берді?

ЗАНЯТИЕ 38

Болымды және болымсыз етістіктер

Положительные и отрицательные формы глагола

Глагол в казахском языке имеет положительную (болымды) и отрицательную (болымсыз) формы.

Болымды етістік (положительная форма глагола) показывает что действие совершено, совершается и будет совершаться

ся: келгенмін (давно пришел), келіп отырмын (пришел), келермін (буду приходиться).

Етістік категориясындағы болымдых пен болымсыздық істің, кимылдын, әрекеттің болу, болмауына байланысты болады. Ненің болғанын, болатынын, я болып жатқанын корсетің калып болымды, реалдық калып бол ад ы, ал, керісінше істің болмағанын я болмайтынын білдіретін калып, болымсыз, реалсыз калып болады. Слова алдым и алмадым. В первом глагол *ал* — реальное действие, а во второй — действие отрицается.

Болымсыз етістік (отрицательная форма глагола), наоборот показывает, что действие не совершено или не будет совершаться: келмедім (не пришел), келмеймін (не буду приходиться), келмек емеспін (я не должен прийти).

Этот вид глагола образуется двумя способами: а) присоединением к основе глагола аффиксов отрицания -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе; карам а (не смотри), алма (не бери), жазба (не пиши), сойлеме (не разговаривай), конбе (не соглашайся), ашпа (не открывай), кегле (не уходи, не уезжай).

б) добавлением причастия прошедшего времени (есімшенің өткен шагьмен) или одного из отрицательных слов *жок*, или *емес*. Например: келген жокпын (не приходил), білген жоксыз (вы не знали), білген емессіз (вы не знали), келген емессіз (вы не приходили).

* 1-жаттығу. Сөйлемді оқып, ондағы сөздерді қайсысы болымды, қайсысы болымсыз етістік екенін түсіндір.

1. Мен жаза аламын. 2. Сен жүре алмайсың. 3. Біз бүгін киноға бара алмаймыз. 4. Сіз қазақша сөйлей аласыз ба? 5. Мен киноға барған жокпын. 6. Мынау уйрек емес, қаз. 7. Мен сізбен таныс емеспін.

2-жаттығу. Прочитайте и переведите на русский язык.

1. Магазинде жақсы жүзім бар ма?— Магазинде бүгін жақсы жүзім жок. 2. Мен сенің кітабыңды алғаным жоқ (или мен сенің кітабыңды алған жокпын). 3. Бүгін күн салқын (холодно) емес. 4. Бүгін кезекші (дежурный) мен емеспін. 5. Тапсырманы орындадың (выполнил) ба? Жок, алі орындағаным жок.

3-жаттығу. Сөйлемді оқып, ондағы қара әріплен жазылған сөздерді қайсысы болымсыз етістік, қайсысы есім сөз екенін ажыратып айтыңдар.

1. Олар қақпа алдына келіп тоқтады. 2. Есікті қатты қақпа. 3. Жиналысты басқарушы адам кіріспе сөз сөйледі. 4. Сен олардың әңгімесіне кіріспе. 5. Өздігіннен кірме, рұқсат

сұрағаның жөн. 6. Кірме сөздер әрбір тілдің лексикасында бар. 7. "Былай түр! Корме! Саған рұқсат жоқ!"— дегендей, суық, катал. (М. Ә.). Ол сурет көрмесінде болды. Оған қорме қатты ұнады.

Сабақты және салт етістіктер — Переходные и непереходные глаголы

В сопоставляемых языках каждый глагол относится к группе или переходных или непереходных. Различить их можно только в контексте по следующим признакам:

а) в обоих языках переходный глагол (сабақты етістік) обозначает только действие (а не состояние), которое непосредственно переходит на другой предмет.

в) в обоих языках при переходном глаголе управляемое существительное ставится в винительном падеже (в русском без предлога), являясь прямым дополнением, (в казахском языке — в форме табыс септік на: -ды, -ді, -ты, -ті), в оформленном или неформальном виде на вопрос (кімді? нені?); Колхозник косит (что?) сено — колхозшы шөп-ті шабады (нені?); Мальчик сорвал (что?) яблоко — Бала алма (ны) үзді (нені?). Я видел своего товарища. Глагол, не требующий после себя существительного в винительном падеже, называется непереходным. Ол киінді. (Он оделся).

В казахском языке посредством присоединения залоговых суффиксов почти от любого непереходного глагола можно образовать переходный, и наоборот, от переходного — непереходный.

1-жаттығу. Сабақты және салт етістіктерді анықтал, салт етістікті тузу сызықпен, сабақты етістікті ирек сызықпен сызып көшіріңдер.

1. Адам туа білмейді, жүре біледі. 2. Оқы да біл, ойна да күл, бірақ жұмысты ұмытпа. 3. Қанбақтың ұшарын ж ел біледі, қонарын сай біледі. 4. Малды баксан, қой бак, май кетпейді шарадан. 5. Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды.

2-жаттығу. Мәңгі сөйлемдерден салт, сабақты етістік болатын сөздерді тауып, оған сұрақ қойыңыз.

Біздің елдің қысы әжептәуір қатты болады. Қар қалың түседі. Танертен ерте тұрғандықтан, ұйқымыз қанбайды. Өзіме таныс ащы дауыс мені шошылтып оятты. (С. С.)

Бір күні мен қызық көрініске тап болдым. Кешеді 4—5 жастағы бала кетіп барады. Оның соңында ұзын сирақты

тырна балапаны еріп жүр. ("Құстар тіршілігіндегі ғажайыптар" кітабынан.)

3-жаттығу. Карамен жазылған сөздерге сұрақ қоя отырып, онык салт немесе сабақты егістік екенін ажырат.

Текес езенінің иірім жерлеріне ат бойламайды, суы кебінесе күренітіп, қоймалжынданып жатады. Балыққа бай.

Март айы туды. Кен дүниені көктем иісі кернеді. Мек-тепке жиылып, ойын қоюға дайындаламыз. Жиын өткіземіз, қабырға газеттерін шығарамыз. (Б. Соқп.).

4-жаттығу. Мына сөйлемдерден болымды егістіктерді тауып, оған сұрақ қой.

Оқып жүріп ойланбау білместік, ойланып жүріп оқымау — өлім. Ақылды қасыннан қорықпа, жарымес досьянан қорық. (Мақал.). Біз бірнеше бала болып, ауыл сыртындағы өзенге балық аулауға бардық. (Б. Соқп.).

5-жаттығу. Болымды және болымсыз егістіктерді тауып, оған сұрақ қой, морфологиялық талдау жаса.

1. Нансыз ешқандай тамақ болмайды екен. 2. Бұл жолы балықты да көп ұстадық. Мүмкін, мен бұл мәселені жөнді білмеспін? Ал сендер не дейсіңдер? 3. Айналаға қарап тұрғанда, жердің құнарлы қара топырағы жасыл ала шөлтен көрінбейді. Тамыздың аяғында Алатаудың баурайындағы бақтарға барар ма еді? ("Балдырған" журнал ынан.).

6-жаттығу. оолымды егістікке екі сөйлем, болымсыз егістікке үш сөйлем ойлап тауып жаз.

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОВОРОМ ПО-КАЗАХСКИ

ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ ОРНЫ — ОБЩЕСТВЕННОЕ ПИТАНИЕ

- Осы арада таяу жерде кафе (асхана) бар ма?
- Есть ли здесь поблизости кафе (столовая)?
- Осы кешеді сол жақта ресторан бар.
- На этой улице налево есть ресторан.
- Келіңіз, мұнда бос орын бар.
- Пройдите, пожалуйста, здесь есть свободное место.
- Қасыңызға отыруға бола ма?
- Болады, отырыңыз.

- Можно с вами сесть?
- Пожалуйста, садитесь.
- Мен уш адамға орын алып қоймақ едім.
- Я хотел бы заказать столик на 3 человека.
- Мұнда кім қызмет көрсетеді? Дастарқан мәзірін беріңізші?
- Кто здесь обслуживает? Дайте, пожалуйста, меню?
- Сіздерде диета (ет, балық) тағамдары бар ма?
- Есть ли у вас диетические блюда (мясные, рыбные)?
- Мен тұздалған (ашы) тамақ ішпеймін.
- Я не ем соленой (острой) пиши.
- Сіздер не жейсіңдер?
- Что вы будете есть?
- Балки, сіз бізге бірдеме ұсынарсыз?
- Может быть, вы нам что-нибудь порекомендуете?
- Бұл ресторан тамағының бәрі дәмді.
- В этом ресторане все вкусно.
- Сіздерде ете тез қызмет көрсетеді екен, рақмет.
- У вас обслуживают очень быстро, спасибо.

Прочитайте выразительно стихотворение, выучите наизусть.

БАЛАМА

Ә. Тәжібаев

Есің де кірді, есейдің, балам,
Ертеңге барар ашыды жолың.
Әке деп маған болмай-ақ алан,
Таба бер енді құрбыңның тобын.
Көп емес ақылым айтылар саған,
Не керек бекер білгірлік айтып.
Азаймаса екен мейірің маған,
Келгенде ұзақ жолдардан қайтып.
Ағаны сыйла, ағарған шашың.
Андамай кейде тимесін тілің.
Үлкеннің шашы — менің де шашым.
Есіңе сақта осыны, күнім!

1. Ақын баласына қандай ақыл айтты? Какой совет дает поэт своему сыну?
2. "Үлкеннің шашы — менің де шашым, Есіңе сақта осыны, күнім!" деген ақын сөзін қалай түсінесіңдер? Как вы понимаете эти строки поэта?

3. Өлеңнің идеясы (айтпак ой қорытындысы) не?
Какая главная идея стихотворения?

ЗАНЯТИЕ 39

Етістер — Залог

Етістіктердің ерекше грамматикалық категориясының бірі — етіс. Етістіктен етіс тудыратын өздерінше морфологиялық және синтаксистік сипаттары басқашалау болып келетін, бір алуан жұрнақтардың жүйесі, әдетте, етістер я етіс категориясы деп аталады.

Етістіктердің етіс деп аталатын түрі іс-әрекеттің іс істеушіге немесе затқа хатысын білдіреді. Мысалы: Айдар егін айдады. 2. Айдар егін айдатты. 3. Айдар егін айдаттырды. 4. Айдар Мұқашқа егін айдаттырды. 5. Айдар егін айдасты.

1. Ол онан жөн сұрады; олар бір-бірінен жөн сұрасты; ол онан жөн сұратты; онан жөн сұралды; ол өзі сұранды. (сұра, сұрас, сұрат, сұрал, сұрап) етістіктері бір түбірден өрбіген түбірлес негіздер, сұра түбірінен тиісті жұрнақтар арқылы (-с, -т, -л, -н); туып, бір-бірінен ерекшеленіп тұр. Сондай-ақ, бірінші сөйлемде айдау ісін істеуші Айдар, екінші сөйлемде Айдар өзі тіке істемеген, айдау ісін сол Айдар арқылы басқа біреу істеген болады.

Үшінші сөйлемде айдау ісін екінші адамға еріксіз істеттірсе, еріксіз істейтін істеушінің айтылуы қажет болып тұр.

Төртінші сөйлем өте тиянақты толық, бесінші сөйлемде Айдар егінді басқа біреуге ғана айдаттырмай өзі қосылып айдасады. (айдады, айдатты, айдаттырды, айдасты). Аталған етістіктердің бір-бірінен мағыналық айырмашылықтары, оның ішкі мәні, яғни айдау ісіне қатысы бірдей емес.

Істің істеушісіне, нәтижесіне қарай құбылуын етістіктің етіс түрі деп атайды.

Залог глагола выражают возможные отношения между действующим лицом и объектом действия.

В казахском языке залог образуется главным образом морфологическим способом: прибавлением к основе глагола специальных суффиксов, которые образуют новые основы с новым залоговым значением. Каждый залог характеризуется специальным залоговым суффиксом.

В русском языке основных залогов три: действительный, средневозвратный, страдательный.

В казахском языке разряд залогов рассматривается по-разному: в научных грамматиках перечисляются пять залогов (өздік — основной, ортақ — взаимный, езіндік — возврат-

ный, ырықсыз — страдательный, өзгелік — понудительный), а в школьных грамматиках нет основного залогов.

Қазақ тілінде етістер жұрнақтарының түрлеріне, олардың мағыналарына мен қызметтеріне қарай, төмендегідей бес түрге бөлінеді.

(В казахском языке имеются следующие залогы):

- | | |
|------------------|-----------------------------|
| 1. Негізгі етіс. | — Действительный залог. |
| 2. Өзгелік етіс. | — Понудительный залог. |
| 3. Ортақ етіс. | — Взаимно-совместный залог. |
| 4. Өздік етіс. | — Возвратный залог. |
| 5. Ырықсыз етіс. | — Страдательный залог. |

1. Негізгі етіс — Действительный залог

Глагол действительного залогов обозначает, то лицо или предмет, которое само совершает действие.

Өзіне тән істі, қимылды істеушінің басқа біреу арқылы істемей, тіке өзі істейгіндігін я істегендігін білдіретін етістіктің алғашқы түрі *негізгі етіс* деп аталады.

Например: Бораш үйіне хат жазды. Мұса демалысқа келді дегенде жазу, келу істерін өзі істеген болып тұр. Мұнда басқаның ешбір қатынасы жоқ. Сөйтіп, негізгі етіс деп өзге етіс формаларына таянып-негіз болатын, солардың түрлерін, мағыналарын, қызметтерін салыстырып айқындайтын форма, (олар оқыды; біз келдік, тақтайды шегелеп қойдық, инені сабақтадым; бар, кел, сөйле, шөлде, ақта, арала, қарайла, құрсаула, оян, қуан, құшақта, ермек ет, еңбек сіңір, ән сал, түсініп ал, сұрап қой т. б.).

2. Өзгелік етіс — Понудительный залог

Понудительный залог — типичная особенность тюркских, в том числе и казахского языков. Отсутствует в русском языке.

Понудительный залог выражает действие, совершаемое его логическим субъектом, как бы по принуждению другого субъекта. Істі істеушінің тіке езі істемей, басқа біреу арқылы істелетіндігін көрсететін етістіктің түрін *өзгелік етіс* деп атайды.

Например: Мұғалім оқушыға жаздырды.— Учитель заставил ученика писать.

Мұғалім кітапханадан кітап алдырды. Ербол мазмұндама жазды. Бейсен қаптың аузын будырды.

Понудительный залог образуется от основы переходных глаголов прибавлением суффиксов -т, -ыт, -іт, -тыр, -гір, -дыр, -дір, -кыз, -кіз, -ғыз, -гіз.

Например: ал-дыр (заставитъ взять), өт-кіз (заставитъ пройти), ойна-т (заставитъ играть), оқы-оқыт, оқытқыз; аш-аштыр, аштырт, аштырт-кыз; шақыр-шақырттыр, шақыртқыз; бекіт-бекіттір, бекіткіз; как-кактыр, кактырт, кактыртқыз; сен-сендір, сендірт, сендірткіз; қапта-қаптал, қапталтыр, қапталтырт.

При одном и том же глаголе возможно сочетание двух или даже более суффиксов пунудительного залога (казак тілінің жалғамалық (агглютинативтік) қасиетіне байланысты өзгелік етістің жұрнақтары бірінің үстіне бірі қабаттасып жалғанады).

Например: айт-кыз-дыр-т (заставь кого-то говорить) тазала-т-тыр-т, бөл-дір-т-кіз, жина-т-кыз, жина-т-тыр.

3. Ортақ етіс — Взаимный залог

В казахском языке значения русских взаимно-возвратных глаголов чаще всего соответствует *ортақ, етіс* (взаимный залог). Глаголы со значением взаимности обозначают действия, которые совершаются двумя или несколькими лицами и переходит взаимно с одного на другой.

Бір гана істеушінің та рап ынан істемей, бірнеше істеуші арқылы істелетін істі көрсететін етістіктің түрі ортақ етіс деп аталады.

Ортақ етіс образуется от основ глагола посредством суффикса -с, -ыс, -іс. бер-іс, төг-іс, тасы-с, қолтықта-с. (Олар қолтықтасып барады), сөйле-с (Біздер сөйлесіп отырмыз), қаз-ыс (Жер қзысты), шегін-іс (Бір адым кейін шегіністі).

Ортақ етіс жұрнағы етістіктің сонындағы дауысты дыбыстан сон (после гласных) -с түрінде, дауыссыз дыбыстан сон (после согласных) -ыс, -іс түрінде жалғанады. Мысалы: Біз сенімен айтыспаймыз. Біздер хат жазысып турамыз. Достар бір-бірімен қушақтасып амандасты. Әбіш Борашпен сойлесті. Мен кеппен бірге шоп шабыстым. Гүлжан апасымен бірге киім тігісті. Олар есік алдындағы қарды күресті.

4. Өздік етіс — Возвратный залог

Русскому средне-возвратному залогу обычно соответствует казахский *өздік етіс* (возвратный залог). Выражает действие, исходящее от субъекта и возвращающееся на него. В таких глаголах субъект действия в то же время является как бы и прямым объектом действия.

Істің істеушінің езіне жұмсалуын білдіретін етістіктің түрін өздік етіс деп атайды.

Іс, кимыл істеушінің езіне арналады. Киін, таран, жуын, оран, камдан, дегенде істеуші езін өзі киіндіреді, езін өзі жуады, езін өзі орайды, өзін езі қамдайды. Сондықтан істі істеуші де өзі, істің объектісі де өзі.

Өздік етіс образуется путем присоединения к Основе глагола аффиксов -ын, -ін (после согласных) -н (после гласных), сұра-н, камда-н, жасыр-ын (ды), шеш-ін-, тазала-н, сайла-н, кыр-ын, кер-ін, желпі-н, ора-н, жу-ын, түр-ін. Болат суық суга жуынды. Серік киімін киінді. Бейсен белбеуін буынды.

5. Ырықсыз етіс — Страдательный залог.

Страдательный залог показывает, что подлежащее обозначает предмет, который подвергается действию со стороны другого предмета, указанного дополнением.

Істің кімнің істегендігі көрсетілмей, не істелгендігі көрсетілген етістіктің түрі ырықсыз етіс деп аталады.

Ырықсыз етіс образуется от основы переходных глаголов прибавлением аффиксов -ыл, -іл (после согласных) и -л (после гласных), тура-л (ет туралды, шоп жил алды), беге-ел (су бегелді, ет туралды), жу-ыл (еден жуылды, егін шөбі оталды), тер-іл (мақта терілді, ат жегілді), бас-ыл, ашылды, жазылды, сана-л, баста-лды. Қора тазартылды, қой камалды, уй жиналды, жіп үзілді, түйін шешілді, кір жуылды, ине сабакталды, қар күрелді, киім ілінді, кітап оқылды, астық жиналды, елен айтылды.

1-жаттығу. Төмендегі сөйлемдердің мағыналарын айқындап, құрамынан етістіктерді тауып, оларды қандай тұлғада тұрғанын айт.

Ырықсыз етістіктерді теріп, жұрнағын сызықшамен бөліп көрсет.

1. Колхоз егістігін жағалай түзу ағаш отырғызылады, яғни егіс ал қабы жасалады. Қазақстанның дала аймағында кебіне қайың егіледі. (Ғ. Мүст.).

2. Сырғалы бұтағынан гул тоғілген.

Өркені — жібек шашақ күлтеленген.

Қойғандай кесте тігіп ақ жібекке.

Тенбілін таң қалады адам қорған. (Д. Ә.).

2-жаттығу. Төмендегі сөз тіркестеріндегі бір тұлғалы сөздерді өзара салыстырып, қайсысы зат есім, қайсысы ортақ етістік екенін ажырат.

Сайысқа түс. Кіммен сайыстың? Күреске түс. Менімен күрес. Айтысты тында. Ақындар айтысты. Жарысқа қатысқан.

3-жаттығу. -ын, -ін, -н жұрнағының қызметін қарамен жазылған етістіктердің мағыналарын анықтау барысында анықтап, өздік, ырықсыз етістіктерді салыстырып, арқайсысын езі алдына топтап жаз.

Үлгі: өздік етіс: таранды

ырықсыз етіс: қорінді

Әлия таранды. Қарағай көрінді. Дәрігерге көрінді. Ақша төленді. Асқар жуынды. Киім ілінді. Жәшік шегелінді. Үй салынды. Кіріпші қаланды. Омар киінді.

4-жыттығу. Оқып шығып, етістіктердің етіс түрлерін (өздік етіс, ырықсыз етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс) ажыратыңдар.

I. ҚҰС ҰЯСЫ

Вена маньнан құс ұялары табылады. Олардың бірі ұсақ металл сынықтарынан жасалыпты. Құстар бұл "құрылыс материалын" осы маңға жақын жерде салынған теміржол станциясынан тасып жасапты. ("Зерде" журналы.)

Прочитайте. Переведите на русский язык.

Тема: ОРМАНДА

Жаздықүні орман іші әрі тамаша, әрі рақат болады. Ағаш біткен жасыл жапырақ жамылып, бүлдіргеннің хош иісі мен санырауқұлақтың қошқыл иістері аңқып, мұрыныңды жарады. Құстар шулап, сарғалдақтар кезектесіп әндетеді. Көкектер ағашқа қонып, көкектеп тыным таппайды. Сылдырап аққан жылгалар бойындағы ағаш арасынан мың хұбылтып бүлбүлдер сайрайды. Мүлгіген орманда әр түрлі аңдар үні естіледі. Орман ішін аюлар кезіп, бұғылар жайылады. Ойан хұмар ах тиіндер асыр салады. Түнек тоғай ішінен сілеусін, — қаракшылар да жол ториды. Қураған шыршаның басындағы қалың бұтақтар арасына қырги, қаршыға ұя салады. Олар сол ұя салған ағаштарының ұшар басына отырып алып, орманның не керемет гажап сырларын байқайды.

СӨЗДІК

орман — лес	ғажап — удивительный, чудесный
тамаша — прекрасно,	жапырақ — лист (растения)
замечательно	ан — зверь
рақат — наслаждение,	аю — медведь
блаженство	бұғы — олень
удовольствие	булбулч — соловей
санырауқұлақ — гриб	ұя — гнездо
мұрғын — нос	
тиін — белка	

ЗАНЯТИЕ 40

Көсемше — Деепричастие

Деепричастие, как и причастие, относится к глагольным формам. Оно обозначает добавочное действие по отношению к основному действию.

Негізгі кимыл, амалды білдіретін немесе оны айқындай түсіп, қосымша кимыл, амалды білдіру қызметінде жұмсала-тын етістіктің түрі көсемше деп аталады.

Көсемше отвечаєт на вопросы кайтiп? (каким образом?), калай етiп? неге? (чєму?), не iстєп? (что дєлая?), не iстєгелi? кайтхелi? (что сдєлав?), не iстєдi? (что дєлать?).

Например. Асан жүгіріп келе жатыр. Айдар Алма-тыға оқығалы келді. В этих предложениях одно действие оказывается основным, а другое — добавочным. Основное действие обозначено глаголом келе жатыр и келді а добавочное — словом жүгіріп, оқығалы. Жүгіріп, оқығалы — это деепричастия, которые уточняют, дополняют и выражают характер действия.

Көсемшелер сыртқы тұлғалық қасиеттеріне сәйкес үш түрлі болады. (В казахском языке көсемше имеют три группы).

1. Көсемшенің бірінші түрі. (Деепричастие) образуется от основы глагола путем прибавления суффиксов -п, -ып, -іп, и обозначает сопровождающее действие при главном действии, оқы-п (оқып жур), тағала-п (тағалап хойды), шегеле-п (шегелеп берді), жаз-ып (жазып отыр), күл-іп (күліп жіберді), сөндіріп-іп (сөндіріп қойды), тап-тауып, жап-жауып, кеп-хеуіп, сеп-сеуіп, теп-теуіп, шап-шауып, ойла-ойлап, елше-өлшеп, қайт-қайтып, жет-жетіп.

Аффикс — присоединяется после гласных (дауысты дыбыстан сон), -ып, -іп после согласных (дауыссыз дыбыстан сон).

2. Көсемшенің екінші түрі. (Деепричастия II) образуется от основы глагола при помощи суффиксов -а, -е, й. Оно сочетается с вспомогательными глаголами, образует сложные глаголы, выражающие различные оттенки значения. Аффикс -а, е — присоединяются после согласных (дауыссыз дыбыстан сон), -а, й — после гласных (дауысты дыбыстан сон), бол-бол-а, ер-ере, ойна-ойлай, оқы-оки, болма-болмай, ермей, айт-а (айта бастады), жаздыр-а (жаздыра бер), жат-а (жата бер), жаз-а (жаза тур), біл-е (біле қойды), төктір-е (төктіре бастады), коре, тер-е, тында-й (тындай бер), иле-й (идей туе). Деепричастие II выражает действие, которое будет происходить или происходит в настоящее время, и служит для образования настоя ше-будущего времени.

Например: Мен ертен киноға бар-а-мын — я завтра пойду в кино. Сен институтта оқ-и-сың — ты учишься в институте. Сапар кешке ос ында хел-е-ді.— Сапар сюда ходит ежедневно.

3. Көсемшенің үшінші түрі. (Деепричастия III) образуется путем прибавления аффиксов -талы, -гелі, -калы, -келі

к глагольной основе и обозначает цель или время действия. Аффиксы -калы, -келі, ставятся после глухих согласных (катан дауыссыздан сон), а (-ғалы, -гелі,— после других согласных) катанная баска дыбыстардан сон. Мысалы: айтқлды (айтқалы келдім), сөйлес-келі (сөйлескелі кетті), тында-ғалы, кел-гелі, бас-басқалы, жет-жеткелі, ал-ғалы. Көсемшенің ІІІ түрі істің басталмағанын, оның тек келешекте болатындығын білдіреді. Көргелі келді дегенде де, көру ісі әлі болмаған, сондықтан келу ісі мақсат ретінде ұғынылады. Амандасқалы келдім. Шай ішкелі отыр. Бұл көсемше негізгі етістіктегі негізгі істің мақсатын көрсетеді.

Көсемше істің амалын, тәсілін немесе мақсатын білдіріп, етістіктен болған баяндауышты сипаттайды. Осыған орай, көсемше сөйлемде көбінесе пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: Жұмаш ойланып (кайтп?) сөйледі. Мен оған қызыға (калай?) қарадым. Ол сөйлескелі (не үшін?) келді.

Көсемше — етістіктің тиянақсыз түрі. Сөйлемдердің тиянақты болу үшін көсемшелерге жіктік жалғауы жалғанады немесе олардан кейін басқа бір етістік тіркесіп айтылады.

Көсемшелердің ішінен -а, -е, -й, -п, -ып, -іп жұрнақтары арқылы жасалған түріне жіктік жалғаулары жалғанады да, -калы, -келі, -талы, -гелі жұрнағы жалғану арқылы жасалған түріне жалғанбайды.

Көсемшелер істің қалай болу амалын, тәсілін білдіріп, сипаттау қызметінде жұмсалғанда және осыған орай, сөйлемде пысықтауыш болғанда, әдетте, жіктелмейді. Асығып сөйледі. Ынтыға тығады. Көсемше көмекші етістікпен тіркесіп, күрделі етістіктің құрамында келгенде де, жіктелмейді.

Етістіктің бұл түрі етістікке қосалқыланбай, сипаттау қызметінде жұмсалмай, өзі тікелей іс-әрекетті білдіріп, баяндауыш болғанда, жіктік жалғауларын қабылдайды. Мұнда да ол таза көсемшелік мағынасы мен қызметінен алшақтап, шақтық және жақтық мағыналарды білдіреді. Мысалы: Алма хеше келіпті. Біз онымен бүгін сөйлесеміз.

1-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, көсемшенің қай түрі екенін, қандай жұрнақ арқылы жасалып тұрғанын айтықтар.

1. Жібек үйге сөйлей кірді. 2. Менің әкем жатып оқиды. 3. Сәуле бір топ адамды бастап келді. 4. Мен кітапты оқып бітірдім. 5. Мен институтқа келіп едім, сен кетіп қалыпсың. 6. Ол үйге келе кітап оқыды. 7. Саған мен бірден айта келдім. 8. Ол кино көргелі келді. Ол менімен сөйлескелі келді.

2-жаттығу. Етістіктердің мағыналарын анықтап, бұлардан көсемше жасаңдар.

Үлгі: сал-сала, салып, салғалы.

Сал. Тер. Ойла. Құр. Бекіт. Сөйле. Айт. Жүр. Қой. Көрсет. Жат. Оқы. Жаз. Жак. Ор. Жан.

8-жаттығу. Төмендегі сөйлемдердің мағыналарын анықтап, құрамынан көсемшілерді тауып, олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын айт.

1. Мектеп оқушылары колхоз фермасын аралап көрді. 2. Мен келем тау ішінде түнделетіп, аймақты күңіретіп, елеңдетіп. (С. С.). 3. Қарт марка көңілмен, жұмсақ орындыққа жайланып отырып алды. 4. Баласын әскерге жібергелі жатыр. 5. Ол жұмысты сенің есіне салғалы қанша уақыт өтті. 6. Анда-санда өткізші жанбыр бүркіп өтеді. 7. Бұл жолы мен сізге ондай кенестер айтқалы отырған жоқпын. (Ә. К.).

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОГОВОРИМ ПО-КАЗАХСКИ

Күнделікті қолданылатын сөздер — Слова повседневного общения

1.— Маған қазақша күнделікті қолданылатын сөздерді үйретіңізші?—Научите меня пожалуйста казахским словам повседневного употребления.

— Жарайды, мен мүмкіндігімізше атап шығайын, сіз қайталап айтып отырыңыз.

— Хорошо, я буду говорить слова, а вы повторяйте за мной.

ана — мать
 әке — отец
 аға, іні — брат (старший, младший)
 ата — бабушка
 әже — бабушка
 жиен — племянник
 өмірбаян — биография
 өз аты — имя
 әкесінің аты — отчество
 ата-анасы — родители
 бал ал ар — дети
 сәби — ребенок
 ағайын, туысқан — родственник
 үлкен (шағын) отбасы — большая (небольшая) семья
 үйлену — жениться

тұрмысқа шығу — выйти (выходить) замуж
 бонда қ — холостой
 тұрмысқа шыққан — заму-жем
 жас жігіт — молодой человек
 қыз (бой жеткен) — девушка
 сінлі — младшая сестра
 мамандық — специальность
 жұмысшы — рабочий
 үйленген — женатый
 ер — мужчина
 әйел — женщина
 бозбала — юноша
 ұл бала — мальчик
 қыз бала — девочка
 КӘСІП — профессия

- Бүгінте осы жетеді, сізге көп рақмет!
- На сегодня достаточно, вам большое спасибо!
- Мен толық мақұлдаймын.— Я вполне одобряю.

Прочитайте. Переведите на русский язык.

БАТЫРДЫҢ САУЫТ-САЙМАНЫ

Саржала ХҮІІІ ғасырдың аяғында өмір сүрген, атағы елге кен тараған, игілік-шарапаты жарлы-жақыбайға мол дарыған, әйгілі халық батырларының бірі.

Саржала батыр мал жинап, дәулет асырып, байлықты мақсат етпеген, "байлық — мұрат емес, жоктық — ұят емес" деген кағиданы ұстанып, өмірін, хайрат-қабілетін кара халықтың дұшпандарымен күрес жолына жұмсаған адам.

Саржала батырдың үш баласы болған, бірақ бұлардың ішінде асқан қайрат иесі, ахыл-парасаты мол, халық ұлы атанардай, әкесінің жолын қуардай ешкім болмаған.

Саржала батыр сексеннен асып, тоқсанға жақындағанда: "Апырмай, тәнірім өзіме теңдес бір ұл бермеді-ау, өмір бойы ұстаған мақсат-мүддемді кім жалғастырар екен. Мына сауыт-сайманым шіріп далада қалар ма екен?"— деп қалың ойға батып жүреді.

Бір күні жолдас-жораларымен ат үстінде келе жатып, шағылда қаперсіз ойнап жүрген көп баланың үстінін шығады. Қару-жарактарын асынып, суыт жүрген, сатырлап қыр астынан капелімде шыға келген батырлар балалардың зәресін ұшырып, қатты қорқытады. Қорыққан балалар тым-тырақай каша жөнеледі. Тек бір бала ғана тұрған орнынан қозғалмай, бұқа болып өкіріп, топ алдында келе жатқан Саржала батырдың атының басына топырақ шаша бастайды. Бұндайды бұрын-соңды көрмеген батырдың арғымағы да, басқа аттылар да бұрылып кетеді.

Анадай жерге барып атының басын тежеп, Саржала батыр: "Апырмай, мына баладан ерен бір қасиет байқағандай болдым-ау. Осы баланың үйін сұрандаршы, солай қарай ат басын бұрайық",— дейді серіктеріне.

Баладан үйін сурап батырлар сонда барып түседі. Бұл үй Тайман ақсақалдың шанырағы болып шығады. Жаңағы батырлардың атын үркіткен Тайманның төрт баласының бірі — Исатай екен. Тайман ақсақал келген батырларды жібермей, ас-суын беріп, барынша қонақ етеді, әңгіме-дүкен құрады. Сонда Саржала батыр Тайманға: "Ас-суықызға алла риза болсын, сіздің үйге қонақ болайық деп келген жокпыз, мына балаңыз үшін келдім",— деп манадан бері қонақтардан көзін алмай отырған, шалдың Исатай дейтін баласын нұсқап қорсетеді. Сосын үстіндегі сауыт-сайманын шешіп, қерегенін басы-

на іліп: "Тура биде туган жок" деген бар. Өз балаларым ренжи қоймас. Менің сауыт-сайманым оскенде осы бала,— Исатайжан ие болар",— деп, қолын жайып батасын беріп, Саржала батыр жүріп кеткен екен.

ЗАНЯТИЕ 41

Есімше — Причастие

Етістіктің ерекше бір түрі — есімше. Оның ерекшелігі — екі жақтылығында, яғни әрі есімдер, әрі етістік қызметінде жұмсалатындығында.

Причастие — это особая форма глагола, обозначающая отнесенность предмета к действию и имеющая признаки глагола и прилагательного.

Есімше — іс-әрекеттік мәнін заттың сапалық белгісіне айналдыра отырып, бірде етістік, бірде есімдер қызметін атқаратын, есімдерше де, етістіктерше де түрленетін ерекше форма.

В казахском языке причастие главным образом выступает в качестве сказуемого и определения. Мысалы: Мен Есенді бұрыннан білетімін. Сен де онымен танысарсың. Тігілмеген етігінді мақтама. (Мак.). Білмеген жердің ой-шұқыры көп, көрінген жердің алыстығы жок. (Мах.).

Зат есім мағынасында қолданылған есімшелер атау септікте бастауыш іліктен басқа септікте тұрып, толықтауыш болады.

Реже, субстантивирюясь, оно выступает в качестве подлежащего и дополнения. Мысалы: Қасқырдың ойлағаны — арамдық, қойдың ойлағаны — амандық. Тапхан қуанады, таныған алады. Жарылғанды жау алады, бөлінгенді бөрі алады. (Мақалдар). Кроме того, в отличие от русского языка, причастие в казахском языке спрягается и если оно находится в конце предложения, то переводите на русский язык как глагольное сказуемое прошедшего или будущего времени. В это л случае причастие принимает личное окончание сказуемого и сохраняет основной признак глагола — способность образовать отрицательную форму при помощи аффиксов отрицания: Сен онымен келіскенсің.— Ты с ним договорился.

Сен онымен келісерсің.—

Возможно, ты согласишься с ним.

Есімшенің бойындағы етістікке тән қасиеттер мен белгілер мыналар: Причастия в обоих языках имеют следующие глагольные признаки:

1) Причастие образуется от глагола и сохраняет все его значения. Указывает на время (настоящее или прошедшее). (Жалпы етістік атаулыға тән шақтық мағына есімшеде де бар. Есімше не өткен шақ, не келер шақ түрінде қолданылады. Мысалы: Хабарынды естігенмін деген сөйлемдегі естігенмін деген есімше өткен шақты білдірсе, ол сенімен сөйлесер деген сөйлемдегі сөйлесер деген есімше келер шақты білдіреді).

Есімше в казахском языке как глагольная форма изменяется по временам, а как именная форма изменяется по временам, числам и лицам, имеет признаки прилагательного.

В казахском языке причастия, когда они употребляются вместо существительного, подобно субстантивированным прилагательным, они могут принимать все. именные аффиксы: Жүретіндерге билет сатылған. Отъезжающим билеты проданы. При этом склонение причастий ничем не отличается от склонения имен существительных.

В казахском языке любое причастие в конце предложения употребляется как сказуемое, согласуется с подлежащим в числе и лице (заключением III лица): біз келгенбіз.

Есімшенің түрлері және олардың жасалуы

Образование причастий

Болған, болып жатқан я болашақ істі сапа етіп керсетумен байланысты, есімшелер үш түрлі болады: 1) өткен шақ есімше (прошедшее), 2) келер шақ (будущее) есімше 3) ауыспалы осы шақ есімше (прошедшее — переходное время).

По способу образования и по значению причастия в казахском языке подразделяются на следующие группы:

I. Откен шақ, есімше Причастия прошедшего времени

Образуется путем присоединения к глагольной основе аффикса -тан, -ген, -қан, -кен. После глухих согласных -қан, -кен, после остальных звуков -тан, -ген.

Мысалы: шапқан, сейлескен, тыныққан, тіккен, жинатан, шегелеген, тонған, жібіген, білген, ойнаған, сөйлеген.

Эта форма имеет широкое употребление в современном казахском языке и имеет значение действия в прошедшем времени.

Причастие на -тан, -ген, -қан, стоящее перед существительным выступает в качестве определения. Мысалы: келген кісі — вошедший человек; сөйлеген жігіт — выступавший молодой человек, мен оқыған кітап — книга, которую я

читал или прочитанная мною книга, айтқан сөз — сказанное слово; берген уәде — данное обещание.

Причастие на -тан, -ген, принимая личные окончания, выступает в качестве сказуемого и выражает действие, происходившее в прошлом, рассматривается как форма давно прошедшего времени.

Мысалы: кеше келгенмін — я вчера приходил. Сен былтыр Семейге барғансың — Ты в прошлом году ездил в Семипалатинск. Біз сені кеше көргенбіз — Мы вчера тебя видели. Сіз бұл кітапты оқығансыз.— Вы прочитали эту книгу.

1. Отрицательная форма причастия образуется путем прибавления к основе глагола отрицательного суффикса -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе перед суффиксом причастия.

Мысалы: Келмеген кісіні Не жди человека, который не кутпе. придёт.

Мен бұл баланы бұрын көрмегенмін. Я этого мальчика раньше не видел.

Сен бұл қалада болмағансың. Ты в этом городе не был. Ораз не ушел (не уехал)

Ораз кетпеген. Поезд не ушел.

Машина келмеген. Машина не пришла.

Жиналыс басталмаған. Они не пришли.

Олар келмеген. Не плачущего ребенка не

Жыламаған баланы емізбейді. кормят.

2. Отрицательная форма причастия образуется при помощи отрицательных слов *жок*, или *емес*, которое изменяются по лицам и принимают личные окончания.

Мысалы: Мен керген жоқпын. Я не видел.

Сен керген жоқсың. Ты не видел.

Сіз керген жоқсыз. Вы не видели.

Ол керген жоқ. Он не видел.

Біз керген жоқпыз. Мы не видели.

Сендер керген жоқсындар. Вы не видели.

Мен оны керген емеспін. Я его не видел.

Сен керген жоқсың ба? Ты не видел?

Сіз кермеде болған жоқсыз ба? Вы были на выставке?

Сіз ақша алмаған екенсіз. Вы, оказывается, не получили денег.

Келер шақ есімше — Причастие будущего времени

Причастие будущего времени образуется путем прибавления к основе глагола аффиксов: а) -р, ар, -ер.

После гласных -р:, после согласных -ар, -ер.

Например: кара-р, ойла-р, айт-ар, бер-ер, сөйле-р, жау-ар, кел-ер, таныс-ар, келіс-ер, жалғастыр-ар, кебейт-ер, оқы-р, бар-ар.

Этой формой с личным окончанием I и II лица выражается неутвердительное будущее время, т. е. говорящий предполагает возможность осуществления в будущем действия, о котором сообщает.

Өзің де бар-ар-сын тойға. Возможно, и ты поедешь на празднество.

Қайта кірер есікті қатты қатты Не хлопай сильно дверью, в которую будешь входить (пословица).

Бүгін ертең Ахметтер де келіп кал-ар. Сегодня или завтра, возможно и Ахмет с товарищами придет.

Отрицательная форма будущего времени образуется так: суффикс прибавляется к основе после отрицательного суффикса -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: оқы ма-с, сөйле-ме-с, бар-ма-с, кел-ме-с, кор-ме-с, отырғыз-ба-с, естірт-пе-с, айт-па-с, біт-пе-с. Құлағын салмас, тіліңді алмас коп наданнан түңілдім. (Абай). Коп жасаган білмес, коп көрген білер. Знает не тот, кто долго жил, а тот кто много видел (пословица). Берместің асы піспес (Пословица). Путем прибавления мак-мех, пак-пек, бак-бек аффиксов к основе глагола (журнактардың негізгі және туынды түбірлі етістіктерге жалғануы арқылы максат мағынасындағы келер шахты есімше жасалады).

В I, II лице выступает в роли сказуемого, показывает решение, намерение действующего лица совершить какое-либо действие в будущем или обозначают то, что должно произойти какое-то событие или действие в будущем.

Например: Мен бүгін Нұрланға жолық-пақ-пын.— Я сегодня намерен встретиться с Нурланом. Құрмаш ертен холхозға кет-пек.— Құрмаш завтра должен (намерен) поехать в колхоз. Семейге Изгүтты мен Құдайберді жұрмек-ші (Абай).— В Семипалатинск должны поехать Изгүтты с Құда йберды. 1960 жылы біз екі экспедиция ұйымдастырмақшымыз.— В 1960 мы решили организовать две экспедиции. Олар осында келмек. Біз оларды күтпекпіз. Қолдан келе бере ме журт менгермек, адалдық, арамдықты кім теңгермек. (Абай).

Отрицательная форма причастия на -мак или -макшы образуется при помощи служебного слова *емес*. В I и II лицах принимает личные окончания.

Например: Мен бұл жайды ешкімге айт-пакшы емеспін.— Я никому не намерен сообщать об этом. Абылғазы шақырмаса, жатақтар өздігінен мұнда кел-мекші емес еді (М. Әуезов). Жатақи не собиравісь приехать сюда, если бы их не пригласил Абылғазы. Алмак емес, журмек емес, кермек емес, келмек емес.

Ауыспалы осы шақ есімше — Причастие переходного времени

а) Ауыспалы осы шақ есімше образуется путем присоединения к глагольной основе сначала одного из аффиксов деепричастия -а, -е, -й, затем аффиксы -тын, тін. Причастия этой формы, выступая перед существительным в качестве определения, указывают, для чего предназначен данный предмет (определяемое слово) или же указывают на занятие лица, а также совершаемое им действие.

Примеры: Сөздік жаз-а-тын дәптер.— Тетрадь для словаря. Іше-тін су.— Питьевая вода. Киім тіг-е-тін әйел.— Женщина, которая шьет одежду. Біл-етін, ойлай-тын, -шөлке-й-тін, сына-й-тын.

Причастия на *атын* принимая личные окончания, в предложении выступают в роли сказуемого и выражают действие, которое происходило в прошлом постоянно, неоднократно.

Например: Мен былтыр күнде кітапханаға бар-а-тынмын.— В прошлом году я ежедневно ходил в библиотеку. Сен кітап оқуды жаксы көр-етін-сің.— Ты любил читать книги. Келетінімді біледі, күтетін болар.

Ауыспалы осы шақты есімшенің келер шақты есімшеден негізгі бір айырмашылығы сол, мұнда (тын-тін) істің орындалуына не орындалмауына айтушы қалтқысыз, берік сенеді, ол жөніндегі өз ойын ешбір шүбәсіз кесіп айтады. Келер шақты есімшеде мұндай қасиет жоқ, қайта онда шүбә келтірушілік, сенімсіздік мін басым болады. Мен Асанды бұрыннан білетінмін. Сен де онымен танысарсын.

Отрицательная форма причастий на *-атын* образуется путем прибавления к основе глагола отрицательного аффикса -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе.

Например: Сөйле-ме-йтін адам.— Человек, который не говорит. Сен лекциядан кал-ма-й-тын-сын.— Ты лекции не пропустил, а) Причастие образуется от основы глагола путем прибавления аффиксов -у, -шы, -ші.

Сөйле-уші кісі мінбеден түсті. Музыка үйрен-у-ші бала. Жұмысты тексер-у-ші кісі. Тыңдаушы, келуші, иеленуші, айтушы, үйретуші, үлестіруші, жүргізуші, байқаушы

Ал, -шы, -ші формалы есімше тек осы шақты гана білдіреді, яғни заттын қазіргі уақыттағы ісін, қимылын, әрекетін сол затқа сапа етіп көрсетеді.

Осы шақты есімшенің біразы субстантивтеніп, есімшелер аясынан шығып кеткен (жазушы, оқытушы, оқушы, сатушы т. б.). Олардың контексте байланысты есімшелік мағынаны білдіретін кездері де жиі кездеседі. Мына қатынасты жазушы — Асқар. Мына тілхатты оқушы — Асан.

Есімшенің түрленуі

Есімше етістіктерше жіктеледі, көптеледі, тәуелденеді, септеледі.

Есімшенің жікгелу үлгісі. Таблица спряжений причастий.

жақ	Өткен шақ есімше	Келер шақ есімше	Осы шақ есімше
I	жазғанмын келгенмін	жазармын келермін	жазатыймын келетінмін
II	жазғансың келгенсің	жазарсың келерсің	жазатыысың келетінсің
III	жазған келген	жазар келер	жазатын келетін

Есімшенің тәуелдену үлгісі

жақ	Өткен шақ есімше	Келер шақ есімше	Осы шақ есімше
I -	жазғанмын келгенмін	жазарым келерім	жазатыным келетінім
II	жазғансың келгенсің	жазарың келерің	жазатының келетінің
III	жазған келген	жазары келері	жазатыны келетіні

Есімшенің септелу үлгісі

Өткен шақ есімше	Осы шақ есімше
A. оқыған, білген	оқитын, білетін
I. оқығанның, білгенің	оқитының, білетінің
B. оқығанға, білгенге	оқитынға, білетінге
T. оқығанды, білгенді	оқитынды, білетінді
Ж. оқығанда, білгенде	оқитында, білетінде
III. оқығаннан, білгеннен	оқитынан, білетіннен
K. оқығанмен, білгенмен	оқитынмен, білетінмен.

I-жаттығу. Төмендегі (I текст) оқып, құрамынан есімшелерді тауып, олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын анықта.

Күлімдей шыққан алтын күннің сәулесі ауыл манын ерекше бір әсемдікке бөлеген. Жасы кілем жамылған дарқан дала күн шапағымен құлпырып кеткен ГҚазақстан әйелдері” журналынан).

2-жаттығу. Нақыл сөздерді оқып, олардың мағыналарына қалай түсінетіндерін айтыңдар. Ондағы қарамен жазылған сөздерді етістіктің қай түріне жататынын айтыңдар.

1. Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар;
Бәрінен көп оқып, тоқыған - озар. (Мақал).
2. Дұрыс қаулы бұзылмас, шын бірлік ірімес. (Мақал).
3. Көсеуі қысқаның қолы күйер. (Мақал).
4. Миға ерген дене азбас. (Мақал).
5. Ойлау да жоқ, білу жоқ
Келер менен кетерді. (Абай).
6. Ақыл айтар туғандар,
Бұл сөзімді ойландар. (Абай).
7. Тістейтін жылқы тісін көрсетпейді.
8. Жамаулықты көп қуған
Бір бөлеге жолығар.
Жақсылықты көп қуған
Бақ-дәулетке молығар. (Мақал).
- Кермес — түйені де кермес. (Мақал).

Есімшелердің қандай жұрнақ арқылы жасалып тұрғанын дефиспен ажыратып жазыңдар.

3-жаттығу. Төмендегі сөйлемдердің мағыналарын анықтап, есімшелердің астын сызыңдар.

1. Қазак баласы айтпағанды сен айтарсың, Абай!.. (М. Әуез.)
2. Алшағыр, Сүтірәлі екеуің барак салып жатқандарды шақырып әкеліндер. (Ғ. М.)
3. Мал бөлінерден бұрын қаланың ортасындағы кен алапта жиналыс өткізіледі. (С. М.)
4. Дәмежанның үйіне де ол іркілместен келді. (М. Әуезов).
5. Сен бір айналып соғарсың. (Ғ. М.)
6. Отырған елдің азары болса да, безері болмас. (С. Кеб.)
7. Қожаш қайтарда да, елге кешердің аддында, бір келіп кеткен. (С. Бак).

4-жаттығу. Төмендегі етістіктерден есімшелер жасап, үлгі бойынша олардың жұрнақтарын сызықшамен бәліп жазыңдар.

Үлгі: тіз-ер, тіз-ген, тізе-тін, тіз-бе-с
, Қара. Сөйле, Бар. Жаз. Тексер, Қуре.

5-жаттығу. Төмендегі текст! оқып, мағынасының не жөнінде болып тұрғанын аңғарып, сөйлем ішінен есімшелерді тауып, олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын анықта.

Күлімдей шыққан алтын күннің сәулесі ауыл манын ерекше бір әсемдікке бөлеген. Жасыл кілем жамылған дарқан дала күн шапабымен құлпырып кеткен ("Қазақстан әйелдері" журналынан.).

6-жаттығу. Төмендегі тексті оқып, мағынасының не жөнінде болып тұрғанын аңғарып, сөйлем Ішінен есімшелерді тауып, олардың қандай журналдар арқылы жасылынып тұрғанын үлгі бойынша сызықшамен бөліп жазыңдар.

Ү л гі:

Қосайдар оны бұрын шешесінің айтуымен ғана білетін, өзі онша іш тартпайтын, бірақ осы ауылға келгеннен бері жақын адам екенін еріксіз мойындаған, жақсы көре бастаған. Оны кіппесе баладай айналып, мекіреніп, мандайынан тынымсыз иіскей беретін нағашы әкесінің қасынан шыға алмай қойған. (М. Мағ).

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОГОВОРІМ ПО-КАЗАХСКИ.

— Маған казакша күнделікті қолданылатын сөздерді үйретіңізші.

— Научите меня, пожалуйста, казахским словам повседневного употребления.

— Жарайды, мен мүмкіндігімше атап шығайын, сіз қайталап айтып отырыңыз.

— Ладно, я буду говорить слова, а вы повторяйте за мной.

— Мамандық — специальность кәсіп — профессия

туғай жылы — год рождения	оқу (оқып беру, оқып шығу) — читать (прочитать)
туғай жері — место рождения	туғай күні — день рождения
ұлты — национальность	орта білім — среднее образование
жұмысшы — рабочий	жоғары білім — высшее образование
әскери қызметкер — военно-служашый	қызметші — служашый
отбасы — семья	сейлем — предложение
техникалық орта білім — техническое образование	айту — сказать
сөз — слова	жазу — писать
сөйлеу — говорить	Сізге көмегіңіз үшін алғыс айтамын — Благодарю Вас за помощь.
тындау — слушать	

Прочитайте и переведите текст.

Тиін онша қонақжай аң емес. Әрқайсысы жеке-жеке өз ұяларында өз беттерінше өмір сүреді. Бір-біріне барып, ара-

ласу былай тұрсын, егер бір тиін байқамай бөтен біреуінің ұясына кіріп кетті ме, бөлеге қалғаны. Оны ұядан түйгіштеп қуып шығады. Күннің жылы уағында тиіннің мінезі ылғи ссылай. Ал суық тускен мезгілде тиіннің мінезі күрт өзгереді. Олар қысқы аязда жеке тұрып, суыққа төзе алмайтындарын сезеді. Сондықтан олар топтасып алады. Бұл хезде тиіндерден асқан тату-тәтті топты табу қиын. Қақаған суық түндерде бес-алтыдан бірігіп, бір ұяда жатады. Бір-біріне тығылғысып жатып алады да, шөп-шаламмен ұяның аузын бекітіп тастайды.

Сөйтіп қыстың ұзақ аязды түндерін бейқам өткізеді. Сыртта алай-түлей боран соғып тұрса да, қақаған сары аяз болса да, тиіндер былқ етпей жата береді. (Андрей Синявский.)

СӨЗДІК

жеке — самостоятельно	сондықтан — поэтому
бетен — чужой	боран — метель
ұя — гнездо	мінез — характер
тиін — белка	сезеді — чувствуют
топтасып — группироваться	түн — ночь

Отвѣтьте на вопросы:

1. Тиін қандай аң?
2. Күннің жылы уақытында тиіннің мінезі қандай?
3. Суық уағында мінезі қандай?
4. Қысты қалай өткізеді?

ЗАНЯТИЕ 42

Етістіктік рай түрлері — Наклонения глагола

Рай категориясының негізі — етістіктегі істің бол мысқа, шындыққа қатынасы туралы сөйлеушінің түсінігі. Сондықтан рай категориясы ең әуелі сөйлемшінің іс пен болмыс арасындағы қатынасы туралы түсінігін көрсететін модальды грамматикалық категория болып саналады.

Форма наклонения выражает отношение действия обозначаемого глагола к действительности.

Действие может рассматриваться говорящим по-разному: (как повелительное) оқы, тында; (как реальное: происходило, произошло, происходит, произойдет или будет происходить) — жаздым, жазғанмын, жазып отырмын, жазбақпын, жазармын; (как желаемое или возможное: қалау, тілек мағынасында; оқығым келеді, тындағысы келеді); (как условное): істің шартын; оқыса, тындаса).

Сравнивая такие формы глагола, приходим, к выводу, что понятия реальности действия, с одной стороны и его нереальности (в смысле желательности, возможности) с другой, выражаются у глагола специальными показателями.

Способность глагола выражать определенными показателями степень реальности действия называется наклонением.

Етістіктердің субъектімен, мезгілмен және басқа жағдаймен байланысты жаққа, шаққа, шартқа байланысты турленіп құбылуы рай деп аталады.

В казахском языке различаются четыре наклонения: *ашық, рай* (изъявительное), *шартты рай* (сослагательное), *буй рык, рай* (повелительное), и *цалау рай* (желательное).

Сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалған үстеулер үстеудің күрделі түрі болып саналады.

1-жаттығу. Үстеулердің қалай жасалғанын айтыңдар.

1. Қасқырды тірідей ұстап әкелді. 2. Жауын бірде себелеп жауады, бірде төгіп-төгіп кетеді. 3. Жас ұшқыштық жауынгерлік жолы осылайша басталды. 4. Сен бүгін сонда барып кон да, ертен осында қайтып кел. (С. М.). 5. Хатшылыққа бір ауыздан Мейрам сайланған. (Ғ. Мүст.). б. Шайдың артынан Абай тез гана орысша бір қағаз жазды.

2-жаттығу. Төмендегі үстеулерге қарсы мәнді үстеулер тауып жаз.

Ілгері. Жоғары. Бұрын. Әрі. Мұнда. Алға. Сыртқары. Ертеңгісін. Астыртын. Әрірек.

3-жаттығу. Төмендегі сөздерді мағынасына қарай анықтап, оларға -лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей, -ша, -ше жұрнақтарын жалғап туынды үстеулер жаса.

Жасаған туынды үстеулерді кірістіріп төрт сөйлем ойлап, сөйлем мүчесіне талда.

Жаз. Күз. Қыс. Осы. Басқа. Түлкі. Қасқыр.

4-жаттығу. Сөздердің бірігуі арқылы жасалған бес үстеу сөз ойлап, оларды қатыстырып сөйлем құрастыр.

ДЙ ^ ЕРДЕ — У 5РХЧА

- Кай жеріңіз ауырады?— На что вы жалуетесь?
- Тумауратып калдым, жотелем және басым ауырады.
- У меня насморк, кашель и болит голова.
- Сіздің қызуыңыз көтерілген бе?— У вас повышена температура?
- Білмеймін, олшеген жокпын.— Не знаю, не измерял.
- Қызуымды өлшеуіңізді сураймын.— Прошу измерить температуру.
- Сіздің көкірек клетканызды рентгенге түсіру кажет.
- Вам нужно сделать рентген грудной клетки.
- Мен сізге дәрі жазып берейін.— Я пропишу вам лекарства.
- Күніне үш рет бір ас қасықпен тамақтың алдында ішіңіз.
- Принимайте три раза в день по столовой ложке перед едой.
- Доктор, сіз қандай диагноз қойдыңыз?
- Какой Вы диагноз поставили, доктор?
- Сізге суық тиген.— У вас простуда.

Прочитайте. Переведите на русский язык.

ТӨЛЕ БИ МЕН ҚАЗБЕК БИ

- Әке, мен Толе биге барып сәлем беремін, өзін көріп, сөзін тыңдағым келеді,— деп бала Қазыбек қолқа салғанда әкесі:
- Ойбай, балам-ау, ол үлкен кемесгер кісі, не деп барасың, алдында сөз таба алмай күлкі боласын, барма,— дейді. Бірақ Қазыбек қоярда қоймай әкесінен рұқсат сұрап алып, біраз жолдасымен Тале бидің алдына сәлем бере келеді.
- Шырағым, "баз бала әкесінен өтіп туады, баз бала әкесіне жетіп туады, баз бала кері кетіп туады" деген. Сен соның қайсысың?— дейді Тале би сынап.
- Өткенімді алдымдағы өмірім біледі. Өз ойымша әкеме жетіп тудым-ау деймін,— дейді Қазыбек сөзден тосылмай.
- Ә, шырағым, жарайсын,— деп, Төле би балаша жадырап ризалығын білдіреді.
- Алысыңыз қандай?— дейді Қазыбек те сыпайы сұрақ қойып.
- Алысым жақын болды.
- Тәттіңіз қандай болды?
- Тәттім шырын болды.
- Несиеніз қандай?

— Несием, шүкір өніп жатыр.

Қазыбек аулына келген сон әкесі оның қасына ерген серіктерінен: "Балам Толе бимен не деп сөйлесті"— деп сұрағанында:

— Екеуі былай деп әңгімелесті, бірақ мәнісіне түсіне алмадық,— деседі олар. "Олары несі екен"— деп карт әке де түкке түсінбей таң қалады. Сонда жұмбақ сырды Қазыбектің өзі айтып береді.

— Төкеннің "алысым жақын болды" дегені қос жанарын айтқаны. "Тәттім шырын болды" дегені ұйқысының қашқанын білдіргені. "Шүкір, несием өніп жатыр" дегені балаларының жақсы бағып, жақсы күтіп отырғанын түсіндіргені,— дейді.

« • •

Төле би тоқсан жасқа келгенінде Қаз дауысты Қазыбек сәлем бере барыпты. Елдің жақсылары, шешендер, ойшылдар жиналып, әңгіме-дүкен құрып отырғанда:

— Қаз дауысты Қазыбегім келді. Бәрің түгел жиналдындар. Сендерге айтар он түрлі жұмбағым бар, соны шешіндер,— дейді Төле би.

— Айтыңыз, айтыңыз?

— Айтсам, он түрлі жұмбағым мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

Отырғандар таң-тамаша болады.

— Бұл не деген жұмбақ. Осындай да жұмбақ бола ма?

— Токе, бұл жұмбақты мен шешейін, рұқсат етіңіз?— дейді Қаз дауысты Қазыбек.

— Рұқсат, рұқсат.

— Бір дегеніміз — бірлігі кеткен ел жаман.

— Екі дегеніміз — егесіп откен ер жаман.

— Үш дегеніміз — үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

— Төрт дегеніміз — төсектен безген жас жаман.

— Бес дегеніміз — белсеніп шапқан жау жаман.

— Алты дегеніміз — асқынып кеткен дерт жаман.

— Жеті дегеніміз — жас келіншек жесір қалса сол жаман.

— Сегіз дегеніміз — серпілмеген кайга жаман.

— Тоғыз дегеніміз — торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе сол жаман.

— Он дегеніміз — оналмас кәрілікке дауа болмас деген,— дейді Қаз дауысты Қазыбек.

— Рақмет, дәл тауып шештің. Ойы да, тілі де жүйрік, тұлпарым,— деп Толе би Қазыбекке разы болыпты.

* * *

БалД би қартайған шағында елінің игі жақсыларымен кеңесіп отырып:

"Жерден ауыр не, судан терен не, оттан ыстық не, көктен биік не?" деп сураған екен.

Бүгін ешкім ауыз тушырлықтай жауап бере алмапты. Сонда Бала бидің өзі шешіп берген екен дейді.

Жердей ауыр дегенім — ақыл-білім.
Судан терен дегенім — оқу-ғылым.
Оттан ыстық дегенім — адамның өмірі.
Көктен биік дегенім — тәкаппардың көңілі.

ЗАНЯТИЕ 46

Үстеулердік мағынасына қарай түрлері

Виды наречий по значению

Үстеулер мағынасына қарай бірнеше түрге бөлінеді:

По своему лексико-грамматическому значению наречия делятся:

1. Мезпл үстеулер (Наречие времени)
2. Мәйсен үстеулер (Наречие места)
3. Мөлшер үстеулер (Количественные наречия)
4. СыК (я) бейне үстеулер (Наречия образа действия)
5. Күпәйту (я ұлғайту) үстеулер! (Наречия усиления)
6. Максат үстеулері (Наречия цели)
7. Себеп-салдар үстеулері (Наречия причины)
8. Тоғғасу (я белу) үстеулері

1. Мезпл үстеулер (Наречие времени)

Мезгіл үстеулер қимылдың, іс-әрекеттің мерзімін, уақытын білдіреді. (Выражает время совершения действия и отвечает на вопросы кашан? (когда?), кашаннан? (с каких пор?), кашанға дейін? (до каких пор?).

бүгін — сегодня, был ты р — в прошлом году, ертен — завтра, тацртец — утром, кеше — вчера, кешке — вечером, бірсүгіні — послезавтра, жаздыгүні — летом, қыстыкүні — зимой, күздікүні — осенью, кун сайын — ежедневно, узак — долго, казір — сейчас, бұрын - раньше, анда-санда, күндіз. Муса орта мектепті быыл бітірді. Бүгін жкнаібіс болды. Асан анда-санда бізге келіп тұрады.

2. Мекен үстеулер (Наречие места)

Мекен үстеулері істін қимылдың, қозғалыстың мекенін, бет алысын, бағытын білдіреді. (Обозначает место, направление, предел действия и отвечает на вопросы кайда? (где? куда?), (кайдан? откуда? калай қарай?).

Онда — там, мунда — тут, осында — здесь, әрі — туда, бері — сюда; жоғары — вверху (высоко), темен - низко, алда — впереди, жакын — близко, усте — наверху, аста — внизу, кейін — обратно, ілгері, артта, жол-женекей, сонда, осында, одан-бұдан.

- Мұқаш алда отыр. Сәрсен кейін қарай жүрді. Екі шелектің бірі темен түседі, екіншісі көмір алып жоғары шығады. (Ғ. М.).

3. Мөлшер үстеулері (Количественные наречия).

Мөлшер үстеулері қимылдың немесе^ сынның шама-шаркыш, мөлшерлік дәрежесін білді^_ІЯ"выражают меру, величину или объем и отвечают на вопросы канша? каншалык? нешелеп? каншалап? (сколько?), мунша — столько, сошла — так, столько, соншама, соншалык, осыншама, осыншалык — настолько, солгурлым — настолько, осындайлык, мундайлык — настолько, аз — мало, кеп — много, біраз — немного, азгантай — немножко, едәуір — значительно, әжептәуір — значительно, порядочно, бірен-сараң — единично, біріншіден — во-первых, екіншіден — во-вторых, ондаған, жүздеген, көптеген, бірталай.

Халык залға біртіндеп жиналып жатыр. Біраз жүрген сон, солдаттар екі-екіден, үш-үштен бөлініп орналасты. (Ғ. М.).

4. Сын (бейне) үстеулері (Наречия образа действия).

Сын үстеулері іс-әрекеттің амал-тәсілін, бейнесін білдіреді. Выражают качество, свойство, способ, образ или форму совершения действий и отвечают на вопросы калай? (как?) қайтіп? калайша? кімше? неше? (каким образом?) тез, шапшан, дереу, жедел, әрен, әзер, бірден, өзінше, әлінше, ашықтан-ашық, кенеттен, тікелей, әдейі — нарочно, зорға — насилу, дәлме-дәл — как раз, тоць-в-тоць, жаланаяқ — босиком, бірге — совместно, астыртын — исподтишка, бір ауыздан — единогласно, капыда — случайно, шалкасынан — настежь, қолма-қол, ауызба-ауыз, көзбе-көз, бетпе-бет — лицом к лицу.

5. Күшейту (я ұлғайту) үстеулері (Наречия усиления).

Заттын сынның, қимылдың өзін немесе түрлі мөлшерін, көлемін я аса күшейтіп, я аса солғындатып көрсетеді. (Служат для усиления признака предмета и отвечают на вопросы

калай? (как?), калай? (какой?). Ең — весьма, чересчур, тіпті — совсем, вовсе, нағыз — действительно, по-настоящему, дал — как раз, нак — точно, нак — ровно, орасан, мейлінше, мүлдем, ылғи, кілен, сәл, нык, керемет, жөнсіз.

Мен келгеніңе аса қуандым. Мен бұл жұмысты өте тез істеп тастадым.

6. Мақсат үстеулері (Наречия цели)

Мақсат үстеулері іс-әрекеттің мақсатын білдіреді. (Обозначает цель действия и отвечает на вопросы неге? (зачем?), не мақсатпен? не істеуге? неге бола? немене? (для чего?), әйтеуір бір мақсатпен — зачем-то, зачем-нибудь, сонымен — затем, сол үшін — для того, бұл үшін — для этого, ерегіскенде — назло, келеке үшін — в насмешку, әдейі — нарочно, күлкі үшін — в шутку, жорта, әдейілеп, касакана. Біз әдейі саған келдік. Сен мұны касакана істеген жоқсың.

7. Себеп-салдар үстеулері (Наречия причины)

Себеп-салдар үстеулері іс-әрекеттің себебін немесе салдарын (нәтижесін) білдіреді. (Обозначает причину, основание и повод действия, состояния и отвечает на вопросы неге? не үшін? не себепті? (почему?).

Әйтеуір бір себеппен — почему-то, почему-либо, сол себепті, сондықтан — поэтому, потому, қуанышпен — на радостях, ашумен — сгоряча, хөрмегендіктен — сослепу, амалсыздан-лажсыздан, бекерге, боска, жокка, сойлей-сойлей, коре-коре, оки-оки, күр боска.

8. Топтасу (я саралау) үстеулері

Амалдың және баска қарым-қатынастың бірігу арқылы істелгенін немесе, керісінше жекеленіп істелетіндігін білдіреді.

и отвечает на вопросы нешеден? каншадан? нешеден? калай?

екеулеп — вдвоем
он-ондап — по десять
қырық-елуден — по сорок —
пятьдесят
топ-трбымен — кучкой

ушеулеп — втроем
бір-бірден — по одному
аз-аздап — понемногу
тең-теңімен — поровну

1-жаттығу. Үстеулердің мағынасына қарай калай жасалып тұрғанын айтыңдар. Мағынасына қарай үстеулер нешеге бөлінетінін ажыратыңдар.

Дал қазіргідей, уақыт баяу жылжыған емес. Ақыры көп күттірген сағат тілі нуктеден сызықшаға қарай секірді де, енді ғана он бес минутсыз бес болды, Титімдей ай ұзынша сымға бекітіліп, жерді төңіректен жүзеді. Қасқыр тура соған

қарай бет қойды... Ақыры, жәмшік қызды тауып алды. Ол өзінше қиялданып, иығынан мылтығын алған болып, көздеді де. Бах!., деп айқайлады ол. Бұл елде ылғи әулетті, көрікті адамдар тұрады. Санырауқулақ жанбыры алдыңғы күні жауып ашылған. Кеудесіне қысты да ақырын ғана жерге түсірді. Қайтадан қайғы қаптап, көңілі құлазып, жүрегі сызданып көзіне жас келді. (3. Воскресенская.)

2-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердің орнына сұрақ қойып, үстеулердің қандай түрі екенін ажыратыңдар.

Жігіттің даусы аз саябырлады да, қақпаны қайта ашты. Тауық етінен жасаған бұл кеспе өте дәмді піскен екен. Ол күні күн кешкіріп кетіп, біз кеште жолдағы поселкаға қондық. Темір жолдан біз танертен Кондратьев разъезінің қасындағы хөпірден өттік. Менің мақсатым, егер реті кеп, қалтамдағы ақшам жетсе, үстіме арзан болса да көйлек алу еді. Тысқа Төребай екеуміз бірге шықтық. Маған бүкіл Қызылжарда ең жақсы адам осы кісі сияқтанды. Сол арада біз вагон үстінен түсе қалдық та, составтың аралап жүріп әрен дегенде бір вагонға сынадай сығылысып кірдік. Кешкірген далаға қою тұман түскен екен, көз алдындағы әрең көрінеді. Тұман тез қалындап кетті. (С. Мұқанов.). Тропиктік аудандарда үйлер өте қызып кетеді. Ол кезде жазғы демалыс күндерінде біздің бітіргеніміз көбіне көшенің шаңын кешіп, босқа сенделу еді. Денеміз сал-сал болып, әбден діңкелегенде барып, жол жиегіндегі шөп үстіне қарай күлай кететінбіз. Адам үшін ең асыл қазына еңбек ете білу. Адам үшін ең ұлы жеңіс — өзін-өзі жене білу. Асқар баска балалармен қосылып ойнауға да онша құмар бола қоймайтын. ("Зерде" журналынан).

Сын күшейткіш үстеулерін бір бағанға, мақсат, себеп-салдар үстеулерін екінші бағанға көшіріп жазыңдар. Оған тиісті сұрақ қойыңдар, сөйлемнің қай мүшесі болатынын анықтандар.

3-жаттығу. Текст! оқып шығып, үстеулерді табыңдар.

Алдыңғы күні қалың нөсер жаңбыр күйіп өткен еді. (С. Сейфуллин.). Күзектің суық сұрхыл жүдеу бір күні бүгін кашамда отырған Тәкежан ауылының үстінде тұр. Дал осы сәтте Мағаш пен Кәкітай Дәрменді көріп күле жөнелісті. Бағанадан бергі Абай жауаптарының тұсында, Абайға суық, қырыс отырған Әзімбай қатқыл үнмен сөз қатты. (М. Әуезов.)

Сөздердің гіркесуінен жасалған күрделі үстеулерді көшіріп жазыңдар. Әрбір сөздің (үстеулердің) қалай жазылатындықтарын байқандар, естеріне сақтандар.

Таңертең, алдынгы күпі деген күрделі үстеулерге морфологиялық талдау жасандар.

КАЗАКША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОВОРОМ ПО-КАЗАХСКИ

ДӘРІХАНА — АПТЕКА

- Айтыңызшы, ең жақын дәріхана қай жерде?
- Скажите, пожалуйста, где находится ближайшая аптека?
- Ең жақын дәріхана Сәтбаев көшесінде.
- Ближайшая аптека по улице Сатпаева.
- Кезекші дәріхана қай жерде?
- Где дежурная аптека?
- Кезекші дәріхана Фурманов көшесінде.
- Дежурная аптека по улице Фурманова.
- Менің ұнтақ әзірлетуім керек.
- Мне надо заказать лекарство, порошки.
- Мына дәріні дайындап беріңізші?
- Пожалуйста, приготовьте мне лекарство.
- Дәрі кашан дайын болады?
- Когда лекарство будет готово?
- Оны екі сағаттан кейін алуыңызға болады.
- Можете получить его через два часа.

Прочитайте и переведите на русский язык.

ЖЕТЕС БИДІЦ ТОҚТАМЫ

Теле би тоғыз жасында сексенге келіп отырған Жетес биді іздеп келеді. Екі-үш күн қонақ болған соң, Теле би қайта еліне жүрмек болғанда, Жетес би оған бата береді. Сөзінің соңында:

— Балам, баска бұйымтайынды айта отыр. Бата баска бітер, қына таска бітер. Жол га шығып өкінбе, ақылын болса төгілме, атамда бір сез қалды деп түкірме. Тағы неміді қаладың?— дейді.

Сонда Теле би:

— О, касиетті ата. Ат берсеңіз — өліп қалады, тон берсеңіз — тозып қалады. Онан да өлмейтін, тозбайтын тағы бір бұйымтайымды айтайын,— дейді.

Жетес би:

— Әп, .берекелде... Айта бер,— дейді.

Теле би:

— Әр он жастың арасын бір белес десек, соны неге ұйғарып, неге баладыңыз?— дейді.

Сонда Жетес би:

— Оңа келдім,— ойнадым, қызығына тоймадым. Жиырмаға жеттім — бойлады, онда да балалықты қоймадым. Есейе келе жақсы сөзге сүйіндім, жаман сезге күйіндім, барымды бойға киіндім, сұлу қыз-келіншектерге шүйілдім, жауларыма түйілдім. Отызға келдім — алтайы қызыл түлкі болдым: қыран бүркітке алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым, қатар күрбанын көңілін қалдырмадым. Қырыққа келдім — аргымақтай аңқылдадым, тау тағысындай аңқылдадым, ақ алмастай жарқылдадым, күз қыранындай шаңқылдадым, барымды жоқ деп сарқылмадым. Елуге келдім — биік қырга шықтым, аргы жағының алыс-жақынын байқамадым, дәулетімді шайқамадым. Алпысқа келдім — алты тарау жолға түстім; қайсысының алыс-жақынын білмедім. Жетпіске келдім — женілгенімді білдім, бала мен келінге билігімді бердім, айтқанына көндім, айдауына жүрдім. Сексенге келдім — он жағым от, сол жағым су, алдым жар, артым қуз; қалай қозғалсам да тірлік деп біле алмадым,— депті.

ЗАНЯТИЕ 47

Еліктеу сөздер
Подражательные слова

Табиғаттағы әр түрлі құбылыстардың дыбыстарына еліктеумен немесе олардың бейнесін елестетумен байланысты сөздер еліктеу сөздер деп аталады,

Еліктеу сөз являється подражанием различным звукам (дыбыстык), световым явлениям или дающим образное (бейнелеуіш) представление о движении предмета или его состоянии. Эти подражательные слова вошли в художественную литературу, в народные пословицы и поговорки. Например: Жерді ұрсаң так етеді, итті ұрсаң канк етеді.— Землю ударишь — услышишь грохот, собаку ударишь — услышишь визг.

Жүрегі дүрс-дүрс етті.

Сердце его тук-тук.

Лампа лап-лап етіп сөнді.

Лампа миг-миг и погасла.

Подражательные слова в казахском языке разделяются на дыбыстык еліктеуіш сөздер и бейнелеуіш сөздер.

1. Дыбыстык еліктеуіш сөздер — Звукоподражательные слова

Табиғаттағы әртүрлі дыбыстарға еліктеуге байланысты сөздер дыбыстык, еліктеуіш сөздер деп аталады.

Звукоподражательные слова представляют собой словесное воспроизведение различных звуковых явлений, слышимых в окружающем нас мире. Например: сыхыр-сыхыр (скрип-скрип), шыр-шыр (шуршать), салдыр-гүлдір (трах-таратах), сыбдыр-сыбдыр (шорох), тых-тых (тух-тух, стух-стук), пыш-пыш (шу-шу), шылдыр-шылдыр (динь-динь-динь), тырс-тырс (тик-тах), у-шу (шум-гам), хорс-хорс (хрю-хрю), шатыр-шүтыр, сарт-сүрт, хүрк-күрк, сак-сак, тарс-түрс, шолп-шолп.

2. Бейнелеуіш создер — Образоподражательные слова

Табиғаттағы құбылыстардың сыртқы көрінісін елестетумен байланысты еліктеу создер бейнелеуіш создер деп аталады.

Слова, возникшие в результате различных зрительно-образных представлений, возникающих у человека в процессе его общественной практики. Например: мац-мац, жылт-жылт, (миг-миг), дір-дір (дрожь), селк-селк (дерг-дерг), бүрсең-бүрсең (трусь-трусь), жалп, алшаң, митің-митің, ербең-ербең, кілт, жалт.

Ол асықпай талтаң-талтаң етіп хеледі.— Он идет, не спеша, качаясь из стороны в сторону. Оның екі иығы селк-селк етті. Плечи его дерг-дерг. Хлыстан от жылт-жылт етті. Вдали огонь миг-миг. Ботакоз жүрісін кілт доғарып, жалт қарады.— Ботакоз вдруг сразу остановилась и моментально оглянулась.

1-жаттығу. Оқып шығып, дыбысты к. еліктеуіш создерді бір белек, бейнелеуіш создерді бір бөлек көшіріп жазыңдар.

I. Ж ел күшейе бастады. Бір кезде сатыр-күтір сынған бұтақтардың дауысы естілді. Бакшадағы ағаштар суылдап, азан-казан болды. Бір кезде аспан жарқ етті де, қараңғылық қайта басты. Шарт ете түсіп, бүкіл аспан құлағандай болды. (Л. Н. Толстой.).

II. 1. Ол шаршайтын да, сескенетін де емес, бүгжен-бүгжен басады. (Ғ. Мүст.). 2. Карта сатхын харх етті. Қаршыға келіп шап етті. Ителгі жарх етті. Қырғи сап етті. Тоқылдақ тоқ етті. Ағаш біткен солқ етті. (Т. Дәурен.). 3. Жұмыр білехтердің түйін-түйін бұлшық еттері бұлт-бұлт ойнайды. (Ғ. Сл.). 4. Қар твгы түсті. Үстасан, жеп-жеңіл күмісше жалт-жұлт етеді. (С. Сарғ.). 5. Баяғы жартас — бір жартас. Қаңқ етер, түкті байкамас. (А.). 6. Аттар борт-борт желеді. (С. М.).

2-жаттығу. Оқып шығып, еліктеу создерді тауып, оларды мағынасына, түлғасына ажырат.

1. Сырт-сырт етіп соғады,
Кеудесінде жүрегі.

Өзі тілсіз,— сөйлейді,
Өзі жансыз, жүреді.

2. Лезде сол ауыл бүйі тигендей у-шу болып, үрпийсіп апалаң-топалаң болды да халды. (С. С). 3. Зу-зу ұшқан октар кей-кейде жуан теректің аша бұтағына тиіп үзіп түседі. 4. Әсет велосипедпен Есілге келді. Кенет күрс етіп атылған мылтық даусы оны селт еткізді. Анау арғы жағадағы қалың өскен көк шөптің арасынан бұрт еткен мылтық түтіні көрінді. Бір топ үйрек дүр көтеріліп ұшып келеді. ("Балдырған" журналынан.)

3-жаттығу. Текст) оқып шығып, еліктеу создерді табыңдар, олардың мағынасына қарай қай түріне жататынын салыстырыңдар.

АЛТЫН КИІК

Қарамерген бір күні ан аулауға аттанды. Темір кара көк атын оқта-текте шірене тебініп қойып, желе-жортып келе жатыр еді, ит тұмсығы өтпейтін қалың орманнан бір алтын киік орғып шыға келді. Бұйралана біткен алтын түгі күн нұрымен әсем құлпырып, мүйізі жалт-жұлт етеді.

Қарамергенді керегенде киік қатты састы. Қазықтай тік біткен қос құлағын қайшылап, ботанын көзінде мөлдіреген кара көздері жаудырап, таяқ тастам жерге тұра қалды. Мергенге окшырая бір қарады да, жалт бұрылып орманға қарай зыта жөнелді. (С. Омаров.).

4-жаттығу. Темендегі жұмбақтардың шешуін естерінде сақтандар- Ол жұмбақтарды дептерлеріне көшіріп жазыңдар да жұмбақ текстеріндегі еліктеу создерді тауып, астын сызыңдар.

1. Екі езуі құлағына жетеді,
Тамақ жесе ызын-ызын етеді.
2. Жүріп кетсе жүйрік бір,
Лып-лып етіп ойнаған.
Кереметі
Құйрық бір
Құтаймай-ақ қойды оған.
3. Сырт еткіздім түймені,
Жалт еткіздім бөлмені,
Шоқтан қолым күймеді.
4. Екі жеңдей құлағы
Елен қағып тұрады.
5. Қақпақты тарс-тарс жабады,
Терезені қағады.
Үлдейді ысқырып,
Қорқытады баланы.

6. Ұлп-ұлп етіп құлағы,
Суды кешіп тұрады.
7. Жылт-жылт еткен,
Жырадан өткен.
Жалт-жалт етеді,
Жалмай-жалмай жұтады.
9. Жылт-жылт етеді,
жүгіріп өтеді.

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОГОВОРИМ ПО-КАЗАХСКИ

САҒАТ ШЕБЕРХАНАСЫНДА — В ЧАСОВОЙ
МАСТЕРСКОЙ

- Сіз менің сағатымды жөндеп берер ме екенсіз?
— Можете ли вы починить мои часы?
— Менің сағатым қалып қалады.— Мои часы отстают.
— Қарап беріңізші, сағатымның несі бұзылды екен?
— Посмотрите, пожалуйста, что испортилось в моих часах?
— Сағатыңыз қанша қалып қалады?
— На сколько отстают ваши часы?
— Менің сағатым тәулігіне бес минут қалып қалады.
— Мои часы отстают на 5 минут.
— Сағатты тазалау керек.
— Часы нужно почистить.
— Сағатты тазарту қанша тұрады?— Сколько стоит чистка часов?
— Сағатты тазалау екі тенге тұрады.
— Чистка часов стоит две тенге.
— Сағат қашан дайын болады?
— Когда часы будут готовы?
— Үш күннен кейін келіңіз.— Подойдите через три дня.

Прочитайте и переведите.

АТАҚТЫ ӘНШІ — ЗНАМЕНИТЫЙ ПЕВЕЦ

Сапарғали Бегалин

"Семей қаласы, Шығыс көшесі № 78 кварталда тұратын казак әншісі Әміре Қашаубаевтың Париж қаласындағы жер жүзілік көрменің этнографиялық концертіне қатысуға ризалығы бар ма? Осыны тез арада анықтап, хабарын беруді сұраймыз",— деген РСФСР Оқу Халық Комиссары Луначарскийдің телеграмма- Семейдін губерниялық оқу бөліміне келген сон, ол — Әміренің Мәскеуге баруын ұйымдастырды.

Совет Одағының барлық елдерінек жиналған әнші, биші, сыбызғышы, күйшілері 1925 жылы 22 маусымда Мәскеуде үлкен театрдың Бетховен залында концерт берді. Осы кеште және 24 маусымда Кіші театрда болған концертте Әміре ерекше әншілік енер көрсетті. Башқұрт сыбызғышы Жұмабай Есенбаевпен, өзбек әншісі әрі бишісі Тамара хануммен, тағы басқалармен жарысқа түсіп, Әміре КСРО-ның тандаулы өнерпаздарының бірі болып Парижға барды.

"Ағаш аяқ", "Сырғакты", "Смет", "Қызыл бидай" әндерін Әміре 20 шілдеде Париж қаласындағы КСРО павильонында айтқанда тыңдаушылар аузын ашып, көзін жұмды. Бұдан кейін Париж театрларында берілген II концертке Әміре түгел қатысты.

СӨЗДІК

а такты — известный, знаменитый	әнші — певец
анықтау — выяснить	ризалық — согласие
түгел — полностью	қала — город
күйші — мелодист	биші — танцор, плясун
ерекше — особенный, особый	сыбызғы — свирель, дудка
енер — искусство, ремесло	сыбызғышы — играющий на свирели'
жарыс — соревнование, состязание	

ЗАНЯТИЕ 48

Көмекші сөздер Служебные слова

Өз алдына толық мағынасы болмай, сөз бен сөзді, сойлем мен сөйлемді байланыстыратын немесе сөзге қосымша мағына устеу үшін жұмсалатын сөздердің тобы көмекші сөздер деп аталады,

Көмекші сөздер называется служебная часть речи, которая выражает грамматическую связь и определенные смысловые отношения между отдельными членами простого и частями сложного предложений, а также между самостоятельными предложениями связного текста. В обоих языках служебные слова самостоятельного лексического значения не имеют, не являются самостоятельными членами предложения. Их функция в речи — синтаксическая.

По характеру выражаемых отношений и грамматической роли среди служебных слов выделяются в казахском языке три грамматических типа: 1) Септеуліктер — Послелогии, 2) Жалғаулықтар — союзы, 3) Демеуліктер — частицы.

1. Септеуліктер — Послелогии

Өзінің алдындағы сөздердің белгілі бір септікте тұруын қажет етіп, оларға қосымша мезгілдік, мекендік, себептік,

мақсаттық, мағыналар устейді немесе ол мағыналарды оәлелдей түседі

В казахском языке, как и в других тюркских языках, имеются неизменяемые слова, которые выражают отношения между предметами и управляют каким-либо падежом именных частей речи.

Полеслог всегда стоит после управляемого слова и этим отличается от предлога русского языка. Если по-русски надо сказать ради учебы, то по-казахски это выглядело бы как учебы ради, (оку — учеба, үшін — ради).

В казахском языке в эту группу входят следующие: дейін (шейін), кейін, сон, карай, карсы, таман, туралы, жөнГде, жаилы, сиякты, секілді, тәрізді, қабат, қатар, үшін, сайын.

Полеслоги — сайын (по мере того, что ...), үшін (ради, для) употребляются с неопределенным падежом, обозначая цель и причину. Үшін сочетается с существительным (білім үшін — для учебы, ради учебы; жолдас үшін — для товарища), с местоимениями (сен үшін — для тебя, ради тебя, не үшін — ради чего, для чего), с глаголами (келу үшін — чтобы пришел, чтобы приехал, ради прихода, ради приезда).

Полеслог үшін выражает причину и цель с основным падежом причастной формы на -ган или неопределенной формой глагола на -У. Например: Сабақтан қалғаны үшін Темір класс жетекшісінен ескерту алды. Турнирге қатысу үшін шахматты жақсы ойнау керек.

Послелог — сиякты, секілді, сымақ выражают сравнения

бұлт сиякты — как облако,
бұлт секілді — как облако,
ат сымақ — конеподобный.

Послелог ас (перевалить), ет (перейти), аркылы (через), бойынша (согласно, по), бойла (вдоль), себепті (по причине) выражают в основном пространственное или причинное значение и употребляются большей частью с неопределенным падежом: Молшерден асты. Перевалило через границу, предел; Кетрден өтті.— Он перебрался через мост; Мәскеуге Сарытау аркылы барарды.— В Москву едут через Саратов; Сәуленің айтуы бойынша. — По утверждению Сауле; Өзен бойлап.— Вдоль реки; Не себепті.— По какой причине.

Полеслоги шейін, дейін (до), карай, Караганда (смотря, к, по), таман (поближе), карсы (против), употребляются с дательно-направительным падежом.⁴

до завтра; күзге карай ~ к осени, смотря по осени; үйге таман — ближе (поближе) к дому; кунге карсы — против

солнца; баска, озге (кроме), көр-гөрі (чем), бері (сюда), әрі (дальше), кейін, сон (после), ілгері (дальше) управляют исходным падежом: будан баска — кроме этого, одан көрі — чем-то. Оқудан кейін — (сон)— после учебы, сабақтан ілгері — перед уроком; Аяғөз қаласы Талдықорганнан әрі, Семейден бері (город Аягуз находится дальше Талдықоргана, но сюда (в нашу сторону) от Семипалатинска).

II. Жалғаулықтар — Союзы.

Жалғаулықтар өз бен сөзді немесе сөйлем мен сөйлемді байлан ыстырады.

Союзы связывают однородные члены предложения или части сложносочиненного предложения. При этом они выражают отношения синтаксического равноправия, указывая на синтаксическое равноправие связываемых частей, могут выражать различные смысловые отношения между ними. По типу этих отношений в казахском языке выделяется шесть групп:

1. Ынғайластық, жалғаулықтар — Соединительные союзы

В казахском языке к соединительным союзам относятся: мен (бен, пен, менен, бенен, пенен), да (де, та, те), және, әрі.

Союз және обозначает соединение. Он связывает между собой любые однородные члены, соединяет придаточные предложения.

Союз мен, бен, пен употребляется для соединения только однородных членов. При этом он соединяет те члены предложения, которые выражены существительными или субстантивированными словами. Например: Ащы мен тушыны татқан білер, алы пен жақынды жортқан білер. (Мақал.).

Из соединительных союзов наиболее широко употреблены также союзы да (де, та), те, которые выражают различную степень отношения между однородными членами сложносочиненного предложения. Союз да повторяется при перечислении действий. При повторении союз да передает мгновенность следования одного действия за другим.

Кроме того, союз да при соединении, предложений с однородными членами имеет усилительно-перечислительное значение.

Союз да иногда повторяется один раз, когда соединяет однородные сказуемые, однородные прилагательные. Например: Сайра да зарла — пой и плачь;

Сен оқуда да, енбек етуге де, қартайганда құрметті азамат болып мемлекет есебіне қосуде де құхылысын (М. Иманжанов). Ты имеешь право и учиться, и работать, а в старости получать пенсию.

2. Қарсылықты жалғаулықтар — Противительные союзы

В казахском языке в эту группу входят союзы: алайда, әйтпесе, әйтпегенде, әйткенмен, бірақ, дегенмен (однако), сонда да, бірақ та, (но), әйтсе де, сүйтсе де.

Самым типичным противительным союзом в казахском языке является союз бірақ, выражающий решительное, резкое противопоставление. Бірақ, дегенмен противопоставляют как однородные члены, так и части сложносочиненного предложения.

Будан бұрын да ол екі костюм тікті, бірақ үйретуші шебердің қолма-қол көмегімен. (М. Иманжанов).

— До этого он сшил два костюма, но он шил их с непосредственной помощью обучающего.

Білімін мол, бірақ тәжірибен жетіспейді.

3. Талғаулықты жалғаулықтар — Разделительные союзы

К' разделительным союзам в казахском языке относятся: я, не, немесе, болмаса, біресе, әлде, не болмаса, яки. Разделительные союзы казахского языка не однородны по способу употребления, а также и по структуре. Одни из них употребляются свободно с повторением перед однородным членом или предложением (не, я, алде, біресе), другие — без повторения^ (әйтпесе, болмаса, яки). Сзуде біресе отыра калыл жазды, оіресе комбайшын макетімен шұғылданды. - (Ә. Әбішев.). Әлде сөз. әлде бағы әуепедопі и Yne^*

газделительными союзами выражаются смысловые отношения между однородными членами предложения, причем называемые этими однородными членами предметы, действия не взаимоисключают друг друга, а умещаются на одной

4. Себеп жалғаулықтар — Причинные союзы

В эту группу в казахском языке входят союзы: өйткені, себебі, неге десен. Наиболее употребительными из них являются өйткені, себебі, выражающие причинные связи между предложениями.

Например: Жаны шығып кете жаздады, өйткені оның қолына түскен ыдыс сау қайтқан емес. (Б. М.). Біраздан кейін іздегеніме қуанғаным да жоқ, себебі... көп жерде жүру мүмкін емес. (С. М.). Кеше жиналыс болмады, себебі студенттер кездесуге катысты. Үсен түнде маздатып от жақты, өйткені ол қасқырдың оттан қорқатынын жақсы біледі.

5. Салдарлық жалғаулықтар — Союзы следствия

В группу следствия в казахском языке входят: сондықтан, сол себепті, соның үшін, соның нәтижесінде.

Эти союзы присоединяют придаточные предложения следствия, которые выражают следствие, вытекающее из содержания главного предложения. Мысалы: Шеткі ат болдырса оқасы жоқ, оны жетектеп ал у га да болады, сондықтан салмақты шеткі атқа сала айда. (С. Муқанов.).

— Пусть устает крайняя лошадь, ее можно вести на поводу, поэтому крайнюю лошадь погоняй больше.

Ал мынау ағаш күтімсіз болған, сол себепті ол қисық болып ескен. (Ы. Алтынсарин.).— А это дерево росло без надзора, так что оно выросло кривым.

6. Шарттылық жалғаулықтар — Условные союзы

В казахском языке в эту группу входят союзы, егер — если, егер де — если бы, онда.

В казахском языке значение условия в основном выражается аффиксом условного наклонения глагола -са, -се или причастием в местном падеже на -ганда (-генде), (-канда) -кенде, поэтому употребление союза *егер* факультативно. Егер жау берілмесе, оны куртар болар. Если враг не сдастся, его уничтожат. (М. Горький.). Осы тәжірибесі ақталса, галым емес данышпан деу керек бұл қартты. Если опыт оправдается, то этого старика нужно назвать не просто ученым, а гением. Ол былтыр оқуға түскенде, былтыр бітірер еді. Если бы он в прошлом году поступил учиться, то в этом году окончил учебу.

III. Демеуліктер — Частицы

Демеуліктер өзі тіркескен сөзіне не күшейту, не тежеу, не сұрау мағынасын және т. б. осылар тәрізідес қосымша мағыналар үстейді.

В казахском языке к частицам относятся служебные слова, которые придают различные смысловые оттенки отдельным словам или целым предложениям или которые обозначают различные смысловые и эмоциональные оттенки.

Частицы в качестве членов предложения не употребляются, за исключением диалога.

Сіз суретші емессіз гой... Ведь вы не художница... (А. Чехов). В данных примерах усилительная частица русского

языка *ведь* соответствующая ей казахская частица *гой* придают усилительное значение всему предложению.

В казахском языке частицы в основном ставятся в конце предложения.

Олжеке, бір жерініз ауырып келе ме?
Олжеке, у вас где-то болит что ли?

В данном предложении частица *ме* придает дополнительное вопросительное значение всему предложению.

По своему значению частицы в казахском языке можно разбить на следующие группы:

1. Сұраулық демеуліктер — Вопросительные частицы

Вопросительные частицы как в русском языке, так и в казахском вместе с интонацией оформляют вопросительное предложение. В казахском языке к ним относятся частицы: *ма, ме, ба, бе, па, пе, ше, элде*.

В обоих языках вопросительные частицы могут выражать и добавочные оттенки значения, эмоциональные и побудительные. Так, вопросительная частица *а* иногда может иметь и побудительное значение, но в основном она выражает вопрос. В казахском языке ей соответствует частица *э*.

Сен не айттың, э? Что ты сказала, а?

Кроме того частиц *а* в казахском языке может соответствовать также частица *ша, ше*.

Мен ше?— А я?
Оспан ше?— А Оспан?

Частица *да*, являющаяся в основном утвердительной, выступает и как вопросительная, имея в таком употреблении вопросительную интонацию. В этом случае в казахском языке ей соответствует частица *э*. Н а п р и е р: Ол кетті ме, э? Он уехал, да?

Из вопросительных частиц в казахском языке наиболее употребительны частицы *ма, ме, ба, бе, па, пе*.

Кроме вопроса, частицы могут выражать и другие значения: сомнение, недоверие, уверенность в противоположном. Это значение выражается сочетанием слова *шынымен* с частицей *ма, ме, ба, бе, па, пе* или же сочетанием *шын ба?*

Шынымен сен оз баланды жаксы корген жоксын ба?
Неужели ты своего сына не любила?
Ол келді ме? Шын ба?— Он пришел? Неужели?

2. Күшейткіш демеуліктер — Усилительные частицы

• В казахском языке к ним относятся частицы: —*ак, әсіресе, да, де, та, те* и аффикс повелительного наклонения —*ш.*

1. Біз бүгін барамыз да. Мы поедем сегодня же.

2. Барайық тағы!

Пойдем же!

3. Жиналысқа бәрі келді, тіпті карттар да келді. *Ш* собрание пришли все, даже старики.

4. Сен отан айт, мұнда келсінші. Скажи ему, пусть он придет.

Особенно употребительна усилительная частица *-ак*. В зависимости от конкретного лексического содержания слова, к которому она относится, роль ее в усилении выразительности какого-либо значения проявляется по-разному.

Частицы *да, де, (та, те)* служат для логического подчеркивания, усиления слова, к которому они относятся.

Частица *әсіресе* относится к слову, которое она выделяет среди других.

3. Тежеу демеуліктері — Выделительно-ограничительные частицы

Выделительно-ограничительные частицы казахского языка *тек (лишь), гана: тек кана, ерекше (исключительно)* относятся к тому слову, которое они логически выделяют в предложении. Эти частицы близки к наречиям.

Менің тек бір камым бар.

У меня лишь одна забота.

Тек бір нәрсе гана жок.

Одного лишь нет.

Ерекше кызык кітап.

Исключительно интересная книга.

Ол тек кана математикамен айналысады.

Он занимается исключительно математикой.

Частица *тек* имеет строго очерченное значение ограниченности. Она может употребляться отдельно, а также вместе с частицей *цана*.

4. Қарсы к,ою, салыстыру мағынасындағы демеуліктер

В казахском языке к ним относятся частицы: *түгіл, турсын, турмақ, қурылым*. Мысалы: Қыс түгіл, жазда қатынау қиын. ("Парасат" журналы). Айлық түгіл тоқсанның да енкейіп кеткен. (Ғ. М.). Сен тұрмақ Асан да келді.

5. Көкіл күйін білдіретін демеуліктер — Эмоционально-экспрессивные частицы

) Эмоционально-экспрессивные частицы в казахском языке оттеняют эмоцию или усиливают значение высказывания. К ним относятся: -ау, -еу, калайша, неткен (как), кандай}

I 1. Калайша! Сен тағы да осындасын ба?
Как! Ты опять здесь!

) 2. Қалайша! Ол жүріп кетті ме?
Как! Он уехал?

3. Мен отан кандай тілектеспін!
Как я ему сочувствую!

4. Ол неткен сулу (коркем!)
Как она красива!

Қалкам-ай, айналайы-ай, қарағым-ау, келмеді-ау, қызық-ау өзі, жығылады-ау. Жаксы болды-ау сен келіп.

Частица -ай выражает негодование, досаду, жалость, удивление, восклицание.

Частица -ау выражает чувства радости, сожаления, иногда значение предположения.

I-жаттығу. Перепишите предложения, вместо точек впишите нужные послеслоги, үшін (для рады), сон, туралы, шейін, карай, баска, сайын.

I. Сания калам сатып алу ... магазинге барды. 2. Мен магазинге ... Саниямен бірге бдрдым. 3. Кеше сабактан ... біз клубка жиналдық. 4. Клубта жолдас Нұрқанов бізге Ұлы Отан соғысы ... лекция оқыды. 5. Лекциядан ... бізге уйге қайттық. 6. Менің жолдасым Тұрсын томен ... кетті. 7. Менің Тұрсыннан ... тағы екі жолдасым бар, олар — Сәрсен мен Ораз. 8. Тұрсын, Сәрсен, Ораз төртеуіміз күн ... мектептен бірге қайтамыз, сабакты бірге дайындаймыз.

2-жаттығу. Переведите следующие вопросы на казахский язык и напишите ответы.

1. Сколько кварталов от вашего дома до института?
2. До которого часа вы занимаетесь в институте?
3. Для кого Муса купил портфель?
4. Что ты делаешь после обеда?
5. Куда ходит Жамила каждый день?
6. Сколько человек в вашем доме, кроме тебя?
7. О чём рассказывал учитель истории на уроке?
8. Для чего нужен карандаш/
9. До которого часа открыт хлебный магазин?

3-жаттығу. Кеп нүктенін орнына теменде берілген шылаулардык лайықтысын койып жазыңдар.

1. Абай бірер шыны шай ішті..., тоқтап халды. 2. Құна-нбай ... Үзгүтты алда келеді екен. 3. — Қартайған шағында қайда шырқап барады, қайта оралып көрмейміз хеткені.

— деп есіркеп қарайсындар (М. Ә.). 4. Ол көпке ... ун ката алмай, сілейіи тұрып қапты. 5. — Әй, Мәкіш..., өлеңім менің желге кетіп жүр... 6. Осыдан он бес-жиырма күн ... Абай мен Ербол да елге ... келе жатты. 7. Үлкен үйде Үлжан, Айгыз, Ділде үшеуі ... отыр екен. (М. Ә.). 8. Оқу біткен ... үйге жеткенше асығып жүретін. (Ғ. Мүст.). 9. Еламан көпке ... жылына алмады. (Ә. Н.).

Шылаулар: -ау, -ай, гана, дейін, мен, де, шейін, карай, кейін, соң.

4-жаттығу. Жакшаны ашып, кеііріп жаз. Жакша ішіндегілер жатыс септік жалғауы болса, алдыңғы сөзге косып, шылау болса, белек жаз.

Еліміз(де) төскейден актылы қой ергізген шопан (да), дарқан дала (да), дән дариясын тасытқан дикан (да), мартен пешінен болат селін ағызған металлург (те), ак алтын-ная тау түргызған мақташы (да)— бәрінен бұрын Отанга жаксылык тілер жайсаң жүрегімен енбек етеді. Өйткені біздің қай-қайсымыз (да) ортақ іске төгілген әрбір тамаша тердің ырыс, молшылық болып елімізге қайта ораларын анық білеміз.

Мұндай абзал адамдар бүкіл Қазақстан (да), кең-байтақ еліміз (де) каншама десеңізші ("С. Қ.").

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК — ПОГОВОРИМ ПО-КАЗАХСКИ

- Сіз қай жерде тұрасыз?
- В каком доме вы живете?
- Фурманов көшесіндегі көп қабатты үйде.
- В многоэтажном доме по улице Фурманова.
- Үйініз (пәтеріңіз) жаксы ма?— У вас хороший (ая) дом (квартира)?
- Жаксы.— Хороший (ая).
- Пәтеріңізде неше болме бар?
- Сколько комнат в вашей квартире?
- Үш болме және ас уй.— Три комнаты и кухня.
- Сіздің пәтеріңіз қай қабатта?
- На каком этаже ваша квартира?
- Сіз тұратын үйде лифт бар ма?— Лифт жок.
- Есть ли в вашем доме лифт?— Лифта нет.
- Үйде телефон бар ма?— Иә, бар.
- Есть ли у вас телефон?— Да, есть.

ҚОС ӨНЕРПАЗ

Ертеде ел арасына аты жайылған Қызықты Нұрғожа, Жүзікті Нұрғожа дейтін аттас екі күйші болыпты. Жастары шамалас екен. Екеуінік де күйшілігі бірінен-бірі өткен.

Халық олардың бірін жүрген жері қызық-думан болған соң, Қызықты Нұрғожа, екіншісін қолына үнемі "жүзік салып жүретін серілігіне қаран, Жүзікті Нұрғожа атандырған.

Бірде Жүзікті Нұрғожа жолда, ат үстінде күй тартып келе жатқан Қызықты Нұрғожаға кездесе кетеді. Бұлардың алғаш жүздесулері осы екен.

Жүзікті Қызықтыны жазбай тани кетеді. Одан жасы да, жолы да кішілеу көрінеді.

— Ассалаумағалейкүм!

Күйші мойнын да бұрмайды. Ләм-мим деместен күйін тарта алға оза түседі. Анау да соңынан қалмай, елти тындап үнсіз ереді. Бір-екі белді асқанда барып, күй аяқталыпты.

Сокда Қызықты Нұрғожа оқыс бұрылып:

— Уағалейкүмассалам!— деген екен.

а Өнерді қасиеттей білген екі күйші осыдан бастап айрыл-мас дос болып кетіпті.

МЫЖБАП МЕН ШЫЖБАН

мин^ашснодн .мвннангл*

Ертеде екі дос болыпты. Олардың біреуінің аты Шыжбан, екіншісі Мыжбан екен. бір күні Шыжбан:

"Баяғыда менің әкемнің атқорасы бар екен. Мына басынан айдаған жылқысы, ана басына барғанша құлындап қалады екен",— депті.

Сонда Мыжбан жайбаракат отырып:

"Ой, соны да әңгіме деп айтып отырсың ба? Баяғыда менің әкемнің ұзын құрығы болады екен. Ұзындығы сондай, ауылдың төбесіне үймелеген бұлтты сол құрығымен жан-жаққа ыдыратып қуып жібереді екен"— дейді.

Оған Шыжбан: "Сонда оны қай жерге қойған екен"— деп мысқылдай кулгенде, Мыжбан:

"Қай жеріне қойғаны қалай. Сенің әкенің қорасына қоймай ма!.."— деп кейіп жауап беріпті.

ЗАНЯТИЕ 49

Одағай — Междометие

Одағайлар адамның алуан түрлі көңрі күйін, сезімін білдіретін және жан-жануарларға қаратылып айтылатын сөздер.

Одағай сөздер шаттану, ренжу, таңырқау, унату, шошынту тәрізді көңіл күйін білдіреді, бірақ олардың аты (атауы) болып саналмайды.

Междометиями называются неизменяемые слова, служащие для передачи различного рода чувств, эмоций, переживаний, слова — сигналы, побуждающие к действию, а также слова, выражающие общепринятые условности бытовых отношений.

За междометными словами, выражающими чувство и волю, в какой-то степени закреплено определенное смысловое содержание.

1. Қап үйдін іші суып кетіпті!

Ай-ай, как изба застудилась (*Н. Некрасов*).

2. Пап-пап! Неткен дауыс!

Ай! Ай! Ай! Какой голосок! (*Н. Гоголь*).

3. Ойбай! ауырып кетті гой,— деп айқайлады ара шаккан кісі.

Ой! Больно,— вскрикнул человек, ужаленный пчелой.

В первом и во втором примерах слова ай, ай, ай! (кап, пап-пап), выражают чувство сожаления и восхищения, не называя и не расцеляя их. Это междометия, служащие средством намеренной передачи человеческих эмоций. В третьем примере слова *ой! ойбай!* выражают неожиданную боль и близки к невольным восклицаниям, произвольным выкрикам. Подобные выкрики вырываются у человека помимо его воли, независимо от того, есть при этом слушатель или нет.

Поэтому необходимо ограничивать эмоциональные междометия от рефлекторных выкриков (реакция на боль, испуг, неожиданность).

Классификация междометий

Одағай по своему значению могут выделяться в следующие группы:

1. Эмоциональные междометия. Көңіл-күй одағайлары.

2. Императивные (или волевые) междометия.

Ишарат не жекіру одағайлары.

3. Междометия, связанные с формами вежливости.

Тұрмыс-салт одағайлары.

1. Көңіл-күй одағайлары — Эмоциональные междометия

Адамның әр түрлі сезімдерін, көңіл-күйін білдіреді. Одағайлардың бұл тобы сан жағынан мол, **семантикалық** құбылу жағынан әр қилы, мағынаға да өте бай топ.

По своему значению и употреблению эмоциональные междометия могут выражать или лишь отрицательные эмоции, или положительные, но есть и такие, которые в зависимости от контекста могут выражать и отрицательные и положительные эмоции.

1. Междометия, выражающие положительные эмоции.

Жағымды көңіл-күйді білдіретін одағайлар.

(удовлетворение, восхищение, радость, веселье, восторг, одобрение и т. д.), в казахском языке: алақай! бәрекелді! бәлі! В русском ура! браво! ох! ба!

Бәрекелді! Өленді жақсы айтады екенсіз!

Браво, хорошо поешь!

Алақай! Біз каникулға шықтық.

Ура! Мы вышли на каникулы.

Бәлі! Ескі дос, біз ертеден таныспыз гой!

Ба! Друг старый, мы давно знакомы!

Бәлі! Бәлі!— деп ду ете халды Мұқан мен Габдол.

Браво! Браво!— закричали Мұқан и Габдул.

Жағымсыз көңіл-күйді білдіретін одағайлар.

1. Междометия, выражающие отрицательные чувства (тоску, печаль, горе, сожаление, досаду, отвращение, усталость, брезгливость, недовольство) в казахском языке. Әттең! әттеген-ай! қап!

(сожаление). Тьфу! Ищай! аһа отвращение, аһа злорадство, пішту (брезгливость), уф! уһ! (усталость), ой-һай (сокрушение), бай-бай (сожаление).

Әттең! Неше түрлі ермек үшін өмірімді босқа өткіздім!

Увы! На разные забавы я много жизни погубил! (А. Пушкин).

Әрі жағымды, әрі жағымсыз эмоцияны білдіретін одағайлар.

3. Междометия и их сочинения, выражающие как положительные, так и отрицательные эмоции, в казахском языке: О (боль, восхищение, жалость, сочувствие), алла (неудовлетворение, ласка, жалость, сочувствие, боль), пәлі! (удивление, удовлетворение, восхищение), ту! (восхищение, недовольство), пай! (восхищение, осуждение), шіркін! (восхищение, ирония), ойбай! (страх, удивление, недовольство, боль), ойпырмай! (восхищение, страх), в русском о! а! господи! Ну и ну! Ой! Ай! Ай да ну! Ой ли! То то! Вот те на! Вот тебе раз! Вот эта да! Ишь ты! Вот так штука!

Ойбай, ауырып кетті гой! Ах, больно мне!
Ойбай, жүйріх екен! Ах, как он резв!
Ойпырмай, күннің жақсысын- Ох, как сегодня чудесно!
ай!
Ойпырмай, не болар екен! Ох, что теперь будет!

II. Жекіру не ишарат одағайлары — Императивные (или волевые) междометия

В данную группу междометий в русском и в казахском языках входят междометные слова зова, обращения, приказа, побуждения, запрета.

В зависимости от того, к кому обращается с речью говорящий, императивные междометия подразделяются на две большие группы: обращения к людям и слова воздействия на животных.

а) Адамға бағытталып айтылатын одағайлар.

Обращение к людям. В эту группу междометий входят слова, выражающие окрик, зов, обращение без называния имени, условный сигнал к началу или прекращению действия. Например: в казахском языке: ей! эйдә! тәйт! тек! жә! сап-сап! ал! кәне! әуп! мә! әлди-әлди! i-сс!

В русском э! о-го! ай! алло! караул! агу! ну! стоп! марш, чш! цсс! но-но! полно! брось! довольно! ура! вот! проч* £УЦ! айда! цоп! ух! чу!

Естіп тұрсын ба мені, эй, Степан!

— Слышь ты эй, Стёпан! (А. Толстой).

— Эй кыз!— деді анау.

Казахские междометия тек! так! жә! выражают призыв поекратить то или иное действие и соответствуют русским междометиям полно!, довольно! брось! но-но! ну-ну!

б) Малға бағытталып айтылатын одағайлар.

Слова воздействия на животных. К данной группе принадлежат междометные слова — обращения к животным, означающие понукание, зов, отпугивание, брань.

Лошадей и жеребят — моһ-моһ, кос-кос. Междометия выражающие отгон, на водопой лошадей, -ойт-ойт, ай-ай, кур-кур, -кын-кын, моп-моп, овец шәуім-шәуім, кураи-курай, верблюдов — соррап, соррап.

К междометиям, выражающим воздействие на животных, относятся и бранные слова и сочетание слов.

Например: по-казахски лошадей бранят: жамандатқыр талау тигір, коров и волов — аусыл болғыр! карасан келпр!

кара түйнек келгір! овец — топалан титір! кебенек келгір! верблюдов — жайрағыр! қапта келгір!

Бранные выражения казахского языка: бар болғыр! жет-пегір! жайрағыр! эй, шайтан! эй, онбаганай!

Бранные выражения русского языка: черт возьми! черт вас дери! дьявол! ведьма! ни дна тебе, ни покрывки! чтоб тебе было пусто.

Как видно из примеров, значение междометий в казахском языке очень редко связывается с логическим содержанием слов. Например: кә-кә (кел), шок-шок (шәгу), мыш-мыш (мысык), куш-куш (күшік).

III. Тұрмыс-салт одағайлары - Междометия, связанные с формами вежливости

К междометиям в казахском языке относятся слова и словосочетания, связанные с формами вежливости, которыми обмениваются люди между собой, выражая благодарность, вежливость. Отнесение этих слов к междометиям условно, так как в какой то мере они сохраняют свое лексическое значение. В казахском языке это, например, следующие слова и словосочетания: Хош! Кайыр хош! Ракмет! Кеш жары к! Ассап"" ""лейкум!

В русском: До свидания! Здравствуйте! Добрый вечер! Спасибо! Извините! Доброе утро! Прощайте! Будьте здоровы!

В разговорном языке слово здравствуй может иметь значение удивления, недоумения, досады, упрека, насмешки.

Например: Здравствуйте, я ваша тетя! (насмешка). Здравствуйте, чего захотел! {упрек}. Здравствуйте, мы вас ждали! (пренебрежение).

— Ракмет, Сергей Петрович, ракмет! (Ғ. Мүсірепов.)

— Ассалаумагалекум, Абай ага!— Уагалекумассалям! (М. Әуезов.)

— Здравствуйте, Абай ага!

— Здравствуйте!

— Кеш жарык!— деді Щербаков.

— Добрый вечер!— сказал Щербаков входя.

1-жаттығу. Оқып шығып, одағай сөздерді табындар. Олардың қамлай мағынада айтылып тұрғанын түсіндіріңдер.

1. Генералдын келе жатқанын кердім де: "Апыр-ау, буган не деп рапорт берсем екен?"— деп ойланып қалдым. (М. Ғ.).
